III ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ФОРУМЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдығына арналған
«ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының
ЖИНАҒЫ

III МЕЖДУНАРОДНЫЙ ФАРАБИ ФОРУМ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
Международной научно-практической конференции
«АЛЬ-ФАРАБИ И ДУХОВНОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХСКОГО НАРОДА»,
посвященной 90-летию КазНУ им. аль-Фараби

Алматы, 4-5 апреля 2024 года

III INTERNATIONAL FARABI FORUM

THE COLLECTION OF MATERIALS
of the International Scientific and Practical Conference
«AL-FARABI AND THE SPIRITUAL HERITAGE OF THE KAZAKH PEOPLE»
dedicated to the 90th anniversary of Al-Farabi Kazakh National University

Almaty, April 4-5, 2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

III ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ФОРУМЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдығына арналған
«ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының
ЖИНАҒЫ

Алматы, 4-5 сәуір 2024 жыл

III МЕЖДУНАРОДНЫЙ ФАРАБИ ФОРУМ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
Международной научно-практической конференции
«АЛЬ-ФАРАБИ И ДУХОВНОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХСКОГО НАРОДА»,
посвященной 90-летию КазНУ им. аль-Фараби

Алматы, 4-5 апреля 2024 года

III INTERNATIONAL FARABI FORUM

THE COLLECTION OF MATERIALS
of the International Scientific and Practical Conference
«AL-FARABI AND THE SPIRITUAL HERITAGE OF THE KAZAKH PEOPLE»
dedicated to the 90th anniversary of Al-Farabi Kazakh National University

Almaty, April 4-5, 2024

Алматы, 2024

ӘОЖ 1/14(574)
КБЖ 87(5Қаз)
Ә 49

Жалпы редакциясын басқарған:
Ж.Қ. Түймебаев

Редакция алқасы:
Б.Б. Мейрбаев, А.Д. Құрманалиева, М.Р. Балтымова, Д.Т. Дүйсенбі, А.Н. Шанбаева

Бұл жинақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің AP19676515 «Әл-Фараби мен түркі ғұламаларының мұрасындағы ізгі адам: компаративистік дискурс», AP19675827 «Әбу Насыр әл-Фараби іліміндегі тіл философиясы мен философия тілі» гранттық жобалары аясында дайындалды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдығына арналған «Әл-Фараби және қазақ халқының рухани мұрасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. – Алматы, 2024. – 288 бет.

ISBN 978-601-04-6803-0

Жинаққа «Әл-Фараби және қазақ халқының рухани мұрасы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында көтерілген фарабитанудың өзекті мәселелері, Әбу Насыр әл-Фараби мұрасындағы қазақ өркениеті, тіл философиясы мен философия тілі, ойшылдың математикалық, жаратылыстанулық және педагогикалық туындылары, түрік ғұламаларының мұрасындағы «кемел адам» тақырыбына арналған баяндамалар енгізілген.

Жинақ ғалымдарға, зерттеушілерге, оқытушыларға, докторанттарға, магистранттарға, студенттерге арналған.

ӘОЖ 1/14(574)
КБЖ 87(5Қаз)

ISBN 978-601-04-6803-0

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2024

АЛҒЫ СӨЗ

Мейрбаев Бекжан Берикбайұлы
философия ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
философия және саясаттану факультетінің деканы

Қадірлі қонақтар, Форумға қатысушылар!

Әбу Насыр Әл-Фараби – ұлы ойшыл ғана емес, ол – адамзаттың рухани өрлеуіне ықпал еткен деңгейдегі ғұлама ғалым. Ел ғалымдарының іргелі зерттеулері мен ізденіс жұмыстарының арқасында Әбунасыр әл-Фараби есімі мәдени символымызға, ойшыл мұрасы түркі мәдениеті мен руханиятынан бастау алатын қазақ мәдениетінің қайнары ретінде ұлттық мақтанышымызға айналды.

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан Ақжан Машани, Ағын Қасымжанов, Мұқаш Бурабаев, Әнуар Әлімжанов, Музаффар Хайруллаев, Ауданбек Көбесов, Артур Сагадеев, Құбығұл Жарықбаев, Тұран топырағының перзенті, Екінші мұғалім Әбунасыр әл-Фарабидің мирасы мен мұрасын зерттеп-зерделеу, насихаттау ісіне ұшан-теңіз үлес қосты.

Ғалымдардың ұйытқы болуымен өткен халықаралық деңгейдегі симпозиумдар, конгрестер, форумдар, конференциялар осының айғағы. Олардың ғылыми зерттеулері мен ізденістері, атқарған жұмыстары әл-Фараби есімінің қоғамдық санада берік орнығуына да мол септігін тигізді. Еліміздің қалалары мен елді-мекендеріндегі әл-Фараби есімімен аталатын даңғылдар мен көшелер, Астанадағы «Отырар кітапханасы», Алматы, Шымкент шаһарларындағы «Әл-Фараби кітапханалары», Түркістандағы «Фараб кітапханасы», еліміздің түкпір-түкпіріндегі әл-Фараби есімімен аталатын мектеп-гимназиялар, лицейлер, ірі мегаполистеріміздегі, бас ордамыздағы әл-Фараби ескерткіштері, тұңғыш төл теңгеміздегі Әбу Насыр әл-Фарабидің бейнесі, 2015 жылы еліміздің ғылым мен техника саласындағы ең жоғарғы Мемлекеттік сыйлығының «Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығы» болып бекітілуі осының жарқын мысалы бола алады.

Сан алуан ғылым саласын меңгеріп, көптеген еңбектер жазған Ұлы Ойшыл мұрасының игілігін бүгінге дейін Батыс, Шығыс елдері тең көріп келді. Ғұлама ілімін бағдар етіп алған елдердің дамуға бет алып, әлемнің көшбасшыларына айналып отырғаны шындық. Ойшылдың философия, логика, музыка теориясы, математика, медицина саласына арналған еңбектерінің сол кездерде-ақ көптеген тілдерге жаппай тәржімалануы бүгінде өзінің өнімін еселеп беріп жатыр. Әл-Фараби – әлем өркениеттің қанатын кеңінен жайып, көркеюіне ықпал еткен интеллектуал ой тарихындағы басты фигуралардың бірі әрі бірегейі. Мәдениеттер мен өркениеттердің өзара араласуы мен сұхбаттастығын өрбітуге негіз қалаған ойшыл мұрасы бүгін де аса өзекті, келешекте де маңызын жоймасы анық. Ал сұхбаттастық стратегиясының қазіргідей алмағайып заманда да әлемдегі де, еліміздегі де ынтымақтастық пен өзара түсіністікті нығайтудағы бірден-бір анық жол екені айқын.

Шығыс пен Батысты, жүрек пен ақылды үйлестіре білген Фараби түркі-ислам әлемінің ғана емес, күллі әлемде ғылымның дамуына ірі бетбұрыс жасаған пассионар тұлға. Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» туралы трактаты ізгілік феноменін қалыптастыруға бағытталған. Жасампаздықты, әділеттілікті, теңдікті ту еткен Жаңа Қазақстанның құндылықтары гуманизмге негізделген ізгі идеяларымен адамзат қоғамының үйлесімді дамуын мұрат тұтқан әл-Фарабидей тарихи ойшылдарының ілімідерінен қуат алады, сабақтастықты жаңашылдықпен ұштастырады.

Биылғы Халықаралық Фараби Форумы және оның материалдарының жинағы ұлы бабамыздың мұраларының ішкі мазмұнын тереңірек түсінуге ықпалдасатын және оны жаңа деңгейге көтеретін ауқымды жұмыс деуге болады. Фараби сияқты ұлы тұлғамыздың мұрасы достыққа, бекем бауырластыққа, өзара түсіністікке үндейтін алтын көпір деуге негіз бар. Биылғы Форумның беташар конференциясының «әл-Фараби және қазақ халқының рухани

мұрасы» деп аталуының, сондай-ақ Форум аясында Түрік халықтары Философия қоғамы Қазақ комитетінің алғашқы мәжілісінің өтуінің, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультетінің бір топ ғалымдарының бастамасымен жарық көрген көптомдық «Түрік философиясының антологиясының» 1-4 томдарының тұсаукесерінің өткенінің символдық мәні бар деп есептеймін. Сіздерге адамзат қоғамының ғылыми және танымдық әлеуетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқандарыңыз үшін алғыс білдіремін. Алдағы уақыттағы ғылым мен қоғам игілігі жолындағы қызметтеріңіз табысты бола берсін!

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

Курманалиева Айнура Дурбелиновна
философия ғылымдарының докторы, профессор
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ., Қазақстан

ӘЛ-ФАРАБИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БАЙ МҰРАСЫНЫҢ РУХАНИ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Аңдатпа. Бұл мақалада әл-Фараби шығармашылығы қазақ халқының бай мұрасының рухани негіздері ретінде қарастырылады.
Түйін сөздер: Әл-Фараби, дәстүр, қазақ халқының мұрасы.
Аннотация. В этой статье рассматривается творчество аль-Фараби как источник духовного наследия казахского народа.
Ключевое слово: Аль-Фараби, традиции, наследие казахского народа.
Annotation. This article examines the work of al-Farabi as a source of the spiritual heritage of the Kazakh people.
Keyword: Al-Farabi, traditions, heritage of the Kazakh people.

Соңғы жылдары Қазақстанда қоғамды топтастыру және елдің тарихи мұрасы мен мәдени әлеуеті негізінде ұлттық бірегейлікті нығайту қажеттілігі төңірегіндегі пікірталастар күшейе түсті. Қазақ халқының ежелден келе жатқан бай рухани мұрасы бар. Рухани бай мұрасының бірі ретінде қазақ даласының ұлы ғалымы, Шығыс Аристотелі атанған Әбу Насыр әл-Фараби шығармашылығын алға келтіре отырып, қазақ халқының рухани негізі ретінде қарастырамыз. Осы орайда қазақ халқының мұрасын зерттеудің қандай өзектілігі туындап отырғанын айта кеткен жөн: 1) Тарихи маңызы: қазақ тілі – тілі, діні, дәстүрі, өнері және т.б. көптеген аспектілерді қамтитын бай тарихы мен мәдени мұрасы бар Еуразияның ең көне халықтарының бірі. Бұл мұраны зерттеу бұл халықтың өткені мен бүгінін түсінуге көмектеседі; 2) Мәдени маңызы: әлемнің мәдени мозаикасы халықтардың мәдениетін сақтау және зерттеу арқылы байытылады. Қазақ мұрасы осы алуан түрлілікке өзіндік бірегей үлес қосуда. Қазақ мәдениетін зерттеу ғалымдарға, студенттерге және жалпы қоғамға бірегей зерттеу және білім беру мүмкіндіктерін береді; 3) Экономикалық маңызы: Қазақстан тек табиғи ресурстарға ғана емес, мәдени мұраға да бай. Елдің мәдениеті мен тарихын зерделеуге бағытталған туризмді дамыту қосымша табыс көзіне айналып, экономиканың дамуына септігін тигізуі мүмкін; 4) Жаһандық маңызы: барған сайын жаһандық әлемде әртүрлі халықтардың мәдениеттері мен дәстүрлерін түсіну тиімді қарым-қатынас пен ынтымақтастықтың кілті болып табылады.

Әл-Фараби шығармашылығын қазақ халқының рухани мұрасының бастауы ретінде қарастыруға болады. IX-X ғасырларда көрнекті ойшыл әл-Фараби Орта Азия халықтарының, соның ішінде қазақ халқының мәдениеті мен ой-өрісін дамытуға зор ықпал етті. Оның мұрасы философия мен ғылымнан музыка мен лингвистикаға дейінгі білімнің әртүрлі салаларын қамтиды. Ол тек философ қана емес, сонымен бірге ежелгі философия мен ғылымның білімін араб және ислам әлеміне жеткізуде шешуші рөл атқарған белсенді ағартушы болды. Шығармашылығының жан-жақтылығы да назар аударарлық күйде. Әл-Фараби логика, метафизика, этика және саяси философия салаларына елеулі үлес қосқан ұлы философ болды. Оның еңбектері ислам философиясының дамуына негіз болды және одан кейінгі философиялық ағымдарға әсер етті. Әл-Фараби – араб ислам әдебиетінің дамуына зор үлес қосқан белсенді аудармашы және лингвист. Оның грек және араб мәтіндерінің аудармалары білім мен мәдениеттің таралуына көмектесті. Сонымен қоса ол музыка саласындағы зерттеулерімен де танымал. Музыкалық гармониялар туралы түсінудің теориялық негізін жасады, бұл исламдық және әлемдік контексте музыкалық мәдениеттің дамуында маңызды рөл

атқарды. Және астрономия мен математикаға, әсіресе астрономиялық кестелер мен геометрия салаларына да үлес қосты. Әл-Фараби шығармашылығын қазақ халқының мұрасы ретінде дәріптелуі ойшылдың мұрасының зерттелу деңгейімен өлшенетіні анық. Осы орайда Фараби мұрасының зерттелу кезеңдері туралы да кеңінен айта аламыз.

Қазақстандағы әл-Фараби мұрасының зерттелу кезеңінің «Мәдени мұра» бағдарламасы аясындағы жүзеге асырылған аудармалары, соның ішінде «Қазақстанның тарихы, археологиясы, этнографиясы және мәдениеті бойынша басылымдар шығаруды жалғастыру» бағытымен Әбу Насыр әл-Фараби мен оның еңбектеріне қатысты он томдық шығармалар жинағы жарыққа шықты. Бұл трактаттар орыс тілінен қазақ тіліне аударылды, аудармасын Т. Ғабитов, ғылыми редакциясын Ә. Нысанбаев жасады. Ойшылдың бұрын-соңды аударылмаған, ғылыми айналымға түспеген еңбектері зерттеліп, тұжырымдалды.

Ә. Дербісәлі бастаған зерттеушілер тобы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы аясында Марокко, Испания мен Түркиядан ортағасырлық қолжазбалар қорын әкелді. Түркия кітапханаларының өзінен әл-Фарабиге тиесілі саны 80-ке жуық қолжазба алынды. Бұл ғылыми іссапар нәтижесінде Испаниядағы Эскориал кітапханасында Әбу Насыр әл-Фарабидің бұзау терісіне жазылған жазбалары да анықталды. ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты «Халық тарих толқынында» ғылыми зерттеулер бағдарламасы шеңберінде үш ғылыми-зерттеу жобасын жүзеге асырды, олардың бәрі де әл-Фарабиге тікелей қатысты болды. «Қазақтардың рухани әлемі: әл-Фарабиден Абайға дейін» (2014-2016) жобасының нәтижесінде көлемді бірнеше ғылыми-зерттеу жұмыстары (монография) жарыққа шықты.

Әл-Фарабидің тіл философиясы мен философиясының тілі бағытында 2023 жылғы «Білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету» бағдарламасының аясындағы «Әбу Насыр әл-Фараби еңбектерін аудару мен басып шығару» жобасы бойынша Түркия Республикасының 70 мыңнан артық қолжазбасы бар Сүлеймания кітапханасынан «Екінші ұстаздың» «әл-Уахид уал-Уахда» (Бір және бірлік), «Фусус-ул-Хикам» трактаттарының көшірмелері әкелінді. Нәтижесінде бұл бағдарлама аясында үш трактат түпнұсқа (араб) тілінен аударылды, оның «әл-Уахид уал-Уахда» және «әл-Мауъиза» қазақ және орыс тілдеріне, ал «Фусус-ул-Хикам» тек қазақ тіліне аударылды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аясында құрылған «әл-Фараби» орталығы аясында Ж.А. Алтаевтың редакциясымен бірнеше санаттық еңбектер жарық көрді.

Әл-Фараби мұрасын зерттеу жұмыстары аясында жоғарыда аталып өткендерден бөлек көптеген ғалымдар мен зерттеушілердің аудармалары, монографиялары мен әл-Фараби еңбектері аясында жазылған диссертациялар бар.

Аудармалар бойынша келесі ғалымдардың еңбектерін айтуға болады: 1) Ж. Сандыбаевтың «Бақытқа жету жайында» (2020); 2) «Ғылымдардың жіктелуі туралы» (2020); 3) «Усул Ъилм ат-Табиъа (Табиғат ғылымының негіздері)» (қазақ тіл. ауд. Ы.М. Палтөре, орыс тіл. ауд.: А.А. Мустафаева, 2022); 4) «Бақытқа жету жайында (Рисала фи-с Сиаса)» араб тіл. ауд. және түсініктеме берген А. Хаван, 2020); «Фусус әл-хикам» (даналық маржандары) араб тіл. ауд. және түсініктеме берген Ж. Сандыбаев, 2020; 6) «Китаб әл-уахид уал-уахда (Бір және Бірлік)» ауд. Ы.М. Палтөре, 2020).

Монографиялар: «Әл-Фараби және заманауи Қазақстан философиясы: монография / Жақыпбек А.Ж., Абу Наср аль-Фараби «Книга букв»: монография / Таджикова К.Х., Фараби – основоположник исламской философии: монография /Ардакани, Ризо Довари, Әл-Фараби мәдениет тарихында: монография / Б.Г. Гафуров, Аристотельден кейінгі екінші ұстаз: монография / М.С. Бурабаев, Әбу Насыр әл-Фарабидің музыка ілімі: монография / М.Б. Аликбаева.

Еліміздегі фарабитанулық зерттеулер Кеңес Одағы кезінде 60-жылдардан фарабитану саласының жаңа кезеңімен басталды деп айта аламыз. А.Х. Қасымжанов бастаған ғалымдар фарабитанудың негізін қалады, аударма ісі қолға алынды. Әл-Фараби отанына оралып, оның еңбектері қазақ, орыс тілдерінде сөйлей бастады. Оны түсінікті тілде сөйлеткен аудармашылар еңбегі орасан зор.

Аударманың қиындығы, қыр-сыры, философиялық ойды жатық тілмен берудің машақаты туралы белгілі фарабитанушы, аудармашы К.Х. Таджикова өз еңбектерінде жан-жақты көрсетіп отырады. Атап айтсақ, аудармашыға қойылатын талаптар:

- араб тілін жетік меңгерген маман болу жеткіліксіз;
- әр мәтінді, әр терминді дұрыс аудару үшін философиялық еңбектерді терең білу керек;
- ортағасырлық философиялық мәтінді аудару дегеніміз қолжазбамен жұмыс істеу болып табылады.

Әл-Фараби мұрасын зерттеу тәуелсіздік жылдары жалғасын таба отырып, әсіресе жоғарыда айтылған «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында және әл-Фараби шығармаларын аудару, зерттеу бойынша жұмыстың жандануын ойшылдың 1150 жылдығы қарсаңында жасалған жұмыстар аясында жүзеге асырылғанын атап кету керек.

Қазіргі уақытта елімізде араб тілінен тікелей қазақ тіліне аударма жасай алатын жаңа буын жас ғалымдардың қалыптасып келе жатқанын мақтанышпен айта аламыз. Ол аудармашылар қатарында Жалғас Сандыбаев, Самал Төлеубаева, Ықтияр Палтөре, Айдынгүл Хаван, Анар Мұстафаеваны айта алар едік. Соңғы кездегі жасалған зерттеу жұмыстары әл-Фараби мұрасын мұсылман мәдениеті контексімен тығыз байланыстырып, ойшыл мұрасындағы дін мәселесі, дін мен философияның байланысы, ғалымның діни дүниетанымы қандай болған деген сұрақтарға жауап іздеуде жаңа бағыт деп айта алар едік. Бұл қатарда Ы. Палтөренің «Әл-Фараби трактаттарындағы теолингвистикалық дискурс («Усул ъилм ат-табиъа», «Китабул-Ахлақ» және «Китабул-Хуруф» еңбектері негізінде)» атты жобасы аясында аударылған «Табиғат ғылымының негіздері жайлы жоғары мақалалар кітабы» (Китәбу мақалаат әр-Рафииъа фии усул ъилм ат-табииъ) аудармаларын атап өтуге болады. Сондай-ақ алғаш рет қазақ тіліне аударылып, көпшілік назарына ұсынылған трактаттарды атап өту, фарабитанудағы жаңа кезеңнің, жаңа үрдістің дамып отырғанын көрсетеді деп айта аламыз. Сол еңбектердің қатарында: «Китаб әл-уахид уал-уахда (Бір және Бірлік)», «Саясат жайлы трактат (Рисала фи-с Сиаса // Әл-Мауъиза)» және «Фусус әл-Хикам» (даналық маржандары) еңбектеріне назар аударғымыз келеді. «Бір және бірлік» трактаты «Стамбул қаласындағы (Түркия) Сүлеймания кітапханасындағы Айя София бөлімінде сақтаулы «Әл-Уахид уа-л-Уахда» трактаты. Бұл трактаттың маңыздылығы және оның зерттелмегендігі туралы Д. Джанос (Damien Janos) Оксфорд ислам философиясы хрестоматиясында әл-Фарабидің «Бірлік және бірлік» трактатына арналған «On the One and Oneness: Some preliminary remarks on its structure, contents, and Theological Implications» бөлімінде жариялаған» [1]. «Әл-Мауиза» трактаты 1946 жылы негізі қаланған араб қолжазбалары институтында сақталған. Бұл трактат зерттеу объектісіне айналмағанын отандық шығыстанушы Ә. Дербісалиев өзінің «Ғұламаның Рухани жайлы трактаттары табылды» атты мақаласында [2] және А. Хаванның «Ұлыдан қалған ұлағат» немесе аударманың алғысөзінде егжей-тегжейлі атап өтеді [3]. «Фусус әл-Хикам» трактаты әлемдегі бірнеше кітапханалардың, атап айтқанда Стамбул мен Каирдегі мұрағат-кітапхана қорларында сақталған. Егер алғашқы екі трактат («Китаб әлуахид уал-уахда (Бір және Бірлік) «Саясат жайлы трактат (Рисала фи-с Сиаса // Әл-Мауъиза)» осы күнге дейін аударма мен зерттеу объектісіне айналмаса, соңғысы түпнұсқадағы 36 беттен тұратын «Фусус әл-хикам» тек ішінара орыс тіліне 6 бет көлемінде бұрын аударылғанмен [4], соңғы шыққан басылымда толық аудармасы жүзеге асырылған және зерттеушілерге мистикалық теологияға қатысты мәселелер көтерілгендігі туралы аудармашы Ж. Сандыбаевтың түсіндірмесінен білуге болады [5].

Бұл еңбектерден философиялық терминдердің орыс тілінен аударма жасалған нұсқалары мен тікелей қазақ тіліне аударылған терминдерін салыстыруға негіз бола алады және бұл әлі де жалғасын табуы тиіс зерттеу саласы деп білеміз. Осы ретте әл-Фарабидің тілді жетілдіруге қосқан үлесін зерттеу бағыты жаңа қырынан жандана түсетіні сөзсіз. Әл-Фараби философиялық терминологияны жасауда ерекше рөл атқарды, сөздерге абстрактілі, философиялық мағына беру арқылы олардың лексикалық мағынасын тарылту жолын ұстанды және философиялық терминдерді жасаудың өзіндік методологиясын ұсына алды, араб

тіліндегі философиялық терминдерді қалыптастыра алды. Әл-Фарабидің философиялық ілімі ғылыми негізділігімен, тұжырымдамасының ауқымдылығымен ерекшеленеді. Ойшылдың тілге мән беруінің өзіндік негізі бар, атап айтсақ, тіл – қоғамдағы адамдардың бірі-бірімен араласуы үшін аса қажетті қарым-қатынас құралы. Қоғамдық құбылыстардың тілде нақты көрініс табатынын ескерсек, тіл арқылы халықтың мәдениетін, қоғамдағы болып жатқан өзгерістерді, қоғамның жағдайы мен даму барысын зерттеуге болады. Тіл – ұлттардың өз бірегейлігін сақтап, мәдениетін дамытуда аса маңызды негіз, бұл процесте тілдің ғылым тілі ретінде қалыптасуы аса маңызды. Соңғы уақыттарда қоғамда қазақ тілінің тұрмыстық деңгейдегі араласу тілі ретінде қалып қоюы және ғылым тілі ретіндегі қалыптасу әлеуетінің төмендігі туралы кездесетін ойлар да жоқ емес және осыдан туындайтын үрей, күмәндер де бар. Бұған жол бермеу үшін, яғни қазақ тілі ғылым тілі болу үшін тілдің қалыптасқан терминдері болу қажет. Әртүрлі ғылымның белгілі ғалымдары өз салалары бойынша тіл мамандарымен бірлесе отырып, сөзжасам мәселелерін оңтайлы жолға салып, бірізді, жүйелі және үздіксіз қолға алса, нақты нәтиже болатыны анық.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әбу Насыр әл-Фараби. Китаб әл-уахид уал-уахда (Бір және Бірлік) /ауд. Ы.М. Палтөре. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 396 б.
2. Дербісалиев Ә. Ғұламаның руханият жайлы трактаттары табылды // (https://egemen.kz/article/237092-ghulamanynh-rukhaniyat-dgaylytraktaty-tabyldy).
3. Дербісәлі Ә., Хаван А. Ұлыдан қалған ұлағат // Рисала фи-с Сиаса// Әл-Мауъиза) / аударып, ғылыми түсініктерін, қосымшаларын жазған Хаван А. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 169 б.
4. Аль-Фараби. Естественно-научные трактаты. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 496 с.
5. Фусус әл-Хикам (даналық маржандары) / Араб тілінен аударған және түсініктеме берген философия ғылымдарының кандидаты Ж. Сандыбаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 120 б.

Elshahhat Algendi D.M.

Rector of the Egyptian University for Islamic Culture Nur Mubarak

Almaty, Kazakhstan

AL-FARABI'S CONTRIBUTUON TO HUMAN THOUGHT

Talking about this character in article or brief research is difficult Because of the great wealth that he left in thought, science and the arts, he dedicated his life to knowledge and devoted himself to it in all stages of his life, in his lodging and his travels, and in his night and day, so he adored him and clung to him. Their faces are nothing but to obtain their purposes in enjoying the lusts of the soul. But AlFarabi's personality was not like this, but he directed to give and to contribute to knowledge in its various aspects. His forerunner was the saying: "Science does not give you some of it until you give it all." Medicine, ethics and art.

With this approach that he choose for himself, he presented a gift to science and civilization out of contentment and a life full of contentment, asceticism, and austerity, so he made sailing in knowledge his desired goal, and it was as if the tongue of his condition was: the best companionship is the companionship of knowledge and more than supplying and diving into its arts, and he became in a higher rank than those who preceded him from the pioneers in the field of knowledge. The field of philosophy, and it is the mother of sciences, since every science has a philosophy that reveals its purposes and desires, just as those who came after it tired of those who excelled, because they worked to follow his example and walk on his path, and they would have an impact and a gift similar to it or close to it. Distinguish them and the height of their heels in this science.

If we want to stand on the factors that brought him to this summit, then we have to investigate some of them from the reality of getting to know the nature of the man, upbringing, age and

circumstances.Which surrounded him, and created from his works and the heritage that he left and enriched the scientific march with, and represented an addition that should not be overlooked, nor bypassed under any circumstances. These factors can be summarized as follows:

1. The natural readiness latent in the depths of himself and the strong will and determination that he enjoyed, and he was able to employ it out of self-motivation, along with the other factors that made him a unique fabric that possesses self-recipients. There is no doubt that the owner of this soul does not stop perpetuating research, reflection, contemplation, analysis, and deduction in order to reach his goal, and he does not accept an alternative, no matter how hard it costs him, as one of the poets indicated to him: If the soul is large, it gets tired in its desire for bodies.

2. Because he is of this unique type, those attributes and characteristics with which he pushed him to build a sound scientific method, because of what distinguishes him from his talent and ability to conscious diligence, with which he was able to convey the Aristotelian method in logic in particular, and to excel in it in an unprecedented manner, helped by his ingenuity in Logic and mathematical sciences, along with his mastery of the Latin language, which carried this creative thought from the ancient era to the medieval era with the addition to it, and imprinted it with the character of Islamic culture deposited in his conscience, and his distinguished effort and superior ability in explaining the logical works of Aristotle, and his book The Purposes of Aristotle's Metaphysics, made him the first Muslim philosopher, meaning To a high degree Greek thought, which constituted an important crossing between the ancient and the modern, and a cultural and civilizational communication that he provided with his mental faculty, and his deductive ability in a way that expresses an analytical and deductive thought resulting from the logical premises that lead to a correct conclusion.

Of course, his deepening in logical studies was not limited to the books of Aristotle alone, but also included the writings of Plato, which makes his logical thought a true translation of the Aristotelian and Platonic school, which are the most famous in the world of logic without question.

Farabi Scientific School:

Certainly, Farabi is the owner of a school with a distinct vision and methodology. With what he left of writings, letters and looks here and there, its directions varied and its disciplines multiplied, it is characterized by a sober scientific approach and purposeful thought. Other than what his scientific works are full of, he is still with the opinions they contain, which are the subject of consideration and the subject of investigation, discussion and consideration. And Al-Farabi's mind began with him from the early years of his life, and it continued to accumulate over the years until this deep thought matured with trends, opinions, and perspectives that preoccupied Muslim scholars, and dealt with by the Orientalists in the West, and it was the subject of discussion, comment, and criticism between supporters and opponents.

This thought, which Al-Farabi disseminated, he built under the banner of Islam and in accordance with its doctrinal, jurisprudential, and ethical pattern, with an intellectual philosophical perspective that is governed by a single epistemological model that expresses a faith belief, an intellectual vision, and a broad horizon that expands the horizons of man and his aspirations in life. His diversifications of cases to their effects, and theories to their antiquity in a successive series connected to the episodes, include foundation and theorizing, in which the careful investigator may see that he tried to absorb the features of ancient Greek thought, in unmistakable endeavor in light of the system of the message of Islam in its comprehensiveness and expression of human instinct in its content The universal humanist, since the beginning of creation, tells about the journey of the ancients, and the conditions of the present, so that he looks to the future of the generations to come and until the Day of Judgment: We will show them Our signs in the horizons and in themselves, until it becomes clear to them that it is the truth. It is based on values, teachings, and the law of reform for humanity in its stages of development and the peak of its maturity, in a world of multiple systems, visions, and legislation.

This epistemological model was dealt with by Al-Farabi in his numerous writings, which prove that he is an encyclopedic figure who is not limited to one science, but rather includes multiple knowledges, as he wrote a book on the enumeration of sciences, in which he presented the types and

types of sciences, with a comprehensive view, broad thought, and insights comprehending their importance and the necessity of knowing them. In light of his faith conviction, and the imprint of a mystical soul, and human visions that made him look with an open look at other sciences and knowledge, which was from the west celebrated by opponents from the West and the East, as a thinker of a high caliber, and of course the spaciousness of his thought and his study of the sciences of logic and philosophy and some described him as The protégé of the Platonic-Aristotelian philosophy, led many hard-line Muslims to wage a relentless war against him and question his faith and belief, and from that is the innocence of the wolf's innocence from the blood of Joseph, peace be upon him.

Farabi was the believer philosopher, who never lost his consciousness proving that God Almighty is the Existent, the Absolute Truth, and he spoke of monotheism not with textual evidence, but with logical evidence and rational consideration to obtain faith in Him, the Almighty, as he wrote in the eyes of issues, the investigations of divine knowledge, glorifying the Supreme Self. It is the existence that has no cause. And if it is said that his admiration and availability for the explanation of Aristotle' logic and the philosophy of Plato, and his determination that they reached the end or the like in matters of logic and philosophy, then it is an opinion based on the power of theorizing and the faculty of reason, which each of them enjoyed, especially Aristotle, and this does not rightfully affect his absolute belief in God The Almighty and his firm Islamic belief, as they are among the founding fathers of logic and positivist philosophy.

The genius inclination of the philosopher, thinker and jurist in acquiring knowledge and knowledge was without limits, in terms of his understanding that Islamic science deals with all human interests, and that this science combines the sciences of Sharia, reason, wisdom and morals, includes common human denominators, and guarantees what is indispensable to man, which prompted him to He roams the horizons of religious and intellectual sciences and mixes between philosophy and rational wisdom, and we find that he has attempts to harmonize between divine wisdom and the ancient philosophical thought that was embodied in the divine philosophy of Aristotle, Plato, and Socrates. It satisfies his spiritual needs, along with his material needs and life requirements, and not as is common about drowning in materialistic philosophy that leads to atheism and denial of the existence of God Almighty, and in this direction he adopts the true Islamic perspective, comprehensive of aspects of human life in spiritual revival, and deepening faith in God Almighty And acknowledging his unity and creation, developing the universe and providing human needs in accordance with the Qur’anic truth, because he is the owner of all matters: “"True he has creation and command belong to Him"'

The epistemological model of the report proceeds with the unity of truth, as the natural and philosophical truth is one, influenced by Plato and Aristotle in his book: Combining OpinionWise men Plato and Aristotle. This position is that the truth is one or multiple, which was discussed by the scholars of the principles of jurisprudence, and it seems that the larger group is winning the argument: that the truth is one and not multiple.

It also lays the foundations for his theory of emanation he distinguishes between two types of beings, for the necessary existence is one and has no partner, and it is one of the foundations of the Islamic faith, and the world is one of God’s creations, the necessity of existence. There is also the existent, the possible existence, and the first of them represents the absolute truth, for God Almighty is the first without beginning and the last without end. And he responds with that to those who doubt his divinity and that he is the Lord and Sovereign of everything, for He is the Creator of man and the universes, so it is impossible for creation to come by accident or coincidence: or were they created from nothing, or are they the creators?

The faith dimension is evident in his opinion of astrology, which is a kind of randomness and being influenced by passion for some accidental phenomena or divination of the unseen, and the belief that they bring happiness or result in misery, so he goes to the invalidity of the judgment by astrology, so this opinion of A-Farabi expresses the true Islam: They follow nothing but conjecture and what the souls desire Guidance has come to them from their Lord, or to man what he desires? In the field of comparisons between what is religious and what is philosophical, he differentiates

between the source of religious knowledge through the Prophet, and philosophical knowledge through the philosopher. If both convey the truth, but the difference remains clear between the source of truth between them, the Prophet is the source of revelation sent down from heaven by means of Gabriel, so he transmits The absolute truth, since God knows everything that is absent and witnessed, as well as the present and the future, while the philosopher's knowledge of facts comes from the active mind, as it is pure intellectual knowledge that is unable to know the future, and this indicates that religious knowledge possesses absolute authority, while philosophical knowledge is considered a relative truth. The difference is clear between the two truths. It is true for the seekers of the truth to know this, because there is perfection in the divine religious knowledge that is established by definitive texts, while the philosophical knowledge is tainted by shortcomings as a result of the human mind's shortcomings and its influence by whims and personal desires. which is on his method corrects the erroneous ideas prevalent in his time, and deals with a form of religious illiteracy, the most of which is in our current era.

In the interest of the first language that carries the ideology of thought, science and civilization, in the four Hijri centuries, from the sixth to the ninth century AD, it is natural for him to be proficient in it. Thirty-two letters in their original Arabic language, in addition to being the vessel that carried his epistemological model with which he enriched Islamic and global thought.

In the exhibition of paradoxes between dualities, such as dialectic and fallacy, explain the difference based on the fact that arguing in the best way and presenting the argument is a legitimate matter. Does not contain abuse An appeal, which may lead to the truth, established by Sharia and required for definition and statement, while fallacy and denial or falsification of the truth is not permissible, neither in Sharia nor in reason, because it contradicts objectivity. It is necessary for students of scientific research. In the same context, the distinction between the opposites shows the heavenly souls that cling to the guidance of heaven, and the thehuman souls that focus their attention on nothing., It pays attention only to satisfying the material aspects and its lustful animal purposes His encyclopedic mentality did not stop at this point, as he was the owner of a great political contribution, through his well-known book: The Opinions of the People of the Virtuous City, in which he spoke about the foundations of the virtuous city, and its first foundation, which is God with His manifestations and His supreme attributes, and that happiness in it is obtained through wisdom, and that the heart is The axis and center of man. Of course, the system of this city has been perfected in the president, with what he must be endowed with from the Islamic human values , in which the psychological, mental and moral qualities are complete, and that he possesses wisdom, strength of determination, courage and daring.

Its effects and human giving

With a certainty that cannot be questioned, and no matter how different people disagree with his many and varied contributions,-Farabi remains one of the symbols of Islamic science and culture in its global human giving, and a flag of the flags of the builders of Islamic civilization, as one of the most prominent civilizations in the human march. Smart and sensitive, he is a Sufi who lived the life of a Sufi, until he influenced the great mystic: Al-Suhrawardi and practiced music therapy, and put a prominent mark in art with his book: The Great Music.

And because he took an unprecedented interest in the arts of translation and communication with previous civilizations, especially the Greek, which reached its peak during the Mreign Caliph -Ma' who established the House of Wisdom, he walked on this path in his era, mastering the logic of Aristotle and excelling in it until he was called the second teacher. He also studied Plato's philosophy and was called the alwho preceded it and those who came after it in the two sciences that are considered the basis of sciences. He was also influenced by Porphyry and Ptolemy, and on the other hand, his influence was great on those who came after him. In addition to Ibn Sina and Rushd, he influenced Abu Hayyan al-Tawhidi and Yahya ibn Adi.

His interests and contributions continued in the mental sciences, such as mathematics and physics, and he introduced the concept of emptiness to the science of physics, to other sciences, such as medicine, for example. It is not surprising that the attention of orientalists in the West, such as the French Massignon, and the German Steinshinder, who wrote about his writings a huge volume in

which he reviewed his letters and books, as they have a strong interest and giving in modern philosophy and orientalism, we mention among them the philosopher Schopenhauer and many works of Farabi were translated into Latin, English, Hebrew and others.

Based on the foregoing, it is possible to summarize the thought and epistemological model of Al-Farabi in his humanitarian giving in some of what we have mentioned in the following:

1. He laid the foundations for a philosophy that combines faith and reason, in what can be described as a rational faith philosophy, believing in one God, rejecting atheism, and using mental energies for the benefit of man and the universe.
2. He based his thought and philosophy on human commonalities, the most important of which are: acceptance of the other and intellectual communication, tolerance, pluralism, science and civilization, human peace and others.
3. He presented the features of a global civilized model, based on the values of religions and human values, based on freedom of belief, justice, morals, non-discrimination and the rejection of
4. He proved that science is a talent and an acquisition, and that its knowledge model combines both spirit and matter.

Completed by God's goodness!

Нұрмұратов Серік Есентайұлы
философия ғылымдарының докторы, профессор
ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты
Философия орталығының меңгерушісі
Алматы қ., Қазақстан

ӘЛ-ФАРАБИ МЕН АБАЙ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ ҮЙЛЕСТІГІ

Аңдатпа. Әл-Фараби мен Абай өздерінің терең дүниетанымдық ұстанымдарындағы адамгершілік қағидаттарын өзектендірген түркі философтары. Олардың философиялық көзқарастары тек қақана логикалық қисынды ғана емес, сонымен қатар негізінен бір-біріне сәйкес келіп жататыны байқалды. Бүкіл түркі философиясы әлемдік философия тарихының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуы керек. Қазақ рухани мәдениетінің қайнар бұлағына айналған түркі ойшылдарының мұраларына бет бұру, оны бүгінгі күн шындығы тұрғысынан зерделеу қазіргі қазақ қоғамының рухани жаңғыруына септігін тигізері сөзсіз. Қазіргі әлемдегі рухани дағдарыс жағдайында Орталық Азия халықтары тарихи тұлғалар қалыптастырған түркілік этикалық, моральдық және эстетикалық нормалардың әлеуетін пайдалануды қажет етеді.

Тірек сөздер: тарих, ойшыл, тұлға, дәстүр, философия, құндылықтар, адам, этика

Аннотация. Аль-Фараби и Абай – тюркские философы, воплотившие нравственные принципы своего глубокого мировоззрения. Их философские взгляды не только логичеки последовательны, но и созвучны. Всю тюркскую философию следует рассматривать как неотъемлемую часть истории мировой философии. Обращение к наследию тюркских мыслителей, ставших источником казахской духовной культуры, и изучение его с позиции сегодняшней действительности, несомненно, будет способствовать духовному возрождению современного казахстанкого общества. В условиях духовного кризиса в современном мире народам Центральной Азии необходимо использовать потенциал тюркских этических, моральных и эстетических норм, вынесенных отдельными историческими личностями.

Ключевые слова: история, мыслитель, личность, традиция, философия, ценности, человек, этика.

Annotation. Al-Farabi and Abay are Turkic philosophers who embodied the moral principles of their deep worldview. Their philosophical views are not only logical, but also consonant. All Turkic

philosophy should be considered as an integral part of the history of world philosophy. Turning to the heritage of Turkic thinkers, who became the source of Kazakh spiritual culture, and studying it from the perspective of today's reality will undoubtedly contribute to the spiritual revival of modern Kazakh society. In the context of a spiritual crisis in the modern world, the peoples of Central Asia need to use the potential of Turkic ethical, moral and aesthetic norms made by individual historical figures.

Key words: history, thinker, personality, tradition, philosophy, values, man, ethics.

** Мақала AP19677167 «Қоғамның тұтастанған қайта пішімделуі жағдайындағы тұлғаның рухани қалыптасуы мәселелері» гранттық жобасы ауқымында орындалды.*

Жалпы адамзат эволюциясындағы тарихи үдерісте руханилық феномені кез келген қоғам үшін ең маңызды және өзекті. Кейінгі ұрпаққа үлгі болған әл-Фараби өз заманында гуманистік философиясының тірегі ретінде осы руханилық, әділеттілік қағидаттарына және өзара сұхбат құбылысына сүйенеді. Оларды өзінің ғылыми зерттеулерінде қазақстандық фарабитанушы ғалым М.С.Бурабаев айтып кеткен еді [1]. Әрине, қазіргі кезеңде әл-Фарабидің мұрасы біршама игерілуде және оны Абай философиясымен үйлесімділік және үндестік қағидаты тұрғысынан сараптаудан өткізудің маңыздылығы зор.

Әдетте, кез келген тарихи тұлғаның дүниетанымын нақты тарихылық тұрғысынан ғана толық пайымдауға бола алады. Ортағасырлық қоғамның рухани-зияткерлік ортасында талқыланатын мәселелер сан қырлы болып келгені мәлім. Олар саяси, жаратылыстанулық, логикалық және діни мәселелер болып жіктеледі. Олардың әрқайсысымен айналысатын белгілі бір дайындықтағы тұлғалар болатындығы әл-Фарабидің трактаттарында және Абайдың «Қара сөздерінде» айтылады. Сонымен қатар, дін саласына зейін қойған адамның рухани шабыттануы тиіс екендігі баса айтылады. Себебі, діни философиямен айналысу оңай шаруа емес, ол үлкен жауапкершілікті қажет ететін дүние екендігі атап өтіледі. Ойшыл өзінің философияға арнаған трактаттарында Ақиқатты іздеудегі ең мықты әдіс діни сеніммен, рухани шабытпен дәлелдер келтірген тәсіл екендігін көрсетеді.

Әл-Фарабидің гуманистік ілімі бойынша, ақиқатқа жету тек қана әділеттілікті басшылыққа ала отырып және өзара сұхбаттың нәтижесінде жүзеге аспайды, ол әлде қайда тереңде жатқан табиғаты бар экзистенциалдық мағынадағы күрделі процесс екеніне меңзеледі. Ойшыл ақиқатты іздеуде сұхбаттық әдістің маңыздылығы когнитивті, яғни танымдық қатынастарды анықтауда айқын байқалатындығын атап көрсетеді. Ақиқатты іздеуде бір-біріне қарама-қарсы пікірлер көп болған сайын, қайшылықтар молайған сайын пікірталастар уақыты созыла түсетіні ескертіледі. Дегенмен, ойшылдың пайымдауынша, бұл процестегі ең маңыздысы сол пікірталасқа кеткен уақыттың ұзақтығы емес, философтардың ақиқаттың жалғандықтан айырмасын дәл анықтауы болып келеді [2, 392б].

Түркі және қазақ философиясының тарихы халықтың ежелгі заманнан тамыр тартқан ұшан теңіз мол рухани мұраларын зерттеп-зерделеу нәтижесінде әлі де қарқындап дами түсері сөзсіз. Қазақ фольклорының идеялық негізін құрайтын: адалдық, әділеттілік, уәдеге беріктік, намысшылдық қатарлы рухани-мәдени философиялық құндылықтар екендігін ашып көрсету арқылы, ұлттық төл мұраларды зерделеудің өзектілігін дәйектеу орынды. Қазақ фольклорының қазақстандық қоғамның қазіргі жаңғыру кезеңіндегі ұлттық код пен ментальдылыққа негізделген іргетасы екендігін дәлелдейтін уақыт келді. Қазіргі қазақтардың және жалпы түркі әлемінің құндылықтар ділінің архетиптерін жаңғырта отырып, бүгінгі ұрпақ бойына сіңіру көзделегені жөн. Осы мәселелер жөнінде еліміздің мамандары көптеген еңбектерді жарыққа шығарды. «Мәдени мұра» мемлекеттік мұрасын жүзеге асыру орасан зор еңбек болды. Өзінше ғылыми еңбек болып жарық көрген «Ұлттық тәуелсіздік және қазақ философиясы» [3], «Қазақ философиясы және ұлттық идея», «Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздер», бес томдық «Қазақ философиясы тарихы» сияқты туындылар атауға болады.

Қазақ мифологиясын жалпы түрік руханиятымен тығыз бірлікте қарастыра отырып, кешенді зерттеп, этиологиялық, космогониялық мифтердің табиғатын танып, олардың ішкі түрлерін саралау, типологиялық сарындардың түп төркінін барлау, ортақ белгілер мен дара сипаттарды айқындап, олардың себеп-салдарын ғылымның бүгінгі жеткен өресінен ашып көрсету маңызды. Мәселе жалпы фольклорлық үдеріс ауанында қарастырылып, қазақ мифологиясын көне дүниетаныммен, халықтың байырғы тұрмыс-тіршілігімен, көркем қазынамен үндестікте зерделеніп, әлемнің басқа халықтарының материалдарымен қажетінше салыстырылып, кезеңдік белгілері айқындалғанында. Қазіргі қазақстандық кезеңде қазақ халқының бай рухани мұрасын игерудің маңызды рөлі артуда. Әлем мен адамды қабылдаудың біртұтастығы, зерде мен жүректің бірлігі, шындық, мейірімділік пен әділеттіліктің рухани-адамгершіліктік басымдылықтары, төзімділік пен ізгі ниеттіліктің ерекше түрі – Ұлы Даланың барлық осы сабақтарын қазақ философиясы өзіне сіңірді. Сондықтан түркі философиясы туралы философиялық қорытындылар жоғары деңгейдегі теориялық және тәжірибелік маңыздылыққа ие болады деген ойдамыз.

Фольклор мен мифологияны зерттеу сана мәдениетінің генезисі, рухани және материалдық құндылықтардың қалыптасу тарихи үрдісі ретінде тарих пен мәдениет теориясы мәселелерін шешуде маңызды мәнге ие. Философия, фольклористика және мәдениет теориясы саласындағы қазіргі заманғы зерттеулер, әсіресе фольклордың эстетикалық және этикалық мазмұнын зерттеуге арналған жұмыстар фольклордың халық мәдениеті құндылықтарының органикалық бөлігі және әмбебап тасымалдаушысы.

Қазіргі цифрлі технологиялық даму жолындағы әлемдегі ақпараттық, техникалық пәрменді алға жылжу заманында дүниежүзінің барлық халықтары мен ұлыстары өздерінің ұлттық мәдениеті мен мұрасын, өркениеті мен руханиятын жан-жақты зерделеуге тырысуда. Рухани дүниесін күйттемеген ел өзінің руханиятын жүйелі қалыптастыра алмайтыны белгілі. Тәуелсіздік дәуірі осы бағытта белсенділік танытқан мамандар үшін барынша қолайлы жағдай жасап отырғанын жасырмауымыз керек. Жалпы тарихи сана мен тарихи жадыға жүгіну және оның рухани-құндылықтық қырларын айқындау өркениеттік даму тұрғысынан алғанда өмір қажеттілігі, дамудың маңызды шарты екені анық. Себебі, өзінің рухани және тарихи негіздерін, маңызды құндылықтарын айқындамаған, оны білмеген ұрпақ қазіргі пәрменді ақпараттық және технологиялық даму заманында ділдік, дүниетанымдық дағдарысқа ұшырауы мүмкін және рухани бағдарларынан айрылып, тек еліктегіш, көшірме жасағыш мәдениетті құрады.

Түркі тілдес елдер өздерінің рухани байлығына терең зер салып, ғылыми зерделеуге бет бұра бастады. Сонымен қатар қазіргі кезеңде еліміз дүниежүзілік экономикалық кеңістікке лайықты түрде кіру үшін алдымен экономикалық құрылымын ілгерілету арқылы қайта құрып, технологиялық артта қалушылықты жеңуге тырысуда. Соңғы уақытта өабылданып жатқан мемлекеттік бағдарламалар осы басымдықты алға шығарады. Дегенмен, қоғамдағы рухани өмірдің маңызды рөлін ешқашанда төмендетуге болмайтыны да анық, оның маңызын барынша арттыру да, көтеру де өмірлік қажеттілік болып отыр.

Кез келген руханияттың үйлесімді дамуы барлық жағынан алғандағы әлеуметтік-мәдени өркендеуімізге де байланысты екеніне дау жоқ. Мазмұндық жағынан алғанда рухани дүниенің жүйелік-танымдық байланысын біртұтас құбылыс ретінде ашып көрсету өте маңызды. Осы тұрғыдан алғанда отандық философия тарихын, еліміздің саяси тарихын жаңа әдіснама және әдістеме тұрғысынан зерттеу қажетгілігі туындап отыр. Басты мәселе – халқымыздың рухани мәдениетінде қордаланған ауызша және жазбаша әдебиеттің, тарихи құжаттардың, құнды деректемелік негіздердің жан-жақты зерделенуі. Осымен қоса тарихи және мәдени ескерткіштерді ғылыми зерттеуде, әлеуметтік кеңістікте, тәрбие мәселесінде қалай қолдануды нақты анықтамайынша бұл процесс күрделене түседі.

Қазіргі тарихи кезеңде Шығыс пен Батысты ғылыми салыстыру мәселесіне арналған көптеген жиындар өткізіліп, мамандардың зерттеулерінің нәтижесінде ғылыми жинақтар шығып жатқаны белгілі [4]. Шығыста поэзияның көбісі философиялық астарлармен көмкеріліп келгенін мойындауымыз керек. Қазіргі отандық мәдениет тарихи және заманауи

интеграциялық процестер аясында өмір сүріп, тұлға философиясы ұлт философиясының өзіндік түптамыры ретінде қарастыруға ден қоюда. Жоғарыда аталған руханият қырларын қазақстандық бірегейленудің көрінісі және ұлттық философияның жетістіктері ретінде қарастырып, оның дамуына кедергі келтіретін әдіснамалық айшықтарды белгілеп, олардың әр қилы рөлін ашып көрсету - қазіргі тарихи кезеңдегі гуманитарлық білім үшін басты міндеттердің бірі болып отыр [5].

Әлем елдерінде және еуразиялық кеңістіктерде қалыптасқан рухани құндылықтардың тұтастығы мен сапа жағынан айырмашылықтары адамзат тарихының бүгінгі таңдағы келелі мәдениет мәселелерінің бірі. Өйткені әлемдегі халықтардың, ұлттардың, нәсілдердің бәріне тән жалпы адамзаттық құндылықтарымен қатар, әр халықтың өзіне тән тарихи қалыптасқан рухани, мәдени байлықтарын адамгершілік қасиеттерін, яғни өзіндік құндылықтары бар екенін ескеру аса қажет. Тарихтың қазіргі белесінде осы құндылықтарды жандандыру, солардың негізінде жаңа белеске көтерілу бүгінгі таңның талабына айналуда. Сондықтан да белгілі бір жағдайға байланысты қазақ халқының тарихи құндылықтарын тереңдей зерттеу, олардың ішкі мәнін айқындау, сонымен қатар жалпыадамзаттық өркениет аясындағы даму бағыттарын зерделеу қоғамдық ғылымдардың алдында тұрған басты мәселелердің бірі.

В теоретическом самосознании XIX - XX веков зафиксированы самые различные взгляды на эту проблему. В наши дни споры об этом вновь усилились. Мы полагаем, что наиболее правомерна и обоснована позиция, которая исходит из признания того, что Россия лежит вне западного и восточного потоков цивилизационно-исторического развития, а её культура представляет собой интереснейший и самобытный феномен. Русская духовная культура - противоречивое и сложное целое, это целостный духовный организм. Противоречива и драматична и историческая судьба России. Основания этой противоречивости Н.А. Бердяев видит прежде всего, в сложности и противоречивости «души» русского человека. Эта специфика «загадочной» русской души объясняется тем, что в России сталкиваются и приходят во взаимодействие два потока мировой истории - Восток и Запад. Русский народ есть не чисто европейский и тем более, не чисто азиатский народ [2].

Россия есть целая часть света, огромный Востоко-Запад, она соединяет два мира. И всегда в русской душе боролись два начала: восточное и западное. В результате столкновения этих культурных миров русский культурно-исторический процесс обнаруживает момент прерывности и даже катастрофичности.

Трудно не согласиться с Н.А. Бердяевым в том, что русский народ есть в высшей степени поляризованный народ, который совмещает в своей «душе» такие дихотомии, как государственничество и анархию, деспотизм и вольность, доброту и жестокость, набожность и воинствующее безбожие. «Можно установить, - писал Н.А. Бердяев, - неисчислимое количество тезисов и антитезисов о русской душе» [3]. Двойственность русской души ведёт к тому, что Россия живет «неорганической жизнью», в ней отсутствует целостность и единство,

«из противоречий соткана душа русская, как и вся жизнь, и противоречивые чувства в себе возбуждает». «Рядом с антихристовым началом, в ней чувствуются и высшие религиозные потенции, новая историческая плоть, ждущая своего одухотворения» [4].

С.Н. Булгаков, как и ряд других мыслителей, размышляя о специфике русской культуры, подчеркивает такой её существенный признак, как христианско-православный характер. Несомненно, связь российской цивилизационно-исторической традиции с православием очень глубока и тесна, а это определяет специфику русской духовности. Неповторимый и самобытный характер русской духовности проявляется в самобытном облике русского интеллигента, во многом не похожего на своего западного «собрата». Так, С.Н. Булгаков отмечает, что для русской интеллигенции характерны некоторые черты, заметно отличающие её от европейской. Это «напряжённое искание Града Божья, вечный поиск идеала, стремление к исполнению воли Божьей на земле, как на небе». Эти и некоторые другие черты явно отличают русскую духовность от «влечения мещанской (западной) цивилизации к прочному земному благополучию» [5].

Представители русской религиозной философии считали религиозность (в духе Православия) атрибутом русской души, русской культуры в целом. Православие, духовно организуя религиозно-нравственный быт русского народа, способствовало усвоению им такой системы духовных ценностей, которая, наложившись на языческую культурную среду, привела к появлению феномена «русской души», представлявшейся для чужеземцев весьма таинственной и загадочной. В связи с этим, Н.А. Бердяев пытается показать детерминированность русской души, русской духовности природно-географическим фактором. Так, в «Русской идее» он пишет: «Есть соответствие между необъятностью, безгранностью русской земли и русской души, между географией физической и географией духовной!». В этой же работе он пишет, что «два противоположных начала легли в основу формирования русской души: природная, языческая, дионистическая стихия и аскетически-монашеское православие».

В православной культуре земное бытие человека рассматривается как эпизод на пороге жизни вечной. Именно поэтому земное бытие не представляет самоценности. Смысл земного бытия сводится к непрерывному духовному стремлению к смирению и благочестию, ощущению собственной греховности, к аскезе. Это не могло не отразиться на характере русского человека и его духовной культуре. Русская душа устремлена к абсолютному добру и справедливости. Поэтому она не возводит мирские (земные), относительные ценности в ранг «священных» принципов. Русская духовность устремлена к абсолюту, что обнаруживается в вечном, мучительном поиске идеала. Это служит благодатной основой возникновения различного рода социальных утопий и мифов. Указанные особенности определяют качественное своеобразие русской духовной культуры и её сопоставление с культурой Запада, отличающейся прагматизмом, индивидуализацией и рационализацией личностного сознания. Ф.М. Достоевский также отмечает христианский, православный характер русской культуры. Православие он считает её сущностной основой. Так, в «Бесах» он сравнивает Россию с евангельским бесноватым, который может быть исцелён только Христом и способен обрести здоровье и восстановление сил лишь у ног Спасителя. С.Н. Булгаков придаёт такому сравнению Ф. М. Достоевским России с евангельским бесноватым вневременное значение: «Легион бесов вошёл в гигантское тело России и сотрясает его в конвульсиях, мучит и калечит. Только религиозным подвигом, незримым, но величественным возможно излечить её, освободить от этого легиона» [6]. В этих, странных на первый взгляд, словах русского философа немало актуального для нас, людей иного времени. Слова С.Н. Булгакова являются пророческими, это предупреждение потомкам о том, к каким роковым последствиям приведут попытки искоренения веры православной из жизни России, из души её народа. Эти слова - предупреждение о пагубности для России некритического увлечения чуждыми заимствованиями, насаждения в народе вместо подлинных, веками проверенных ценностей - разного рода идолов.

«Интеллигенция отвергла Христа, отвернулась от Его лика, исторгла из сердца Его образ, лишила себя внутреннего света жизни, и платится вместе со своей родиной за эту измену». Автор, как говорят в народе, «как будто в воду глядел». Таким образом, христианство в его православной форме является фундаментом русской духовной культуры. Принадлежность России к Православному миру определяет и объясняет её культурную близость и духовное родство с рядом других народов: с восточными славянами, сербами, болгарами и некоторыми другими. Восточно-христианская соборность обнаруживает себя в русском мироощущении, русской духовной культуре, являясь антиподом западному индивидуальному мудрствованию с его рационально-рассудочной спекуляцией. Русский человек в отличие от западного менее рассудочен, он живёт эмоциями, «голосом сердца». В.С. Соловьев писал, что «русские люди в редких случаях поступают по чистому разуму. Как правило, их мысль продирается сквозь густые заросли бурных эмоций. Оттого русские сплошь и рядом выглядят иррациональными, но зато совестливыми. Эта черта русского менталитета рождает недоверие к западному рационалистическому бытию» [7]. Православная традиция соборной интеграции нашла выражение и в характерном для русской культуры сращивании понятий красоты, добра и мудрости.

Вопрос о том, возможен ли свой собственный, российский путь историко-культурного развития, без повторения этапов пути Запада, по-разному решался представителями русского западничества и славянофильства. Несомненно, односторонние взгляды на эту проблему изжили себя, однако сама эта тема не перестает беспокоить умы и сердца.

К поискам «русского пути» следует относиться серьёзно, ибо Россия - страна необычная. Зря начали многие российские постсоветские демократы атаковать русский патриотизм, упрекать русских людей в «имперских замашках». Тут сказывается пренебрежение к национальным особенностям русского народа, который никогда не откажется от своих корневых убеждений, хотя бы кто-то и доказывал, что это предрассудки. И это не просто консерватизм сознания - это глубинный пласт традиционного народного сознания.

П.Я. Чаадаев, оригинальный русский мыслитель, свои мысли о русской истории, о прошлом и настоящем России, проникнутые глубокой болью и пессимизмом, излагает в своём знаменитом философском письме к Е.Д. Панковой, опубликованном в «Телескопе». «Мир, - писал П.Я. Чаадаев, - искони делился на две части - Восток и Запад. Это не только географическое деление, это два принципа, соответствующие двум динамическим силам природы, две идеи, обнимающие весь жизненный строй человеческого рода». «Что же касается России, то, получив христианство из рук Византии, она оказалась как бы между Востоком и Западом, попала в своеобразное промежуточное положение. Не примкнув как следует к Востоку, Россия не сумела проникнуться и «западной мыслью». Отсюда, как считает П. Я. Чаадаев, и бесконечные, бесплодные метания России между Востоком и Западом, между идеей восточного деспотизма и «западного свободомыслия». «Мы не принадлежим ни к Западу, ни к Востоку, у нас нет традиций ни того ни другого. Стоя как бы вне времени, мы не были затронуты всемирным воспитанием человеческого рода. Мы принадлежим к числу наций, которые как бы не входят в состав человечества, а существуют лишь для того, чтобы дать миру какой-нибудь важный урок» [8].

Для П.Я. Чаадаева характерен глубокий пессимизм в отношении к прошлому и особенно настоящему своей родины. Россия у него, как бы «выпала из общего процесса исторического развития, выпала из истории». Более того, он считает, что «…одинокие в мире, мы ничего не дали миру, ничем не содействовали прогрессу человеческого разума». Будучи западнически ориентированным, он полагает, что для России есть только один путь - духовное сближение с Западом. Однако при всём при этом, П.Я. Чаадаев оптимист в отношении будущего России, которое он видит великим. В своей «Апологии сумасшедшего», он высказывает мысль о том, что «неактуализированность сил русского народа в прошлом есть залог возможности великого будущего этой страны» [9]. Более того, П.Я. Чаадаев обосновывает великую миссию России.

Русские западники полагали, что исторический путь России аналогичен западным странам, особенность же России они видели лишь в её отсталости (недостаточной европеизации). В общем и целом, Россию они понимали, как отсталое европейское общество. Нередко западники смешивали свой идеал лучшего для России строя жизни с современной им Западной Европой, которая отнюдь не походила на идеальное состояние. Следует отметить, что П. Я. Чаадаев в своих более поздних сочинениях по- прежнему подчёркивая необходимость для русских учиться у Европы, в тоже время провидчески критикует ряд негативных сторон западной культуры. Он, к примеру, не принимал душой мещанский «дух» Запада, индивидуализм и ограниченность типичного европейского обывателя, его эгоистическую замкнутость и самодовольство. Он искренне полагал, что эти черты не свойственны русской культуре.

Славянофильство же не сомневалось в особом типе русской культуры, возникающей на почве православия, славянского «духа». Славянофилы (К.С.и И.С. Аксаковы, А.С. Хомяков, И.В. Киреевский, Ю.Ф.Самарин и др.) усвоили гегелевскую идею о миссии народов, и то, что Гегель применял к германскому народу, они распространили на русский. Таким образом, славянофилы применяли к русской истории принципы гегелевской философии. Следует отметить, что классическое славянофильство не отрицало полностью Запад, т. к. его представители были «универсалистами». Так, А.С. Хомякову принадлежат слова о Западной Европе как «стране святых чудес». Но они были последовательными поборниками концепции специфичности России, самобытного характера её культуры. Ф.М. Достоевский, являясь ярким выразителем русского мессианского сознания, подчёркивает мировое призвание России, уникальность её духовной культуры.

Относительная инертность российской цивилизации и динамизм, новаторский дух Запада можно объяснить и явно несхожим отношением к труду и практической деятельности.

Православная традиция, с её презрением к ничтожным, бренным, скоротечным ценностям земного бытия определяет и особое отношение к труду. Труд сознаётся не как средство созидания и творчества, а как способ самоуничижения и самодисциплины. На Западе же складывалось принципиально иное отношение к труду. Особенно ярко это обнаружилось в протестантской трудовой этике, которая рассматривает индивидуальный труд как непременное условие служения Богу и основу жизни вообще. Такая трудовая этика не могла сложиться в России, в условиях традиционно ничтожного объёма экономических и гражданских свобод, жёстких форм внеэкономического принуждения и псевдоколлективизмом социальных отношений (стремление «быть как все и не хуже», в отличие от западной морально-психологической установки «быть личностью»). Западноевропейский христианский идеал «молись и работай» послужил духовной предпосылкой динамизма её цивилизации, новаторского характера западной культуры. Человек здесь привык самостоятельно решать свои проблемы, осуществлять свободный выбор, предпринимать инициативу. Поэтому, если атрибутами и добродетелями европейца являются энергичность и интенсивность, мода и сенсация, то атрибутами русской души - пассивность (выжидательность) и терпеливость (долготерпение), консерватизм и гармония (одухотворённость).

Борьба Запада и Востока в русской душе непрерывна, особенно острой она была в переломные периоды истории (в эпоху Петра I, в постсоветское время).

Н.А. Бердяев не без оснований полагает, что западные влияния, приведшие к русскому «серебряному веку» были непонятны народу и не были благоприятны для него. Западная культура являлась поверхностным заимствованием и подражанием. Г.В. Плеханов отвергал утверждение ряда мыслителей (например, П.Н. Милюкова) о полной, абсолютной самобытности России и её культуры, однако в то же время, он подверг критике другую крайность - идею принципиальной идентичности русского и западноевропейского исторического развития. Более того, он признаёт наличие в русском историческом процессе ряда особенностей, заметно отличающих его от исторического процесса западной цивилизации и напоминающих процесс развития восточных деспотий. Сами же эти

особенности то увеличиваются, то уменьшаются, так что Россия как бы колеблется между Западом и Востоком.

Итак, именно Россия постоянно балансирует между Западом и Востоком, постоянно находясь, то в одном, то в другом отношении к ним, а это не может не накладывать глубокий отпечаток на её культуру, определяя её своеобразие. Представители русского «евразийства» (Г.В. Флоровский, Г.В. Вернадский, Н.С. Трубецкой и другие) также переосмысливали историческую формулу «Восток - Запад - Россия». Они исходили из того, что русская культура создавалась на периферии двух миров: Запада и Востока, а это определило её качественное своеобразие - противоречивое, парадоксальное сочетание черт как Запада, так и Востока, порой в каких-то странных, причудливых формах их выражения.

Срединное месторасположение России - это её историческая судьба, её ответственность, а также и трагедия. Постоянное балансирование России между двумя культурными мирами, двумя «формами» человеческого бытия во многом определяет хроническую нестабильность её внутреннего состояния, повышенный риск всякого рода потрясений и катастрофических событий, драматизм и трагизм её историко-культурного пути. Однако, размещение русского народа, России в центре евразийского материка, «срединной территории», на стыке Европы и Азии (Запада и Востока) предопределяет и особую роль, если хотите, миссию, причём миссию общепланетного значения - быть соединительницей двух мировых цивилизаций, посредником в диалоге двух культур. Объективно, Россия призвана духовно сблизить народы Запада и Востока, соединить два потока культуры и самой предстать в образе страны, реализующей общечеловеческие ценности.

Идея о России как особом мире, на развитие которого решающее влияние оказал материк Евразия, объединяет мощное евразийское движение. Основоположниками евразийства и их современными последователями (неоевразийцами) накоплен богатый теоретический потенциал, а многое в идеях этих мыслителей удивительно актуально именно сегодня. Не случайно целый ряд современных отечественных (В.В. Путин, Л.Г.Ивашов, Г.А. Зюганов, А.Г. Дугин, А.С. Панарин, С.Н. Гавров и др.) и зарубежных (А. Янов, М. Бассин, М. Вассин, З. Бжезинский, А. Рязановский, Дикенбе Мутомбо и др.) учёных и философов, государственных и общественных деятелей увлекаются проблемами евразийства [10].

Имеют место и попытки практической реализации теоретических положений евразийства. Так, 29 мая 2014 г. в Астане (Республика Казахстан) главами России, Беларуси и Казахстана был подписан договор о создании Евразийского экономического союза (ЕАЭС) - международной организации региональной экономической интеграции. С 1 января 2015 года он вступил в силу. В настоящее время государствами-членами ЕАЭС являются Республика Армения, Республика Беларусь, Республика Казахстан, Кыргызская республика и Российская Федерация. Интерес к данному интеграционному проекту проявляют и в ряде других государств (Таджикистан, Узбекистан и др.). Возможно дальнейшее расширение этой организации.

Следует отметить, что ещё в марте 1994 г. Первый Президент независимого Казахстана Н. А. Назарбаев предложил главам государств СНГ именно проект Евразийского союза. Однако этот проект тогда был дружно отвергнут Б. Н. Ельциным и большинством его коллег по СНГ. Это большинство безуспешно искало тогда счастья на Западе. Лишь с 2000 г. интеграционные процессы на постсоветском пространстве обрели динамизм и перспективы дальнейшего углубления. Россия после двух десятков лет исканий своего «исторического» пути на Западе, отказа от государственной идеологии, как-то не совсем пафосно и уверенно, устами В. В. Путина заявила о необходимости формирования Евразийского Союза.

Несмотря на серьёзное противодействие со стороны наших геополитических соперников (прежде всего, США), Россия призвана быть локомотивом евразийской интеграции. Завет Льва Николаевича Гумилева: «Если России суждено возродиться, то только через евразийство», становится сегодня как никогда злободневным.

Лучшие умы России видели перспективу человеческой цивилизации не в курсе двух основных ееё «полюсов» на изоляционизм, а во взаимной «встрече» Востока и Запада, во

взаимообогащении культур, в сближении всех наций. И в этом процессе взаимодействия и взаимовлияния культур, при неизбежном обновлении собственной культурной традиции, Россия сохранит свой неповторимый облик, своеобразие своей уникальной культуры, свой статус духовного и интеллектуального лидера на планете.

Библиография

1. Бердяев Н.А. Русская идея: основные проблемы русской мысли XIX века и начала XX века [Электронный ресурс]. Режим доступа: http: // philologos.narod.ru/berdyaev/berd-rusidea.htm\
2. Там же
3. Там же
4. Бердяев Н.А. Душа России. Ленинград, 1990. С.12
5. Булгаков С.Н. Героизм и подвижничество // Вехи. Репринтное издание. М., 1990. С. 72.
6. Там же. С. 73.
7. Баглай М. Очерки о свободе. Общество на перепутье // Диалог. 1991. № 17. С. 92
8. Лебедев А.А. Чаадаев М., 1965. С. 160 - 161.
9. Там же. С. 161.
10. Нартов Н.А., Нартов В.Н. Геополитика. М., 2007. С. 138 - 144, 147 - 151.

Аликбаева М.Б., *филос.ғ.к.,* ***Тунгатова У.А.,*** *PhD,* ***Каупенбаева С.М.,*** *PhD*
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ., Қазақстан

ӘЛ-ФАРАБИ МУЗЫКАСЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯСЫ

Аңдатпа.Әл-Фарабидің музыканы ғылым ретінде қалыптастыруы және музыка туралы көптеген тың идеялары ортағасырлық араб-түркі өркениетіндегі жүйелі түрде дамытылған ғылыми жетістік екені белгілі. Өзінен кейін ғылымның осы саласының дамуына ықпалын тигізген бұл еңбекте ғалым музыканың шынайы қазына болып есептелетіні туралы идеялар жинағын қалдырды. Әл-Фарабидің музыка философиясы туралы толғамдарын, теориялық көзқарастарын, музыка ілімінің философиялық мән-мазмұнын жан-жақты талдау және ойшыл мұрасын зерттеудің ұлттық музыканың даму кезеңдерін, болмысын негіздеу арасындағы тарихи сабақтастықты айқындаумен, осының негізінде, халқымыздың рухани әлемінің қалыптасуы мен дамуын зерделеумен тығыз байланыстылығын ашып көрсету ізденісіміздің өзектілігі болып табылмақ.

Кілт сөздер: музыка, философия, өркениет.

Аннотация.Согласно аль-Фараби формирование музыки как науки и многие новаторские идеи о музыке являются последовательным научным достижением в средневековой арабо-тюркской цивилизации. В этом труде, повлиявшем на развитие этой области науки, ученый оставил сборник идей о том, что музыка является подлинным сокровищем. Всесторонний анализ толкований, теоретических воззрений аль-Фараби о философии музыки, философского содержания музыковедения и определение исторической преемственности между обоснованием существования, этапов развития национальной музыки, изучением на этой основе источников становления и развития духовного мира является актуальностью нашего исследования.

Ключевые слова: музыка, философия, цивилизация.

Abstract.According to al-Farabi, the formation of music as a science and many innovative ideas about music are a consistent scientific achievement in the medieval Arab-Turkic civilization. In this work, which influenced the development of this field of science, the scientist left a collection of ideas that music is a genuine treasure. A comprehensive analysis of al-Farabi's interpretations, theoretical views on the philosophy of music, the philosophical content of musicology and the

definition of historical continuity between the substantiation of the existence, stages of development of national music, and the study on this basis of the sources of formation and development of the spiritual world is the relevance of our research.

Key words: music, philosophy, civilization.

Әл-Фарабидің «Музыканың үлкен кітабы» атты трактаты музыка саласы бойынша жазылған әлемдік мәдениеттегі шоқтығы биік шығарма болып саналады. Ғалымның аталған ғылыми-теориялық еңбегінде музыка өнері жан-жақты және терең зерттелген. Әл-Фараби музыканың жағымды және жағымсыз әсерін, емдік қасиетін, тәрбиелік мәнінің зор екенін айта келе, музыкалық теорияның негізгі принциптері, музыкадағы «табиғилық» түсінігі, әуен категориялары, әуеннің пайда болуы, үйлесімділік мәселесі, адамның музыка шығару қабілетінің дарындылығы дәрежесінің әртүрлі сатысы, ырғақ және тәжірибе арқылы теориялық тұжырымдарды тексеру, кемелділік секілді мәселелерді терең түсіндіріп кеткен.

Музыка тәжірибесінің ерекше, рухани бөлігін исламдағы музыкалық діни қызмет құрады, мұсылман дәстүрі бойынша оны мусика және гина түсініктерімен біріктірген. Музыкалық басқа түрлерінен бөлек ұстау және оны айрықша терминдермен белгілеу: тагбир, тәжуид - құран оқуда шақыру, азан – намазға шақыру, тахлил, талбиййа, мәуліт – діни музыка салты және т.б. Ал, әл-Фарабидің діни ілімдері туралы пікірлері негізінен мұсылман мәдениетінің мына төрт тармағына байланысты:

1) хақиқат (бір Алланың ақиқаттығын дәлелдеу);
2) шариғат (мұсылмандық тұрмыс-салт заңдары);
3) тариқат (Аллаға қызмет еткен әулиелер өмірі);
4) маарифат (білімділік, парасаттылық идеялары) [1, 76 б.].

Ғылым мен өнерді бір-бірінен бөлектеп, ажырата қарау, мүшелеп үлеске салу әл-Фараби сынды барлық ғылым саласын тегіс қамтыған ғалымға тән емес. Әл-Фараби үшін әр ғылым – поэзия, ал поэзия өнердің атасы, олай болса өнердің өзі – ғылым деп тұжырымдауға болады [2, 305 б.]. Әл-Фараби өзінің шығармаларын сол замандағы рухани-ғылыми тіл саналығын араб тілінде жазғанымен, өз Отанының ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мәдениетінен әрқашан нәр алып отырған. Әл-Фарабидің ұлылығы оның өз отанының мәдени саласына ирандық, үнділік және антикалық мәдениеттерді ұштастыра білуі.

Шығыстың классикалық, философиялық-эстетикалық ілімдеріне назар аударсақ, бұларда да сопылықтың да, ислам дінінен бұрынғы түркі ұғымдарының да ықпалы көрінеді. Мысалы, сопылық ағым категориялары, зерттеушілердің пайымдауынша, «ортағасырлық Таяу және Орта Шығыстың музыкалық ғылымында көрініс тапқан, ол еңбектерде музыка ілімі әсемділік және үйлесімділік өнері ретінде маңызды орын алған. Бұл мәселеге қатысты көптеген көрнекті ойшылдар әл-Кинди, әл-Фараби, Ибн Сина, әл-Ғазали, Жәми. сынды ғалымдардың еңбектерінде мән берілген. Аталған ғұламалардың көпшілігі сопылық көзқарасты ұстанған» [3, 125 б.]. Осыған орай шығыс философтарының музыкалық теорияларын қарастыру барысында сопылық музыкалық теориялар мен ежелгі түркі дәстүрлі көзқарастарының сабақтастығы анық көрінеді.

Әл-Фарабидің музыка іліміне биографиялық тәсілді қолдану нәтижесінде қиын және көпжылдық ізденістер: жете түсіндірілген, түсініксіз, жете түсіндірілмеген, интуитивті ойлар қалыптасты. Тіпті ең аяқталған шығарма ұлы ілімнің өзінде түсініксіз қарама-қайшылықты жерлері қалып қояды. Мәтіндік талдау комментарийлерді ереже бойынша қалпына келтіреді, бірақ ойшылдың өз уақытында қатысқан шығармашылық туу жағдайы өмірге қайта келмейді. Жаңа тарихи жағдайда әл-Фарабидің музыка ілімінің мазмұнына жаңаша сипат берілген және оның моральді-эстетикалық көзқарасының жаңа ұрпаққа әсер етуі. Әл-Фарабидің музыкалық ілімінің заманауи көрінісі өмірде өзекті болып табылатын гуманистік, әлеуметтік-эстетикалық мәнімен байланысты. Әл-Фараби өзінің әлеуметтік ортасына, замандастарына, адамзатқа, болашақ ұрпақтарға арнайды. Ол өз заманындағы шекарадан өтіп, өз уақытындағы тәжірибе мен білімін болашаққа енгізуге тырысты және өз заманындағы музыкалық мәдениетті адамзаттың мәңгілік құндылықтық өлшемімен беруге тырысты. Бұл мәңгілік болатын

этикалық бағдар (жақсы мен жаман) және жалпы адамзаттық эстетикалық құндылық (көркемдік – ұсқынсыздық). Әл-Фарабидің музыка ілімінің бағалы қиындысы жаңа заманауи кезеңге араласып кетті, оның барлық аксиологиялық құрылымы ауысқандықтан, оның заманауи кезеңіне талдау жасау басқа жолдармен жүргізілуі керек. Бұл ілім ол басқа уақытта, басқа ішкі байланыста, басқа заманауи музыкалық мәдениетпен қарым-қатынаста өмір сүріп жатыр. Нәтижесінде, оның ілімі өзіндік эстетикалық мағынасында өзгеше болып шығады. Ұлы ілімнің тарихи дамуы барысында өзінің көркемдік құндылығы мен концептуалды мағынасы жоғарылай түсуде. Алайда музыкалық ілімді шектен тыс көтеру секілді жағдай интерпретатор қалап отырған ілімдегі субъективтік «ұғынып оқу» болып табылмайды.

Қазақтың қазіргі кездегі белгілі философы А.Х. Қасымжанов әл-Фарабидің шығармашылық қолтаңбасының айқын көрінісі методологизм болып табылатынын, барлық жалпы философиялық мәселелерді ғұлама әдіснамалық деңгейге, ақиқатқа жетудің әдістері мен формаларын анықтауға дейін жеткізетінін айтып кеткен. Әрине, әл-Фарабидің музыка ілімі көркемдік жүйе болып интерпретацияланады. Кез келген ғылыми жүйені оның ішінде музыка саласын түсіндіру барлық заманауи зерттеушілердің міндеті. Зерттеуші ғылыми ойдың аксиологиялық жағымен қатар, музыкалық ілім мен жалпы музыканы міндетті түрде рәміздік жүйесімен қарастырып, музыканы рәміз ретінде көрсету жағдайына шығу керек. Зерттеушіге бұл белгілік жүйе оның ойын ашатын кілт екенін түсіну қажет. Ол белгілік жүйелері қайдан шықты? Олар музыкалық мәдениеттен, табиғи және конвенциалық тілдік белгілер мен оларды қолдану мен түсіну дағдысынан құрылған. Әл-Фарабидің жасаған музыкалық белгілері оның құндылығы мен мағынасының жүйесін білдіріп отыр, яғни жалпы адамзатқа белгілі бір маңызды эстетикалық концепцияны беріп отыр.

Қазақ музыка өнерінің алғы бастамасы болып табылатын түркі музыка мәдениетінде әл-Фарабидің негізгі музыкалык-эстетикалық көзқарастарын қарастыра аламыз. Бұл еңбекте ғалымның шығармашылық үрдістің табиғатына қатысты терең ой-толғаулары маңызды орын алады. Нағыз поэзия мен музыка әл-Фарабидің ойынша, қандай көрсеткіштерден құрылады? Орындаушылар тындаушыларға белгілі әсер беру үшін қандай тәсілдерді қолдану керек? Осындай сауалдарға ғалым өзінің ой-толғауларында жауап беруге тырысады. Ғалымның ойлары жалпы өнер ұғымдарын ашуға негізделген, оның ішінде көркемдік бейненің қалыптасуы, өнерді түсіну мәселелері, тағы басқалар көркем шығармалардың мазмұны мен өнердің тағайындалуына байланысты маңызды тақырыптарды көтереді. Қазақтың белгілі философы А.Х. Қасымжановтың пікірі бойынша, әл-Фараби музыкаға ерекше назар аударған. Ол музыканы математиканың бір бөлігі ретінде (пифагорлық кесте) және жан-жақты кешенді түрде қарастырған [4, 197 б.]. Бұл тұрғыда осы өнердің мән маңызы туралы, өнер адамының шығармашылық шеберлігіне қатысты философтың ой-тұжырымдары сан-саралы. Мысалы, әл-Фарабидің пікірінше, ақын болу үшін табиғи дарындылықпен қатар өлең шығару зандылықтары мен өнердің теориялық негіздерін білу міндетті түрде қажет. Тек аталған ұғымдардың терең өзара байланысты қарым-қатынастарының нәтижесінде ғана «ойшыл» ақынның дәрежесіне жетуге болады [5, 367 б.].

Өзінің музыкалық трактаттарында әл-Фараби музыканың мәнін түсіну мен өнер адамдарының дарындылығы туралы жазады. Ортағасырлық Шығыс ойшылдарының трактаттарындағы музыка тақырыбын талқылау барысында олардың еңбектерінің бірнеше негізгі пунктері анықталды. Оның ішінде өнердің «мағыналы мезеттерін», оның түпкі маңызы мен философиясын ашу туралы мәселелер қозғалады. Бұл тұрғыда музыкалық эстетика басқа ілімдердің тақырыптарымен, олардың жалпы философиялық дүнетанымымен ұштасады. Мысалы, әл-Фарабидің еңбектерінде былай жазылған: «Логика мен поэтика бөлімдері дүниетанымдық тұрғыдағы принциптік мәселелерін қарастыруда, соның ішінде өмір философиясын, адам не үшін өмір сүретінін көрсететін құндылығын да игерген» [4, 198 б.]. Поэзия сияқты музыкалық ойда өмірлік принциптерден құралып, өмірлік дүниелердің оның рухани құндылығын қарастырып, дүниетанымдық көріністің нәтижесін айқындайды.

Музыкалық үндестіктің адамның бес сезімінің бір-бірімен жымдасып тұтасып, байланыса келіп қабылдау әрекетін күшейте түсетініне ғалым ерекше көңіл бөлген. Әсіресе

есту мен көруге баса назар аударған. Есту мен көру сезімдері тұтасып келгенде өнер әсері арта түседі. Бұған мысал ретінде әл-Фараби билеу, жырлау, аспапта ойнау – үшеуін тұтастыра қарауды мақұлдайды. Естілу мен көрінудің әсері бір, екі сезімнің ырғақ толқыны үндеседі дейді. Есту мен көру адамның зердесінде сәйкес бейне тудырады, ой-қиялын қозғайды, алға жетелейді, елітеді, ерітеді. Суретші бояуы, сәулет өнері әсемдік-көрік, әсемдік сезімді оятса, нәзік үн, сыңғыр әуен тағы да сол жүректің әсемдік, әдемілік сезімдік пернесін бойлайды. Соған қарағанда, өлеңнің өлшем, ұйқасы; әуеннің толқын-ырғағы, бидің ырғақ қимылы өлшемдес болу керек деген өнер туралы қорытынды жасайды. Есту мен көрудің сәйкестігі туралы қағиданы әл-Фараби ғылыми дәрежеге көтереді. Көру мен есту сезімдерінің негізі – жарық пен дыбыстық қасиетінде: «Жарық сәулесі мен дыбыс толқыны бірімен-бірі гармониялық байланыста болса, – дейді ғалым – оның шындығын өнер саласында адамға етер әсерінен пайымдасақ, онда дәл осы екі қасиет бір тұтас ортақ заңға бағынбай ма екен?» [6, 166 б.]. Ғалым өзінің осы сауалына тамаша жауап береді. Жарық – оптикалық ғылымдар негізі болса, дыбыс – механикалық серпіннің негізі. Демек, оптика мен механика арасында сәйкестік, үндестік барлығын тұжырымдайды. Бұл күнде бұл қағида толық дәлелденіп отыр. Оптика мен дыбыстың механикалық серпіні бір ғана заңға – толқын заңына бағынатыны белгілі. Сондықтан қазіргі ғылыми-техникалық дамуда толқын заңының маңыздылығын кім білмейді. Оптика мен механика туралы әл-Фарабидің ғылыми еңбегі – үлкен ғылыми жетістік. Сәуле мен дыбыстың шығу, тарау, бұрылу, шағылу, сыну заңдары туралы ережелері әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ. Әл-Фарабидің бір ұтқан жері – осы екі салаға бірдей геометрияны қолданады. Оның басты себебі – сәуле мен дыбыстың тарау заңы геометриялық сызықтардың тарау заңына сәйкес. Мәселен, сәуленің айна бетінен шағыласуы геометриядағы симметрия жазығы деген түсінікке дәл келеді. Ойыс айнадағы сәулелердің шоғырлануы – геометриялық парабола сызығына сәйкес. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Әл-Фараби геометрияны терең зерттеп, жаңа сатыға көтеріп көптеген ғылымдарға қолданған. Әсіресе, астрономия мен музыканы түсіндіруде геометрияға да жиі жүгінеді. Астрономияның ол кездегі негізі – аспан шырақтары: Күннің, Айдың, планеталар мен жұлдыздардың қозғалысын, өзара орналасқан қалпын бақылау, яғни, көзге көрінетін құбылысты ғана бақылады. Астрономияны зерттеуде де әл-Фараби геометриялық оптиканы негізге алады. Себебі, ғалымның пікірі бойынша барлық заттың шыққан тегі – жарық сәуле – нұр, сондықтан да ол барлық табиғат дүниесінің негізгі заңы болмақ [6, 167 б.]. Әл-Фарабидің эстетика саласына арналған «Поэзия өнерінің канондары туралы трактаты», «Риторика», «Поэзия (өнері) туралы», «Музыканың үлкен кітабы», «Бақытқа жету» секілді құнды шығармалары бар [7, 13 б.].

Араб философиясының дамуымен қатар, адам жанына әсер етуші негізгі ғылым ретінде музыкаға да үлкен мән берілді. Олар үйлесім заңдылығы математикаға негізделген деген тұжырым жасай отырып, өнердің ең жоғарғы деңгейі ретінде бағалады [8, 242 б.].

«Музыканың үлкен кітабы» ежелгі дәуірден біздің заманымызға дейінгі арабтардың музыка жайында жазған еңбектердің ең кемелдісі болып саналады.

Алғы сөзде музыкалық білімнің негіздері жөнінде атай келе, ғалымдар бұл трактатты негізгі арқа сүйер қайнар көз ретінде алғандарын еске түсіріп кеткенді жөн санаған [9, 14 б.].

Әл-Фараби бойынша музыкалық өнер екі аспектімен түсіндіріледі, болмысы жағынан алып қарасақ «парасатты ойлау формасы» ретінде, ал таным жүйесі бойынша – математика ғылымы, философияның бір бөлімі [9, 49 б.] болып табылады. Музыкалық өнердің мағынасын «талиф ал-алхан» (әуендердің композициялары, композиций мелодии) ретінде қарастырады. Оның көмегі арқылы кемелденіп, жетіле түседі.

Ол музыканы физикалық және рухани аспектіге бөліп, оның практикалық және теориялық жағын ашып қарастырады [7, 44-49 бб.].

Әл-Фараби ғылымдарды жіктегенде музыканы математикалық ғылымға жатқызады. Негізі ол ғылымды бес түрге бөліп қарастырады. Атап айтсақ, әл-Фараби сол кезде танымал болған ғылымдарды бес тармаққа бөліп, олардың жалпы алғандағы және бөлек-бөлек алғандағы сипаттамасын мазмұндаған:

1) тіл туралы ғылым және оның тармақтары;

2) логика және оның тармақтары;

3) математика ғылымдары: арифметика, геометрия, оптика, жұлдыздар туралы ілім, музыка, салмақ туралы ілім;

4) физика және метафизика, олардың тармақтары;

5) азаматтық ғылым және оның тармақтары, құқықтану және діни негіздер [10, 53 б.].

Әл-Фарабидің ғылымдар саласын топтастыру әдісінің өзінде терең мағына жатыр. Алдымен оның тіл іліміне аса зор мағына беретінін көреміз. Логика ғылымын қарастыруда оның аса көңіл аударатыны дәлелдеу – «Бурхан» әдісі. Дәлелі жоқ нәрсені әл-Фараби толық ғылым мағынасына қоса алмайды [11, 244 б]. Оның математиканы қалай кең мағынада алғаны жоғарыдағы тараулардан көрініп тұр. Оның ішінде математикалық нақты өзімен қатар механика тараулары да бар, оптика мен дыбыс – музыка да бар, астрономия да бар. Осы кейінгі айтылған ғылым тарауларының бәрінде математика әдістері басым екендігі шындық. Әсіресе сол ғылым салаларында әл-Фарабидің өз басы математиканы толық қолданды. Тағы бір айта кетерлік жағдай: осы айтылған ғылымдар тарауларының бәрінде ғалым екі бөлімін қатар көрсетіп отырады. Оның бірі – теориясы, екіншісі – практикасы.

«Ғылымдар классификациясы туралы» еңбегінде музыкаға төмендегідей түсіндірме беріп өткен: «Музыка ғылымына келетін болсақ, бұл ғылым әуендердің түрлерін зерттейді; әуендердің неден құралатынын; оны не үшін шығаратынын; бойға терең сіңіп, күштірек әсер етуі үшін бұлардың қандай болуы керек екенін зерттейді» [12, 156-157 бб.]. Жоғарыда айтылғандай музыканы да екіге бөліп қарастырады:

1) музыкалық практика;

2) музыка теориясы.

Музыка теориясына ғылымды зерттеудің теориялық принциптерін қарастыруды, музыка негіздерін, мәселелерін зерттеуге, әл-Фарабидің сөзімен айтқанда, дыбыс тондарын шығаруға, олардың түрлеріне, ырғақ құрастыру тәртібін, осы ғылымның негізінде зерттелетіндердің бәрін қиыстырады және адам қабілеті мен аспаптардың шеберлігі арқылы жаратылған қилы түрлерді қарастыруды, дыбыс тонының өлшемдерін көрсететін ырғақтардың түрлерін және кемелденген, поэтикалық өнерде қолданылатын – жалпы ырғақтардың композициясын зерттеуді, оның ішінде олардың мақсаттары мен жетілдіру әдістерін, т.б. жатқызады. Ал музыкалық практиканың міндеті – табиғи немесе жасанды аспаптардан шығатын, құлақпен қабылданатын әуендердің түрлерін іздестіру.

Табиғи аспаптар – бұл тамақ, кішкене тіл және тамақтағы барлық мүшелер, содан соң – мұрын; жасанды аспаптар, мысалы, сыбызғы, лютня және басқалары. Музыкант-практик әуендерді, олардың интонациялық үйлесімділігін және музыкалық аспаптардан шығатын барлық үндерді біледі. Музыка теориясы интеллекцияның пайымдалғыш объектісі ретінде музыка саласынан білім береді; әуендердің қалай құралатындығы себептерінің барлығы келтіріледі де, олардың математикалық тондық байланыс заңдылықтарын барлығын түсіндіреді. Бірақ материалдық түрде емес, абсолюттік мағынада және музыкалық аспап атаулының бәрінен және материя атаулының бәрінен абстракцияланған түрде келтіріледі; музыка теориясы бұларды қандай аспап арқылы немесе қандай дене арқылы жүзеге асырылса да, жалпылама түрде қабылдайды.

Әл-Фараби музыка теориясын негізгі үлкен бес тарауға бөліп қарастырды:

Бірінші қосымша тарау осы ғылымды пайымдау үшін қолданылатын принциптер мен бастамалар туралы баяндайды; бұл негіздерді қолдану әдістері және осы өнерді зерттеу әдістері қандай; бұл өзі қандай және қанша нәрседен тұрады, оларды қалай зерттеу керек, осыларды баяндайды.

Екінші қосымша тарау осы өнердің негіздеріне арналған. Бұл әуеннің үндестілігін ажырата білу туралы пікірлер; бұл үндестік қандай, оның негізгі тондары (тоника, квинта, кварта) мен олардың үйлесімділік заңдылықтары, біріне бірінің қатынастары және осының бәрінің дәлелдемелері түсіндіріледі. Бұл негізгі тақырыптағы әуендік тоникасы және оның саздық негізді түсініп, тану үшін музыка құрастырушы осы үндестілік негізінде музыкалық

жүйелерді реттестіріп, сол үндестіктегі p (пиано – ақырын), f (форте – қатты), mp меццопиано – орташа), mf (меццофорте) жолымен әуендер құрастыру тәртібі туралы пайымдауларды түсіндіреді.

Үшінші қосымша тарауда пікірлер мен дәлелдемелер арқылы негіздерде түсіндірілетіндердің бәрін гармониялық үйлесімділік туралы және жасанды аспаптардың түрлері туралы айтылады; осы арқылы олар негіздерде түсіндірілген тәртіп бойынша, сонымен бірге дәрежелер бойынша дайындалады, жасалады және орналастырылады.

Төртінші қосымша тарау әуен сазының өлшемі болып табылатын табиғи ырғақтардың түрлері пайымдалады.

Бесінші қосымша тарау жалпы әуен композияциясы, оның поэтикалық сатылары мен тәртібіне сәйкес шығарылған саздың негізгі заңдылықтары қамтылады; әуендердің әрбіреуінің мақсатына сәйкес өнердің мәнін көрсетеді; алға қойылған мақсатқа жету үшін әуендердің дамып жетілу және нәтижелі болу жағдайын түсіндіреді [13, 168-171 бб.].

Әл-Фараби «Ақыл мен ғылым туралы» трактатында, «Пифагордан кейін музыка математика ғылымына жатқызылды, немесе оның теориясы математикаға сүйенеді десе болады. Мәселен, жұлдыздар мәселесі астрологияда да, астрономияда да қарастырылады», – деген [14, 108 б.]. Пифагор секілді әл-Фараби де өзінің «Ғылымдар классификациясы туралы» еңбегінде математика ғылымының бөлімдеріне арифметика, музыка, жұлдыз туралы ғылымды жатқызған [10, 53 б.].

«Музыканың үлкен кітабы» кіріспе, «Музыка өнеріне кіріспе» және «музыка өнері» деген тараулардан тұрады. Ғұлама бұл шығарманы «Бірінші кітап» деп атайды, кейбір ғалымдар бұл еңбектің жалғасы болу керек деген пікірлер айтады. 1219 беттен тұратын құнды шығарманың кіріспе бөлімі: «Кітапқа кіріспе», «Зерттеушінің жазған кіріспесі» және «Әл-Фарабидің «Музыканың үлкен кітабы» деген тараулардан тұрады. Келесі бөлім, яғни «Музыка өнеріне кіріспе» бөлімін екі үлкен тарауға бөледі. Оларды «Музыка өнеріне кіріспеден бірінші мақала» және «Музыка өнеріне кіріспеден екінші мақала» деп атаған. Жалпы бұл бөлім 30 тараушадан тұрады.

Ал екінші бөлім – шығарманың өте үлкен бөлімі. Ол 309 беттен 1189 бетке дейін жалғасады. Сонымен қатар айта кететін жай, автор әр бөлімге қысқаша кіріспе жазып өткенімен, жалпы қорытындыны жазбай, тек «кітаптың соңы» деген сөзді жазған. Мұның өзі де әл-Фарабидің музыкаға арналған кітабы әлі аяқталмағанын білдіреді.

Әлемдік музыканың дамуына үлкен үлес қосқан «Музыканың үлкен кітабында» әуен түсінігі және оның маңызы, музыка өнерінің түрлері, мелодияны орындау түрлері, музыкалық ойдың сан түрлері, оның бейнеленуі, әуенді ойлап шығару және орындауды салыстыру, мелодия түрлері мен оның мақсаты, ән әуеннің пайда болуы, музыкалық аспаптардың пайда болуы жайында айтылады.

Негізінде қарастырып отырған мұсылмандық шығыс мәдениетінде өнерге қатысты ілімдер бөлек білім саласына бөлінбей, ойшылдардың жалпы философиялық-эстетикалық көзқарастарына кіргізілген. Мысалы, белгілі қазақ философы А.Х. Қасымжановтың пікірінше, «атап айтсақ бұл мағынадағы эстетикалық көзқарастар әлемге деген ерекше қатынастың саласы ретінде және соған сай күйзелістерді әл-Фарабиден көріп отырған жоқпыз. Тағы да ғұламаның еңбегінде өнерге деген, өнерді жеке пән ретінде немесе қандайда бір ілімнің тарауы ретінде қарастыратын толық жүйе жоқ» [4, 197 б.]. Сондықтан сол кезеңнің философтарының музыкалық-теориялық еңбектері неғұрлым көлемді жұмыстардың ішіне кірген. Мысалы, Ибн Синаның музыкалық теориялары оның белгілі «Ем кітабы», «Білім кітабы», «Құтқару кітабы» тағы басқа трактаттарына енгізілген [5, 361 б.].

Орта Азия халықтарының музыкалық мәдениеті өз бастауларын ғасырлар қойнауынан алады. Оның қайнар көздері көне дәуірлерден бері қарай осы жерді мекендеген әртүрлі ру-тайпалар мен халықтардың этногенезімен, этникалық тарихымен, дүниетанымымен және діни көзқарастарымен, олардың әлеуметтік, тұрмыстық жағдайларымен тығыз байланыста болған. Бұл тақырыпты зерттеудің маңыздылығы, ең алдымен, көне дәуірлерде біртұтас этномәдени конгломерат (қырық ру) құраған қазіргі Орта Азия халықтарының дәстүрлі музыкасының

қайнарларын ашып көрсетудің қажеттілігінен туындады. Сондай-ақ, сол халықтардың рухани еңбегі нәтижесінде пайда болып, ғасырлар қойнауынан бүгінгі күнге дейін жеткен баға жетпес музыкалық мұра – музыкалық дайын дүние. Оның көптеген түрлері мен жанрлары өзінің тәрбиелік және көркемдік-эстетикалық функциясын сақтай отырып, бұл халықтардың бүгінгі рухани мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады [5, 319 б.]. Олар бүгінгі күні белсенді даму үстінде, олардың бойында бұл аймақтағы әр халықтың музыка мәдениетінің әрі қарай дамуына қажетті үлкен мүмкіндіктер бар.

Орталық Азияның әлемдік өркениеттің маңызды бір бөлігі болғандығы белгілі. Бұл аймақтарда әрқашан көне дәуір мен орта ғасырларда ірі мемлекеттер болды. Бұл жерде бірнеше ғасырлар бойы Ұлы Жібек жолы бойымен Шығыстан Батысқа, Батыстан Шығысқа қарай әртүрлі тауар артқан керуендер ғана емес, сонымен бірге әр алуан этникалық топтарға жататын ұлт өкілдері де өздеріне тән діни сенімдерімен, қоршаған әлемге көзқарастарымен, көркемдік шығармашылықтағы ерекшеліктерімен осы жол үстінен өтті. Осы жерден Еуразия құрлығының демографиялық картасын өзгерткен халықтардың ұлы қоныс аударуы бастау алған [5, 320 б.].

Әл-Фарабидің пікірі бойынша, музыка адамның күнделікті өмірімен тығыз байланыста болып, утилитарлы және рухани қызмет атқарады деп есептейді. Музыкант үшін мұң мен қайғыны, ашу мен сағынышты және т.б. көңіл толқынын жеткізу үшін сөздің қажеті болмаған. Себебі, музыканың өз тілі, сезіммен астасқан рухани бірлігі бар, мысалы сезім тілі басқа көшпенді өркениеттерде түркі-қазақ мәдениетіндегі «күй» өнері арқылы белгілі. Күй феноменіне тең келетін бірде-бір дүние жоқ. Араб пен түркі музыкалық өнерінің біртұтастығында ортақ қасиет те осы болса керек. Әл-Фараби де осыған көп көңіл бөлген. Ол музыкалық өнер мәселелерімен шұғылдану барысында, музыканың біртұтас жүйесі мен тұжырымдамасын жасай отырып, осы дәстүрлерге арқа сүйенгенінде күмән жоқ деген тұжырымды пайымдайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ғабитов Т. Мәдениеттануға кіріспе. – Алматы: Санат, 1996. – 128 б.
2. Қазыханова Б. Қазақ халқының эстетикалық мәдениеті // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. / Қазақтың этикасы мен эстетикасы. – Астана.: Аударма, 2007. – 12 т. – 298-353 бб.
3. Юнусова В. Философско-эстетические аспекты суфизма и их отражение в музыке // Философия. Эстетика. Культурология. Статьи, заметки, документы. Вып. 1. – М., 1995. – С. 125-128.
4. Касымжанов А.Х. Проблема красоты в творчестве аль-Фараби // Вестник КазГУ. Серия востоковедения. – 1999. – №9. – С. 197-201
5. Қазақ өнерінің тарихы. 3 т. – Алматы: Өнер, 2007. – 2 т. – 391 б.
6. Машанов А. Екінші Аристотель // Жұлдыз. – № 9, – 1973. – 166-168 бб.
7. Бурабаев М.С. Философия искусства Фараби // Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии / Пер. с арабского. – Алматы: Ғылым, 1993. – С. 44-49.
8. Фильштинский И.М., Шидфар Б.Я. Очерк арабо-мусульманской культуры (VII – XII вв.). – М.: Наука, 1971. – 312 с.
9. Әл-Фараби. Китабу әл-мусика әл-кабир. – Cairo: The arab writer, 1967. – 1608 б.
10. Аль-Фараби. О разуме и науке. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 114 с.
11. Машанов А. Әл-Фараби. Тарихи-деректі кітап. 870-1970. – Алматы: Жазушы, 1970. – 245 б.
12. Аль-Фараби. Философские трактаты. – Алма-Ата: Наука, 1970. – 429 с.
13. Аль-Фараби. Книга о классификации наук // Музыкальная эстетика стран Востока / Общая ред. и вступ. статья В.П. Шестакова. – М.: Музыка, 1967. – 414 с.
14. Нысанбаев Ә., Құрманғалиева Ғ. Философ. Ғалым. Энциклопедист // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана: Аударма, 2005. – 3 т. Әл-Фараби философиясы. – 5-39 бб.

Бекбоев А.А. *философия илимдеринин доктору, профессор,*
Козубаев О.К. *философия илимдеринин доктору, профессор,*
Карабукаев К.Ш. *философия илимдеринин доктору*
Кыргыз Республикасынын Улуттук илимдер академиясынын
академик А. А. Алтмышбаев атындагы Философия институту
Бишкек ш., Кыргыз Республикасы

ЧЫГЫШ ПЕРИПАТЕТИЗМИ ЖАНА АЛЬ-ФАРАБИНИН КАТЕГОРОЛОГИЯСЫ

Аннотация. Макалада Аль-Фарабинин категорологиясынын коцнептуалдык мазмуну ырааттуу анализденип, жалпы эле теориялык негизи терең философия тарыхын, өздөштүрүү, ошондой эле Аль-Фарабинин дүйнөкараштык тариздеги мурасын окуп-үйрөнүү илимий изилдөө ишин дыкат жүргүзүү үчүн зарыл экендиги тастыкталат. Аль-Фарабинин категорологиясы обьективдүү-реалдуулук нукта экендиги белгиленип, анын алкагындагы болум кубулушу автор тарабынан аң-сезимден тышкары кубулуш катары мүнөздөлөт. Мындай, ойчулдун категорологиясын конкреттүү-тарыхый ыкманы пайдаланып аңдоо, орто кылымдардагы чыгыш философиясын адекваттуу баалоого шарт түзөөрү макалада ойлом материалдарынын негизинде таасын белгиленет.

Негизги түшүнүктөр: перипатетизм, дүйнөкараш, дилектика, логика, абстрактуу, конкреттүү, концепция, ойжүгүртүү, субстанция, акциденция, теология, маданият.

Аннотация. В данной статье анализируется концептуальное содержание категориологии Аль-Фараби, при этом прослеживается мысль о том, что исследование прогрессивно-регрессивной истории мысли в целом, и философско-мировоззренческой мысли Аль-Фараби в частности, необходимо прежде всего для извлечения из них полезного теоретического опыта. Категориология Аль-Фараби характеризуется как учение об объективно-реалистическом осмыслении внешнего мира, в контексте которого бытие существует независимо от нашего восприятия и убеждений, обладая объективными данными. Анализ показывает, что такой подход не только помогает понять основы мышления в арабской философии, но и может быть ценным источником в формировании современных философских концепций.

Ключеыве слова: перипатетизм, мировоззрение, диалектика, логика, абстрактное, конкретное, концеция, мышление, субстанция, акциденция, теология, культура.

Annotation. The article analyzes the conceptual interpretation of A.-Farabi's categorology and traces the idea that, due to this initial scientific and methodological position, the study of the progressive and recurrent history of thought in general and the philosophical and philosophical thought of al-Farabi in particular. It is necessary first of all to extract positive theoretical experience from them. Al-Farabi's categorology is characterized as the doctrine of an objective-realistic understanding of the extra-objective world, in the context of which existence exists independently of our perception and beliefs, and that it has objective data.

Key words: peripatetism, worldview, dialectics, logic, abstract, concrete, conclusion, thinking, substance, accident, theology, culture.

Аль-Фараби орто кылымдардагы орчундуу философиялык система – чыгышперипатетизминин негиз салуучусу экендиги талашсыз, анын философиялык комментариялары, категорологиясы чыгыш ойчулдары үчүн өтө маанилүү булак болуп эсептелет. Мындай олуттуу бүтүмгө Иб Синанын мындай деп деген ою күбө: эгерде экинчи насаатчынын (аль-Фарабинин) жазган комментариялык түшүндүрмөлөр болбогондо мен үчүн Аристотелди окуп үйрөнүү мүмкүн эмес болмок.

Аль-Фарабинин категорологиясы тууралуу ой жүгүртүү үчүн адеп диалектикалык ыкма тууралуу учкай белгилеп кетишибиз зарыл. Георг Вильгельм Фридрих Гегель биринчи жолу табигый, тарыхый жана руханий дүйнөнүн өнүгүшүнүн, өз ара кыймылынын ортосундагы ички байланышты ачып көрсөтүүгө жасаган аракетинин натыйжасында

философия тарыхы үзгүлтүксүз өнүгүп-өзгөрүүдөгү процесс катары карала баштагандыгы белгилүү. Гегелдин диалектикалык методу ага адамзат ойлорунун өнүгүш жолунда ар түрдүү тарыхый баскычтарындагы байланыш (танууну тануу) катары көрүнгөн философиялык өнүгүүнүн объективдүү логикасын туура түшүнүүгө мүмкүндүк берген.

Логика катары түшүнүлгөн диалектика, мунун тескерисинче, диалектика катары түшүнүлгөн логика ар кандай эле философиялык концепция, ал илимде белгилүү бир доорду түзгөнүнө карабай, философия тарыхынын жалпы жолунан сырткары, кокустан, күтүүсүздөн пайда болбойт. " [Кара: Джохадзе, 1977: 9]. Ошол себептүү ар кандай эле философиялык окуулардын ортосунда байланыш болуп, алардын ар бири өзүнөн мурунку окуулар менен тыгыз карым-катышта болот. Алардын ортосунда, Гегелдин сөзү менен айтканда, өзгөчөлүккө караганда жалпылык көп болот. Адамзат ой жүгүртүүсүнүн спираль өндүү өзүнүн баштапкы чекитине кайрылып келүүсү, "өткөндүн" башка жаңы доордо, жаңы кыртышта кайрадан кайталанышы философиялык ойлордун жөнөкөйдөн татаалга карай өнүгүүсүн мүнөздөйт.

В современном мире молодежь сталкивается с множеством вызовов и искушений, которые могут отвлечь их от духовных ценностей. Однако, через изучение работ Альфараби и его философских идей, молодежь может обрести понимание о важности духовного развития и нравственности. Они могут изучать философию и этику, применяя принципы Альфараби в своей жизни. Путем изучения работ великого мыслителя Абу Наср аль-Фараби, молодежь может обрести понимание о важности духовности и морали через самосовершенствование, религиозные и духовные практики, а также активное участие в культурной жизни, может стать драйвером нравственно-духовного возрождения нации и создания гармоничного и справедливого общества.

Сегодня современная молодежь может также вносить свой вклад в духовное возрождение нации через участие в общественных и благотворительных деятельностях, быть активными участниками гражданского общества и защищать права и интересы других людей.

Духовные ценности играют важную роль в формировании молодежной культуры и нравственности. В современном обществе поиск смысла и духовного возрождения становится все более актуальной проблемой. Его работы позволяют нам глубже понять ценности, которые могут способствовать нравственно-духовному возрождению нации. Пути решения этой проблемы могут включать в себя образовательные программы, направленные на развитие духовных качеств у молодежи, а также пропаганду здоровых ценностей через культурные и религиозные институты. Важно создать условия для обсуждения и осмысления духовных вопросов среди молодежи, чтобы они могли найти свою собственный путь к нравственно-духовному возрождению.

Аль- Фараби уделяет большое внимание вопросам воспитания совершенной личности, поставляя человека в центр своей философской системы. Он рассматривает совершенного человека как гармонично развитую личность, объединяющую физические и душевные качества. Фараби считает, что идеал совершенного человека совпадает с идеалом главы государства, поскольку только совершенному человеку можно доверить судьбы людей. Он утверждает, что человек по своей природе предназначен к совершенству, и верит в разум человека, способного к достижению высших целей как на уровне индивида, так и в рамках коллективной деятельности. Фараби считает, что совершенство человеческой натуры и гармония человеческого бытия заложены изначально в способности человека к разумному и доброму существованию.

Таким образом, через изучение работ великого мыслителя Аль-Фараби и применение его идей в современном обществе, можно обрести новые пути решения проблемы духовного возрождения нации через воспитание духовных ценностей среди молодежи.

Все эти учения и труды очень близки и татарстанцам. Особым примером могут служить культурные проекты, которые сегодня осуществляются в Республике Татарстан с участием молодежи. Это ежегодный фестиваль родословной «Эхо веков в истории семьи – Тарихта без эзлибез», утвержденный Постановлением Кабинета Министров Республики Татарстан от 10.06.2016 №395 «Об утверждении Государственной программы «Развитие архивного дела в Республике Татарстан на 2016- 2025 годы». В этом году фестиваль проводится в рамках Года семьи, в целях сохранение преемственности поколений, укрепление семейных и семейно – родственных связей на основе общности национальных традиций и эстетических идеалов, изучение истории своего рода, народа, родного края, возрождение национальных традиций, обычаев народов Республики Татарстан, поддержки и развитии традиций семейного творчества, усиление его в эстетическом, нравственном и духовном воспитании подрастающего поколения. В Муниципальном этапе приняли участие 43 региона Республики Татарстан, это более 2000 участников. Участники представили ценнейшие реликвии своих предков, сделанные 9 мая 1945 года в Берлине. В Камско – Устьинском муниципальном районе РТ, известном своими интернациональными традициями, представители татарской. мордовской, чувашской династий представили свои родословные, национальные блюда и традиционные танцы. Участники фестиваля документально подтверждают свои родословные справками Государственного архива Республики Татарстан с первой половины 19 века, некоторые семейные родословные ведут свое начало с 13 –го века. «Память поколений очень важна в жизни каждого человека. Когда мы узнаем, насколько силен род, мы узнаем, насколько силен весь народ и люди, которые живут с нами», – отметила председатель Государственного комитета РТ по архивному делу Гульнара Габдрахманова. На первом этапе конкурса необходимо было рассказать о своем роде, представить генеалогическое древо, подчеркнуть знаковые события и людей в истории своей семьи, отметить основные традиции, которые передаются из поколения в поколение. Кроме того, участники представили членам жюри национальные блюда, которые готовят в их семьях, и рассказали, почему именно эти угощения являются их визитной карточкой. Среди угощений

были пироги, блины, десерты и другие виды национальных блюд.

«Мы решили участвовать в конкурсе ради детей, чтобы они знали историю своей семьи, помнили свои корни, чтили память своих предков, – рассказала мама Тимура Славина Адиля Гумерова – основная традиция нашей семьи – это сохранение преемственности и дружба между всеми родственниками, которые проживают в различных странах». Как подчеркнула Адиля Марсовна, свои истоки семья берет из Рязанской области, Тетюшского района Татарстана, а также из Украины. Сейчас семья Славиных насчитывает более 70 человек. Их родственники живут в различных уголках России – Москве, Санкт-Петербурге, Йошкар-Оле, Челябинске, а также во Франции, Германии, Узбекистане и других странах. «Очень важно помнить и говорить о традиционных семейных ценностях. Мы рады, что в Казани есть такие семьи, это отличный пример для многих из нас», – подчеркнул руководитель Аппарата Исполкома Казани Булат Алеев.

Членами жюри этого фестиваля, вот уже шестой год являются студенты и преподаватели Казанского государственного института культуры. Студенты Вуза отмечают, что для них такой опыт является примером для создания своей семьи и сохранения традиций своих родословных. И уже сейчас студенческая молодежь Вуза нацелена заниматься сбором архивных материалов о своей семье.

Сегодня в Вузе ведется огромная исследовательская работа по сохранению национальных традиций Поволжского региона России, сбору и оцифровке обрядов и праздников, которые вошли в материалы проекта «Капсула времени». Это уникальный проект, он призван бережно сохранять аутентичную культуру народов Поволжья и регионов России. Каждый житель России может воспользоваться уникальными архивными материалами и транслировать их в своих городах.

Наш регион входит в число лидеров по внедрению современных технологий в области сохранения культуры, по цифровому развитию отрасли, является уникальной площадкой для развития креативных индустрий, где активно принимают участие студенты Казанского государственного института культуры. В Инжиниринговом центре мы пытаемся соединить традиции и инновации, цифровые технологии и традиционные народные промыслы. В рамках работы инжинирингового центра Вуза систематизировали деятельность научных исследований, технологий и производства. Например, для создания виртуальных тренажеров была проделана большая исследовательская работа, так для тренажера по деревообработке собрали более 500 наличников Поволжского региона.

Студенты нашего института, изучив аналитику, совместно с индустриальным партнером Производственным объединением «Зарница» разработали программно-аппаратный комплекс виртуальной реальности по народно-художественным промыслам (по текстилю, деревообработке и гончарному искусству) в котором пользователь получает уникальный опыт по производству традиционных изделий. Студентами были разработана памятные знаки и медали по заказу ювелирной компании «Алмаз ВИП», разработан дизайн и прототип медали в честь 1100-летия принятия Ислама Волжской Булгарии, который в последующем вышел в тираж более 8000 экземпляров),разработка программного обеспечения, например была разработана большая экскурсия по национальному подворью в виртуальной реальности в национальном комплексе «Татарская усадьба».

На сегодняшний день Инжиниринговым центром ведется работа над проектами в рамках «Благоустройства современной городской среды» и программы «Мой двор» разработка и создание малых архитектурных форм модулей детских спортивных и игровых площадок с элементами и орнаментами разных народностей мира. Разрабатывается дизайн детской игровой уличной площадки, с соблюдением норм безопасности, экологичности с использованием национальных героев и традиционных татарских игр. Разрабатывается площадка для развития креативной экономики Республики Татарстан «Шоурум креативного инкубатора».

На сегодняшний день в лаборатории текстиля разработано восемь коллекций одежды разных по стилю и применению. Так молодежная коллекция по мотивам национального

орнамента была создана для Фабрики Текстиль Транс - самой крупной фабрики по производству изделий из хлопка в Кыргызстане «Салкын», спортивная коллекция для Татарско-русской школы №80 г. Казани с учетом дресс-кода школы, национальной колористики, костюмы для офисной и наградной группы. Одна из этих коллекций отмечена специальным призом и Дипломом "За сохранение национальных традиций" и активное участие в XXI Евразийском конкурсе высокой моды национального костюма «Этно-Эрато», прошедшем в г.Якутске с 22 по 26 июня 2022г.

Как отмечал Абу Наср аль - Фараби «…в историческом прошлом, как общество, так и индивид, могут находить источники духовной и нравственной силы, которые и способны дать стойкую опору и уверенность, благодаря которым общество и человек могли бы продвигаться дальше в поисках ответов на вызовы своего времени.… Его богатейшее наследие представляет собой уникальную духовную опору, столь необходимую для возрождения и восстановления истинных человеческих ценностей».

Абу Наср аль-Фараби выражает не просто свою эпоху, он выражает стремление человечества к совершенству, проблемы, которые он поднимал, остаются актуальными и сегодня, и их решение способствует всё большему возвышению человека к прекрасным вершинам вечности.

Таким образом, духовные ценности современной молодежи и их нравственно-духовное возрождение играют важную роль, которые помогут им обрести гармонию и духовное благополучие.

Библиография

1. Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. -Алма-Ата, 1973.
2. Абдильдин Ж.М., Бурабаев М.С. Аль – Фараби. Историко – философские трактаты. Наука, 1985. -112с.
3. Аль-Фараби «Трактат о взглядах жителей добродетельного города» 1957 – 270с.
4. Аль-Фараби. Книга указания пути к счастью. Хайдарабад, 1927.
5. Нысанбаев А.Н. Духовное наследие аль-Фараби: диалог культур Востока и Запада // Наследие аль-Фараби и мировая культура. Алматы. 2002.

Сатыбекова С.К. «Гуманизм Аль-Фараби» Алма-Ата: Наука, 1975

Жұмажанова Ф.Т., *филол.ғ.к.,*
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫНДАҒЫ КЕЙБІР ЭТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Аңдатпа. Бұл мақалада, әл-Фараби идеяларын танымдық, адамгершілік және эстетикалық мәдениеттердің бірлігі тұрғысынан қарастыра отырып, әл-Фараби мұрасын қазіргі дүниетаным сұранысы аясында жаңартуға тырысу қажеттілігі туралы айтылады. Әл-Фарабидің мәдениеттер мен халықтардың бірлігі мен өзара түсіністігіне, гуманизмге және планетарлық этикаға бағытталған, жаңа дүние дәуірінің қалыптасып келе жатқан дүниетанымы аясында өзекті идеяларының жиынтығы көрсетіледі.

Тірексөздер: Ақыл, ой, сұлулық, ізгілік, этика, эстетика , құндылықтар

Аннотация. Рассматривая в данной статье идеи аль-Фараби с точки зрения единства познавательной, нравственной и эстетической культур, говорится о необходимости попытаться обновить наследие аль-Фараби в свете требований современного мировоззрения. Будет представлена подборка современных идей Аль-Фараби, ориентированных на единство и взаимопонимание культур и народов, гуманизм и планетарную этику, в рамках формирующегося мировоззрения новой мировой эпохи.

Ключевые слова: разум, мысль, красота, добро, этика, эстетика, ценности

Abstract.In this article, considering al-Farabi's ideas from the point of view of the unity of cognitive, moral and aesthetic cultures, it is said about the need to try to renew al-Farabi's legacy in the light of the demands of modern worldview. A collection of Al-Farabi's current ideas focused on the unity and mutual understanding of cultures and peoples, humanism and planetary ethics, within the emerging worldview of the new world era, will be presented.

Keywords: Mind, thought, beauty, goodness, ethics, aesthetics, values

Адам өзінен өлшеусіз күшті тәртіптер желісінде өмір сүреді: қоғамның, мәдениет пен тілдің, дәстүрлер мен нормалардың, технологиялардың оған қатты әсер ететіні соншалық, олар, былайша айтқанда, адамның ішкі жан-дүниесіне ақырындап кіріп, сол жерге мықтап орналасып алады. Парызбен қалау, ақыл мен ессіздік, сана мен бейсаналық – мұның бәрі сыртқы тәртіптің мысалдары. Жоғарыда атап өткеніміздей, адам және адамзат мәселесі ғалымдарды да, философтарды да бұрыннан толғандырып келеді. Классикалық философияда адам парасат иесі ретінде анықталады. Ақылдың арқасында адам ғаламның заңдылықтарын түсінеді, ғылымды ашады, техниканы ойлап табады, табиғатты түрлендіреді және жаңа тіршілік ортасын жасайды. Парасаттылықпен қатар, адамның басқа да рухани қасиеттерін көрсетуге болады: адамда Құдайға деген сенім пайда болады, жақсылық пен жамандықты ажыратып үйренеді, өзінің өлетінін біледі, өткенді есте сақтайды және болашаққа деген сенімі болады[1, 18-б].

Адамның немесе қоғамның санасында мінез-құлықтың, белсенділіктің, шығармашылықтың идеалды үлгісін қабылдауға деген көзқарастың болуы осындай көзқарастың дұрыстығына деген сенімнің болуымен байланысты, яғни мұндай ұстанымды еркін және саналы түрде таңдауды талап етеді. Адам сыртқы күштер жүктеген мақсатқа сай емес, өзінің алдына қойған мақсатына сай өмір сүріп, әрекет етсе, онда ол еркін адам болып саналады. Адам біреудің мүддесі мен айла-шарғысының құралы бола алмайды, сол сияқты ол кез келген сыртқы жағдайдың қысымын қабылдайтын енжар тіршілік иесі бола алмайды. Адам саналы түрде адамзат игілігі үшін таңдау жасап, осындай түсінікке, қабылдаумен таңдауға сәйкес әрекет еткен кезде ғана еркін адам ретінде өмір сүретін болады.

Біздің дәуірімізде адамды тоталитарлық жүйеде тез өзгеретінтүрге жатқызуға болады, өйткені мұндай тұлғаның бейнесін, яғниойы сан-саққа жүгіріп, мағынасыз кеңістікте шаршап-шалдығып жүрген адамдыкүнделікті өмірімізде жиі кездестіреміз. Осы жерде «Әл-Фараби гуманизм идеяларын уағыздап, адамдардың іс-әрекетінің сұлулығын асқақтатты, оларды өзара түсіністік пен татулыққа шақырды. Ойшылдың бұл идеялары жүзеге аспайтын сияқты болып көрінгенімен, өте прогрессивті сипатта болды» дегеніміз орынды болар еді [2, 9-б].

Адам санасының өзгеру процесі міндетті түрде руханият мәселелерін қайта қарауға әкелді, оларды зерттеу қазіргі философияның құрамдас бөлігіне айналды. Мәдениет өткеннің, бүгіннің және болашақтың сабақтастығын сезіне отырып, ұрпақтарды өзара үйлесімді байланыстырады. Объективті руханияттың объективтік тәжірибесін меңгеру және сіңіру адамның адам ретінде қалыптасуы мен дамуының,адамның рухани әлемі арқылы өзін-өзі танытуының алғышарты болып табылады.

Әл-Фараби ақыл-ойды заттардың мәнін және олардың арасындағы әмбебап байланысты білуге бағытталған адам рухының қабілеті мен қызметі деп түсінеді. Ол адамның ақыл-ойына ешқандай шекара қоймайды және ақыл заттар мен құбылыстардың мәніне ене алады, олардың пайда болу және жойылу себептерін ашады, сайып келгенде табиғат заңдары мен барлық нәрсенің түпкі себептерін біледі деп санайды. Ойшыл ақыл-ойды ғылым, математика және метафизиканы қамтитын философияны ассимиляциялау арқылы жетілдіруге болатын және қажет болатын ең жоғары және ерекше адам игілігі ретінде қарастырады. Әл-Фараби адамның санасын соқыр сенім мен догмадан жоғары қояды.

Бүгінгі таңда ғылыми конференциялар мен пікірталастарда руханият мәселелері өте көп талқыланады. Табиғи және әлеуметтік ортадағы өзгерістер адам әлемімен, оның антропологиялық константаларымен байланысты болған жағдайда ғана қоғам тұрақты болуы

мүмкін. «Тұлға», «жан», «рух» деген сөздермен айтылатын адамның өзін, ішкі жан дүниесін ұғынуы – ең қиын жұмыстардың бірі.

«Руханият» ұғымын Құдайға сенумен, дінмен, адамның жағымды адамгершілік қасиеттерінің жиынтығымен, оның интеллектуалдық байлығымен, мәдениетімен және тәрбиесімен байланыстырады. Руханият адамның ішкі дүниесі, ішкі мазмұны ретінде анықталады, бұл жерде «руханиятта» адамның белгілі бір дүниетанымын, сондай-ақ өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын көруге болады. Яғни, адамның руханилықты қалай түсінетіні, оны адам өмірінің қай жағымен байланыстыратыны әлдеқайда маңызды. Жақсылық пен зұлымдық ұғымдарын «жалпы адамдық мағынада» сипаттап көрсету мүмкін емес – өз бетінше олар абсолютті емес және моральдық бағалауды қамтымайды. Адамзат дамуының әрбір тарихи кезеңінде қоғамның даму деңгейіне сәйкес адамның рухани дамуының өзіндік міндеттері қойылып, шешіледі.

Қазіргі адамның рухани дүниесін байыту тарихты терең әрі жан-жақты талдаусыз, оның жасаған жақсылығын сақтап, көбейтусіз мүмкін емес. «Рухани мәдениеттің адам қабілетінің, ой-өрісінің өрлеуінің жоғары көріністерін білдіретін озық жетістіктері анау-мынау жүйемен бірге жойылып кетпей, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, адамзаттың, интеллектуалды, зиялы қауымның одан әрі кемелденуіне,адамдардың эстетикалық және адамгершілік тұрғыдан дамуынақызмет етеді…» [3, 43-б.].

Әсемдік тек қана идеялар әлемінде болады, әсемдік жалпыадамзаттық сұлулықтың «идеясынан» басқа ештеңе емес деп есептеген Платоннан айырмашылығы, әл-Фараби сұлулықтың қайнар көзін шынайы дүниеден, табиғаттан, адамнан көрді. Табиғи үйлесімділік жүйесіндегі кез келген зат дүниенің әмбебап сұлулығының бір бөлігін қамтиды. Әл-Фарабидің ойынша, адамның сән-салтанаты, сұлулығы мен сәні – тамаша өмір сүріп, толық кемелдікке жету.

Адамның ақыл-ойының теориялық және практикалық болып бөлінуіне сәйкес әл-Фараби адамның танымдық қабілетінің сұлулығын және оның адамгершілік қасиетінің сұлулығын бөліп көрсетті. Осымен қатар ол ізгілік арасындағы айырмашылықты – моральдық қадір-қасиет, тамаша іс – адамгершілік нормаларының сыртқы көрінісі ретінде қарастырды. Әл-Фарабидің сұлулығы көбіне ізгілікпен, қоғамдық игілікпен, әділдікпен сәйкес келеді. Екінші Ұстаз үшін парасаттылық ізгілік пен кемелдікпен, адам сұлулығымен үндес, яғни зерделілік пен адамгершілік эстетикалық құндылықтардың табиғатында көрінеді. Ақыл-ой нақты игілік ретінде адамның шынайы ішкі құндылығын, сыртқы тартымдылыққа қарағанда ішкі сұлулығын құрайды. Тек мәтіндік тұрғыдан өте үстірт таныс және ортағасырлық менталитетті мүлде түсінбейтін адам ғана аАраб-мұсылман орта ғасырларын әдемі, сезімдік танымдық моральдық теріске шығару дәуірі деп ойлауы мүмкін.

Эстетикалық мазмұн тұрғысынан алғанда, әл-Фарабидегі үйлесімділік идеясы, ең алдымен, ғалам бөліктерінің өзара әрекеттесуін, өзара бейімделуін және бағынуын, Әлемнің иерархиялық құрылымы мен болмыстың әртүрлі салаларында ырғақты қайталанатын үлгілерді білдіреді [4, 477-б.].

Объективті дүниенің сұлулығы заттардың табиғатынан туындайды және оның болуы адамның санасына тәуелді емес, ал сұлулықты қабылдау әрқашан субъективті болады. Әл-Фараби: «Әр адам өзі көрген немесе сенетін нәрсенің бақыт екеніне сенімді. Бұл жағдайда адамның мақсаты – осы сұлулықты түсіну» деп есептеген. Әл-Фараби табиғаттағы сұлулықты түс пен пішін кемелдігінің гармониялық үйлесімі бар заттардан көреді және т.б. Адам мен қоғамдағы сұлулық – бұл физикалық және рухани кемелдіктің үйлесімділігі, мұнда, әрине, руханикемелдік физикалық кемелдіктен үнемі жоғарытұрады.

Әл-Фараби сұлулықтың қайнар көзін қоршаған дүниеден көріп, тәжірибені сезімдік және парасатты білімнің негізі деп жариялады. Біздің сезімімізге әсер ететін адамның сезімдері тыңдаушы өзіне ләззат пен эмоционалдық ләззат тудыратын табиғи (кемелді) сезім мен шаршау мен тітіркенуді тудыратын табиғи емес сезімді ажырататын анықтаушы белгі болып табылады. Ол музыкадағы үйлесімділіктің аспан сфераларының ғарыштық қозғалысына тікелей тәуелділігін бекітетін пифагоршылардың астрологиялық

тұжырымдамасынан толығымен бас тартты. Эстетикалық мазмұн тұрғысынан алғанда, әл-Фарабидегі үйлесімділік идеясы «ең алдымен ғалам бөліктерінің өзара әрекеттесуі мен бағыныштылығы, Әлемнің иерархиялық құрылымы және болмыстың әртүрлі салаларында ырғақты қайталанатын үлгілер» [5, 109-б.].

Әл-Фараби және одан кейінгі шығыс перипатетизміндегі оның ізбасарлары дүниенің үлкен адам (макрокосм), ал адам қысқартылған дүние (микрокосм) екенін дәлелдеді. Сондықтан да әсемдікті пайдалылыққа немесе моральдық мінсіздікке, этикалық кемелдікке дейін төмендетеді деп айыпталған ортағасырлық араб-мұсылман мәдениетінде микро және макрокосмосты қатар қою арқылы эстетикалық үндестікке дейін төмендейді. Бәлкім, әл-Фараби эстетиканы этикалыққа түсірмей, адамгершілік кемелділігін эстетикалық негізбен негіздеуге тырысатын шығар. Сан, реттілік, пропорция этикалық және эстетикалық сияқты онтологиялық қағидалар. Кез келген құбылыстың эстетикасы біз оған утилитарлық емес, ойшылдық позицияны қабылдағанда-ақ басым болады.

Әл-Фараби адамның өз сұлулығын жасаушы екенін, оған іздену, жақсылық жасау қабілеті берілгендіктен, сұлулықты тек адам ғана жасай алады деп санаған. Адам өзінің бүкіл болмысымен бақытқа, өмірдегі сұлулыққа ұмтылады, сұлулық өзіне тән болып, сол сұлулықты сақтай білгенде ғана бақытқа жетеді» [6, 51-б.]. Әл-Фарабидің ойынша, табиғат сұлулығы адамның бойында белгілі бір эмоционалды сезімдерді оятып, оларды асқақтатып, жан дүниесін жұмсартып, толқынысқа, қуанышқа немесе уайымға толтырады. Бірақ табиғаттың сұлулығын адам білгенде ғана әдемі болады. Адамзат қоғамынан тыс табиғаттың сұлулығы мен өзіндік ерекшелігі эстетикалық құндылыққа ие болмайды.

Эстетикалық ой толғаудың мақсаты – қарастырылатын объект пен адам санасында бар эстетикалық идеал арасында үйлесімділік немесе керісінше, үйлесімсіздікті орнату. Жан рахатына тек оны дүниеге әкелген ақыл әлеміне шексіз ұшу арқылы қол жеткізіледі. Сонымен қатар, әлемде Құдайға қарамастан көптеген әдемі нәрселер бар.

Сондықтан әл-Фараби дана адам сезім мен парасатты біріктіре отырып, соларды ой елегінен өткізіп, түсінуді үйренуі керек деп есептейді. Сонда ғана адам баласы заттың әсемдігін, дұрыс және пропорционалды құрылымын дұрыс қабылдайды. Бұл ретте оның әсемдікті қабылдауы таза ақыл әрекетімен салыстырылады. Жоғары мәдениетті адамды эстетикалық дамудан тыс елестету мүмкін емес. Сұлулыққа деген сүйіспеншілік – өмірге, шығармашылыққа, биік мұраттар жолындағы күреске деген сүйіспеншілік. Сұлулыққа деген сүйіспеншілік адамды шабыттандырады, оның өмірін руханиландырады, оны терең мағына мен мазмұнға толтырады. Әдемі бақытқа, еркіндікке, жақсылыққа, даналыққа, адамгершілік ұлылыққа ұмтылуды бейнелейді. Сұлулықты дұрыс түсініп, бағалай білген адам мен қоғам рухани байыған, адамгершілігі таза, тереңірек сезініп, басынан кешкені, адамдарға кең пейілділігімен қарайды.

Ақиқат, ізгілік пен сұлулық бір-біріне жақын, біртекті ұғымдар, олар өздігінен емес, қоғамдық өмірдің белгілі бір жағдайында ғана өз мағынасына сәйкес келе алады. Адамдар өздерінің өмір сүру жағдайына байланысты екіге бөлініп, бір-біріне жауқабақ танытатын болса, оларда жақсылық, ақиқат, сұлулық туралы ортақ түсініктің болуы екіталай. Әл-Фарабидің тұжырымдамасына сәйкес, теңсіздікті жою керек, еркіндік салтанат құрсын, сонда жақсылық адамдардың мінез-құлқының нормасына айналады, олардың қарым-қатынасында шындық салтанат құрып, олардың өмір жолын сұлулық толтырады.

Қазіргі уақытта Әбу Наср әл-Фарабидің рухани және зияткерлік мұрасы біздің бұрынғы бабаларымыздың бай мәдениетінің тұлғасы және қазіргі Қазақстандағы өткеннің мәдени мұрасына көрсетілетін терең құрметтің символына айналды. Туған жерінің рухани байлығын, адамгершілік қасиетті, мәдениетті бойына сіңірген әл-Фараби адамның, қоғам мен өркениеттің арасындағы этикалық құндылықтардың заман талабына жауап беріп, адамзаттың өмірлік маңызды мәселелерін жауапкершілікпен шеше алатынын дәлелдей білді.

Әл-Фараби мұрасы – көне және ислам мәдениеттерінің синтезі, мәдениетаралық коммуникация мен диалогты жүзеге асыру, бұл – әртүрлі дәуірлер мен мәдениеттердің тоғысқан жерінде бірлік пен жаһандық синтез идеясын теориялық тұрғыдан өрістету.

Ортағасырлық ойшылдың шығармашылығы әртүрлі мәдениеттердің, әртүрлі философтардың, жеке адамдардың әртүрлі дүниетанымдарының қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын мәдениеттер диалогының тарихи дәлелі болып табылады. Ол тарихи түрде диалогты мәдениет пен қарым-қатынастың бірегей құбылысы ретінде көрсете отырып, мәдениеттегі болмыстың тәсілі мен құралдарының әмбебап тілінің дамуына ықпал етті. Диалогтың мәдениеті гуманистік мәдениеттің мәнін білдіреді. Диалогтың танымдық құндылығы ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік құндылығы да бар. Әрине, бұл тұрғыда әл-Фарабидің адамзат қоғамының бірлігі туралы идеясы маңызды әрі өзекті бола түседі. Бұл идеяның қазақстандық демократияның тарихи тағдыры мен қазақстандық қоғамды топтастыру үшін маңызы зор. Әл-Фараби адамның ақиқатпен және ар-ұжданымен үйлесімде, басқа адамдармен бірлікте және ақыл үніне құлақ аса отырып өмір сүре алатынына және оның жүрегін тыңдап, күрделі мәселелерді шеше алатынына сенімді [7, 148-б.].

Қазіргі қоғамды көрнекті философ сияқты ізгілік, әділдік, бейбітшілік пен келісім орнайтын қоғам құру мәселелері толғандырады. Қоғамды да әл-Фарабисияқты өз азаматтарын тәрбиелеу және оқыту мәселелері алаңдатады, қоғам өз азаматтарының нағыз адам сияқты өмір сүруі үшін барынша жақсы жағдайды қамтамасыз ететін мемлекеттік басқару мәселелерін шешеді. Сондықтан онда әл-Фарабидің шығармашылығы атап өтілген тарихи рухани-интеллектуалдық түсініктер мен идеяларға жүгіну қажеттігі сақталады.

Әл-Фарабидің «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат», «Бақытқа жету туралы», «Бақытқа апаратын жол», «Азаматтық саясат», «Соғыс және бейбіт өмір туралы кітап», «Қоғамды зерттеу кітабы», «Ізгілік туралы» сияқты бірқатар әлеуметтік-этикалық трактаттары идеалды қоғам, мемлекет және билеуші тұжырымдамасына арналған. Грек философтарының саяси-этикалық идеяларына сүйене отырып және ежелгі Шығыстың әлеуметтік идеяларын пайдалана отырып, әл-Фараби қоғамдық құрылыстың біртұтас теориясын жасады.

Ойшыл мұсылмандық саяси, құқықтық және экономикалық ой-пікірлердің негізін салушылардың бірі болып саналады. Әл-Фарабидің саяси философиясын зерделеу посткеңестік елдердің жүйелі трансформациясы жағдайында, демократиялық қайта құруларды жүзеге асыру, құқықтық мемлекетті қалыптастыру, қоғамды үйлестіруге және тұрақтандыруға ұмтылу кезінде ерекше өзектілікке ие болады.

Әл-Фарабидің саясат пен құқық, мемлекет пен билік, бостандық пен бақыт туралы, адамдар арасындағы өзара көмек пен ынтымақтастықтың қажеттігі туралы ілімі, ғылымды түсінуге және адам мен қоғамның интеллектуалдық және адамгершілік кемелденуіне шақыруы қазіргі таңда өзекті бола түсуде.Бірін-бірі нақтылай, толықтыра және әл-Фараби идеяларын танымдық, адамгершілік және эстетикалық мәдениеттердің бірлігі тұрғысынан қарастыра отырып, әл-Фараби мұрасын қазіргі дүниетаным сұранысы аясында жаңартуға тырысу қажет. Бұл жердегі мақсат – әл-Фарабидің мәдениеттер мен халықтардың бірлігі мен өзара түсіністігіне, гуманизмге және планетарлық этикаға бағытталған, жаңа дүние дәуірінің қалыптасып келе жатқан дүниетанымы аясында өзекті идеяларының жиынтығын көрсету.

Әл-Фарабидің қазіргі заманмен үндестік тапқан көптеген ойлары мен идеялары өзінің өзектілігі мен құндылығын әлі де жойған жоқ. Оның идеялары жалпы адамзат баласының кемелдік биігіне ұмтылысын білдіреді, жасампаздыққа, жақсылық жасауға, бақытқа ұмтылуға шақырады. Әл-Фарабидің философиялық және ғылыми трактаттарын зерделей отырып, біз әр кезде болмысты және ондағы адамның орнын түсінуде өзімізге жаңалық ашамыз. Сондықтан оның философиялық мұрасы тереңірек зерттеуді қажет ететіні сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Аль-Фараби и современность / Под общ. ред. Г.М.Мутанова. - Алматы, 2014. - 223с.
2. Аль-Фараби. Естественно-научные трактаты. Алма-Ата. Наука, 1987, с. 496.
3. Аль-Фараби. Историко-философские трактаты. – Алма-Ата, 1985. – с. 335.

4. Шейх Абсаттар хаджи Дербисали. Исламская цивилизация и Казахстан (историко-филологические, теологические исследования, статьи и интервью) / Под общ. ред. М.Ш. Хасанова. — Алматы, Дайк-Пресс, 2010. — с. 516.

5. Руми Джалаладдин. Поэма о скрытом смысле: Избранные притчи. Перевод Наума Гребнева. — М.: Главная редакция восточной литературы изд-ва «Наука», 1986. — с. 272.

6. Кныш А. Д. Борьба идей в средневековом исламе: теология и философия. Ишрак: ежегодник исламской философии. М., 2011, № 2, – с. 501.

7. Сагадеев А.В. Очеловеченный мир в философии и искусстве мусульманского средневековья // Эстетика и жизнь. Вып 3. – М., 1974. – с. 477.

8. Шахид Мортеза Мотаххари. Совершенный человек в исламе. Лекция 1 (часть 1) // http://abna.co/data.asp?lang=4&Id=188102 (25.08.2014).

9. Исламская духовность и поэтическая традиция // Философия аль-Фараби и исламская духовность. – Алматы: КИЦ ИФиП МОН РК, 2005. – с. 298.

10. Бурабаев М.С. Эстетические ценности аль-Фараби и современный арабский Восток: опыт сравнительного анализа. - В кн.: Мир ценностей аль-Фараби и аксиология XXI века. Кн. 2. - Алматы, 2006. – с. 154.

Қасабекова Е.Қ., *аға ғылыми қызметкер*
ҚР ҒК ҒБЖМ ФСДИ діндтану орталығы
Алматы қ., Қазақстан

ПОСТҚАЛЫПТЫ УАҚЫТТАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ҮДЕРІСТЕРДІҢ СИПАТЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада Постқалыпты уақыттағы Қазақстандағы діни және мәдени үдерістердің сипаты қарастырылады.

Түйін сөздер: уақыт. Қазақстан, сипат. үрдіс.

Аннотация. В данной статье рассматривается характер религиозных и культурных процессов в Казахстане в постсоветское время.

Ключевые слова: время. Казахстан, характер. тенденция.

Annotation. This article discusses the nature of religious and cultural processes in Kazakhstan in post-normal times.

Keywords: time. Kazakhstan, character. trend.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ЖТН BR21882428, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы «Постқалыпты уақыттағы рухани-мәдени, саяси, әлеуметтік құбылыстар ретіндегі исламның ықпалы мен келешектері: Таяу Шығыс пен Орталық Азия елдерінің тәжірибесі» бағдарламасын іске асыру шеңберінде әзірленді.

Қазақстан – көпұлтты және көпконфессиялы мемлекет. Қазіргі таңда елде 20 033 546 халық тұрады. Сондай-ақ, елде 130-дан аса ұлт өкілдері мен 18 конфессия өзара татулықта өмір сүреді. 2009 жылғы Қазақстан Республикасы ұлттық халық санағының статистикалық мәліметтерінің діни жіктемесінің сауалнамалық мәліметтері бойынша ислам діні (11239176) 70,2%; христиан (4214232) – 26,3%, буддизм (14663) – 0,08%, иудаизм (5281) – 0,03%, басқа дінді (3688) – 0,02% ұстанады, атеисттік бағыттағылар (451547) – 2,8% құраған, ал сауалнамада айтудан бас тартқандар (81010) – 0,5%. Берілген статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, елдегі діни ахуалды бағдарлауға болады. 130-дан аса ұлт өкілдері мен көптеген дін өкілдері мекендейтін Қазақстандағы жалпы діни ахуал мен жағдай қанағаттандырарлық деңгейде.

Дүниежүзін аландатып отырған бейбітшілік мәселесі елде тұрақты сипатта. Көпұлтты, көпмәдениетті, көпконфессиалы мемлекетте өзара сыйластық пен қалыпты діни жағдайдың орнауы ел басшыларының сындарлы саясатының жемісі мен халықтың отансүйгіштігі мен жасампаздығының нәтижесі.

Постқалыпты уақыт кезеңінде Қазақстан Республикасында өмір сүретін ұлттар мен дін өкілдері өзара тату-тәтті, бейбіт өмір кешуде. Оған ресми түрде ҚР Конституциясының I бөлімінің I бабы кепіл бола алады: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», – дейді [1,125]. Мемлекеттің басты басты байлығы адам, оның мүдделері мен құндылықтары мемлекеттік деңгейде өзіндік орынға ие дегенді көрсетеді.

2021 жылы ҚР тәуелсіздігіне 30 жыл толды. Қазақстан 30 жыл аралығында жүздеген шетелдерге ғылым, спорт, мәдениет және тағы басқа салаларда өзіндік қырынан танылды. Мұндай әлемдік деңгейде Қазақстанды танытуға үлес қосқан елді мекендеген 130 ұлт өкілдерінен тұратын команда - қазақстандықтар құрамасы. Ол әлемдік деңгейдегі әртүрлі олимпиадалар, мәдени және спорттық жарыстар, интеллектуалдық және басқа сайыс түрлері және т.б. Сонымен мемлекетті салыстырмалы тұрғыда «ОТБАСЫ» деп қарастырсақ, елдегі ұлт өкілдері мен конфессия өкілдері сол үлкен отбасының мүшелері болып табылады. Х.М. Әбжанов осы орайда: «Сондықтан да еліміздегі ұлт пен конфессия өкілдерінің өзара тату-тәтті өмір сүруін отбасы тұғыры мен тәртібінің негізінің мығымдығы деп айтуға болады. Тіпті, өзара түсінісу мен ұлтаралық келісім қоғамымызды берік ұстап тұрған қазіргі Қазақстанның «бренді» деп есептелетіні кейбір зерттеушілердің материалдарында әлеуметтанулық зерттеулер нәтижелерімен дәйектеледі»,-деп санайды [2, 322].

Қазақстандағы зайырлылық және діндарлық мәселелерін зерттеуші ғалымдар Е.Е. Бурова мен А.Г. Косиченконың «Қазақстан Республикасындағы діни ахуалды дамытудың өзекті мәселелері» атты ұжымдық жинақтарында берілген статистикалық мәліметтерге жүгіне отырып, елдегі конфессияларды тіркелгенге дейін және тіркелгеннен кейін деп берілген сандарға назар аударсақ: «Ислам діні 204, Қазақстандағы әлеуметтік жаңғыру: мүмкіндіктері мен келешегі өкілдері 2811 – 2229, Православтар 304 – 280, Пятидесятник шіркеуі 400 – 189, Евангелиелік христианбаптистері 364 – 100, Католицизм 118 – 79, Иегова куәгерлері 70 – 59, Пресвитериандық шіркеу 229 – 55. Жетінші күн адвентистері 67 – 42, Евангелиелік-лютерандық шіркеу 32 – 136, Методистер 18 – 11, Новоапостолдық шіркеу 4 – 8, Кришнаиттер 14 – 8, Бахаилер 20 – 6, Иудаизм 26 – 4, Буддизм 4 – 2, Мормондар 1 – 2, Меннониттер 6 – 1, барлығы 4 551 3 088. Дегенмен де, еліміздегі барлық конфессиялардағы шынайы діндарлардың саны туралы деректер нақты кейіпте анықталмаған. Әрине, жоғарыда көрсетілген мәліметтер 2021 жылдың этнодемографиялық жағдайға сәйкес келмейді. Өйткені еліміздегі демографиялық жағдай біршама өзгерістерге ұшырап, мұсылман дініне жататын ұлт өкілдерінің саны 75%-ке жақындап, православия өкілдерінің үлес салмағы еларалық миграцияға байланыста біршама кеміп отырғаны белгілі. Сонымен қатар, бұл демографиялық үрдістер басымдық танытушы вектор ретінде әлеуметтік кеңістікте болашақта да сақталатын түрі бар»,-дейді [3, 322]. Берілген мәліметтерді ескере отырып, осыншама ұлыс пен ұлт өкілдерінің татулығы мен еркіндігі, яғни заңды тұрғыда кез келген тіркелген дін өкілі елде емін-еркін өмір сүре алуымен негізделеді. ҚР конституция бойынша зайырлылық ұстанымын ұстанған мемлекет болуы ұлтаралық татулықты нығайтудың басты құралы мен тетігі іспеттес. Жоғарыда Қазақстан Республикасының негізгі байлығы адам деп айтылды, сондай-ақ, мемлекеттегі адамның рөлі мен маңызы еліміздің конституциясында негізінде айқындалған. Адамдар демократиялы, зайырлы қоғамның құраушылары. Зайырлылық жеке адамға ғана тиесілі құбылыс па жоқ мемлекетке тиесілі ұстаным ба?, – деген сұраққа еліміздің экс-перезиденті: «Зайырлы мемлекет пен қоғам бұл – біздің тарихи таңдауымыз. Зайырлылық атеистік дегенді білдірмейді. Зайырлы дегеніміз бұл – озық, толерантты, ашық қоғам»,- деп жауап берген [4, 296]. Демек, зайырлылық қоғамдағы шектелген дүниетаным емес, адамға қатысты барлық көзқарастардың тең құқықты векторларын сипаттайтын құбылыс.

Зайырлылық озық ойлы, төзімді, ашық адамдардың қоғамдастығы, бейбітшіліктің, татулықтың отаны болуы тиіс және болады да. «Зайырлылық» дегеніміз дінсіздік емес, ол – гуманистік құндылықтарды, соның ішінде адамның ар-ұждан және діни сенім бостандығын жүзеге асыруды қолдайтын, дүниетанымдық еркіндікті, рухани саладағы ой-сананың көптүрлілігін мойындайтын, адамгершілік-өнегелілік және құқықтық құндылықтарға негізделген әмбебап жүйе. Зайырлылық ұғымы кең ойлау, толерантты болу, ашық болу, төзу, шыдау деген ұғымдармен туыстас, мағыналас. Халықтың өзара татулығы мен өзара құрметі елдің басты мақсат-мүдделерінің бірі. Ендеше осы тұста ұлтаралық татулықты басты мақсаты деп таныған Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы бірер сөз айтпауға болмайды. Қазақстан халқы Ассамблеясы, 1995 жылғы 1 наурызда мемлекет басшысы жанындағы консультативтік кеңесші орган ретінде құрылды. Елдегі мұндай институтты құру қажеттілігі саяси тұрғыдан, сондай-ақ жаңадан құрылған, Тәуелсіз, полиэтносты, поликонфессиялық мемлекеттің тұрақты дамуы тұрғысынан туындаған еді. Бұл бастама мәдениетаралық диалогты нығайтудың жаңа кезеңінің негізін қалап, этносаралық қатынастарды дамыту мәселелерін жоғары деңгейде шешуге мүмкіндік жасайтын әлемдік тәжірибедегі тың бағыт болып табылды. Жиырма жылдық тарихында Ассамблея қарқынды дамып, елеулі өзгерістерді бастан кешірді. Оның дамуы барысында Н.Назарбаевтың этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі қалыптасты. Осы жылдар 206 Қазақстандағы әлеуметтік жаңғыру: мүмкіндіктері мен келешегі ішінде Қазақстан Халқы Ассамблеясының институционалдық құрылымы нығайып, қоғамды ұйыстырушы әлеуеті толысты, ол – халық дипломатиясының маңызды күретамырына айналды. Сонымен жоғарыдағы айтылған мәселелерді қорытындылай келе, татулық пен бейбітшілік «ұлттық брендіміз» болса, аталмыш заманауи трендтен айрылмауымыз қажет, сондай-ақ адамгершілік ұстанымдары оның ажырамас бөлшектері. Сейтахметова Н.Л: «Гуманизм-бұл диалог, гуманистік ойлау, өйткені ойлау тәсілі басқаша болу құқығының мағынасын түсінуге ықпал етеді»,-дейді. Және ол үшін барша халық болып бір тудың астына жиналып, жұмыла қызмет істеуіміз керек. Кез келген жағдайда дипломатиялық қарымқатынас тек жақсы істің бастамасы болатынына кәміл сенуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Конституциясы. – Алматы, 1995. – 125 б.
2. Әбжанов Х.М. Историческое сознание и формирование этнокультурной идентичности казахстанцев Ценности и идеалы независимого Казахстана. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2015. – 322 с.
3. Бурова Е.Е., Косиченко А.Г. Қазақстан Республикасындағы діни ахуалды дамытудың өзекті мәселелері. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2013. – 18 б.
4. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
5. Сейтахметова Н.Л. Тема толерантного гуманизма. Электронный ресурс URL http://nblib.library.kz/elib/library.kz/journal/ [5].

Нұрмұратов С.Е., *филос.ғ.д., профессор,* ***Нүсіпова Г.И.,*** *PhD*
ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты
Алматы қ., Қазақстан

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ ӘДІЛЕТТІЛІК ПЕН СҰХБАТТЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Аңдатпа. Ғылыми мақалада Шығыстың кемеңгер ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің гуманистік философиясының кейбір қырлары зерделенеді және оның қазіргі заман үшін маңызы көрсетіледі. Мақалада қайырымда қала туралы іліміндегі әділеттілік пен сұхбат сияқты құбылыстардың өзара байланысы қарастырылады. Орта ғасырлық адамның дүниені қабылдауындағы әділеттілік пен сұхбат феномендерінің рөлі мен орны анықталады.

Сонымен қатар, мақала авторлары ұлы ойшылдың еңбектерінің адам өміріне, жанның үйлесімділігіне және тұтастай алғандағы жеке тұлғаның рухани әлеміне ықпалын көрсетуге тырысады.

Тірек сөздер: гуманизм, қала, сұхбат, мәдениет, әлемді қабылдау, әділеттілік, философия, адам, феномен, қазіргі заман.

Аннотация. В научной статье анализируется гуманистическая философия Восточного мыслителя Абу Насыра аль-Фараби и ее значение для современности. В статье рассматривается взаимосвязь таких феноменов как справедливость и диалог в учении о добротельном городе. Определяются роль и место феноменов справедливости и диалога в мировосприятии средневекового человека. Кроме того, авторы статьи стремятся показать влияние трудов великого мыслителя на жизнь человека, гармонию души и духовный мир личности в целом.

Ключевые слова: гуманизм, город, диалог, культура, мировосприятие, справедливость, философия, человек, феномен, современность.

Abstract. The scientific article analyzes the humanistic philosophy of the Eastern thinker Abu Nasir al-Farabi and its significance for modernity. The article examines the interrelation of such phenomena as justice and dialogue in the doctrine of a virtuous city. The role and place of the phenomena of justice and dialogue in the worldview of medieval man are determined. In addition, the authors of the article are trying to show that the works of the great thinker did not accidentally explore the influence on human life, the harmony of the soul and the spiritual world of personality as a whole.

Keywords: humanism, city, dialogue, culture, worldview, justice, philosophy, man, phenomenon, modernity.

** Мақала AP19677167 «Қоғамның тұтастанған қайта пішімделуі жағдайындағы тұлғаның рухани қалыптасуы мәселелері» атты гранттық қаржыландыру жобасы бойынша дайындалды.*

Әл-Фарабидің гуманистік ілімі бойынша, ақиқатқа жету тек қана әділеттілікті басшылыққа ала отырып және өзара сұхбаттың нәтижесінде жүзеге аспайды, ол әлдеқайда тереңде жатқан табиғаты бар экзистенциалдық мағынадағы күрделі процесс екені меңзеледі. Ойшыл ақиқатты іздеуде сұхбаттық әдістің маңыздылығы когнитивті, яғни танымдық қатынастарды анықтауда айқын байқалатындығын атап көрсетеді. Ақиқатты іздеуде бір-біріне қарама-қарсы пікірлер көп болған сайын, қайшылықтар молайған сайын пікірталастар уақыты созыла түсетіні ескертіледі. Дегенмен, ойшылдың пайымдауынша, бұл процестегі ең маңыздысы сол пікірталасқа кеткен уақыттың ұзақтығы емес, философтардың ақиқаттың жалғандықтан айырмасын дәл анықтауы болып келеді [1, 392 б].

Сұхбаттың түпкі мәнін ойшыл иллюзиямен емес, нақты құрылымдармен байланыстырады. Осындай сипаттағы дәстүр философия әлемінде, философия тарихында кейінгі дәуірлерде беки түседі. Түсіну, түсіндіру, ұғыну сияқты танымдық құрылымдар арқылы шынайы сұхбаттың мүмкін екендігін дәйектей түсетіні анық. Сонау ежелгі грек дүниесіндегі Платоннан бастап өткен ғасырдың көрнекті философы болып табылатын М. Хайдеггерге дейінгі ірі философтардың арасындағы жоғарыдағыдай рухани қатынасты, өзіндік рационалдық әлем эволюциясының субъектілерін Г. Гадамер «шексіз сұхбаттың қатысушылары» деп атайды [2, 12 б.]. Яғни, философтар бір заманда өмір сүріп, өзара тікелей сұхбатта болмаса да олар бір-бірімен үздіксіз сұхбаттық кеңістіктен шығып кетпейді, олардың ілімдері арасындағы сұхбат үнемі жүріп отырады, сөйтіп, адамзаттың рухани әлемі үшін маңызды үлкен философиялық механизм даналықтың әртүрлі қырларын бейсаналық түрде екшей, айшықтай түсумен айналысатыны бағамдалады.

Аристотельдік метафизикада алғашқы бастама, яғни бірінші себеп - Ғарыштың абсолютті себебі ретінде мәңгі, өзгеріссіз және қозғалыссыз, таза өзектілік ретінде көрініс тапты. Осындай сипаттағы құдайлық Зерденің негізгі қырлары – абсолюттік ойлау,

формалардың формасы, яғни бәрін жаратушы, оның ішінде кез келген формаларды да, барлық идеяларды да қалыптастырады. Бұл сипаттамалардан Анаксагордың іліміндегі барлығын басқарушы және тәртіпке келтіруші Нустың қасиеттерімен сәйкестікті көреміз. Платондық және аристотельдік көзқарастардың өзара ұқсас келетін тұстары да, айырмашылықтары да бар екені белгілі. Олар негізінен классикалық онтологияның теологиялық ой-толғамдарды байыптау жолында қандай деңгейге, қандай мағыналық сатыға көтерілгеніне байланысты анықталады. Онтологиялық жүйелердің барлық философиялық бағыттарда орнықты қалыптасуына және олардың белгілі бір деңгейде дамып отыруына теологиялық ілімді сараптау мәселесі үлкен маңыздылық танытты.

Өткен екімыңжылдықтың алғашқы жылдарында қоғамдық санада философиялық-теологиялық сипаттағы ой-толғамдардың кең таралуы жаңа платоншылдық бағыттың пайда болуына түрткі болды, ол кейін Пифагордың, Платонның және Аристотельдің ілімдерін біріктірген тарихтағы алғашқы діни-философиялық жүйеге айналады. Міне, сол жаңа платоншылдар арқылы ислам философтары классикалық сипаттағы ежелгі грек заманы ойшылдарының көзқарастарымен, дүниені рухани игеруімен жете танысты.

Жаңа платоншылдықтың діни және философиялық мағынасын, сонымен қатар платондық және аристотельдік онтологиясы исламдық теологиялық тұрғыдан қарастыруды әл-Фараби барлық ынтасымен, өз ықтиярымен қолға алып, философиялық түсіндірмелер жазумен айналысады. Әрине, ақиқатқа қарай ұмтылудың сан қырлы тәсілі мен әдістері, бағыты мен бағдарлары болады, оларды шектеу, немесе бір қалыпқа салу мүмкін емес. Адамға тән шығармашылық еркіндік ғана адамзаттың ғылыми танымының өркендеуіне себепкер екені анық. Осындай жасампаз әрекеттердің түптамыры тұлғалық шынайылықтан, адалдықтан бастау алғаны барлығынан маңызды екені ақиқат.

Жаңа платоншылдықтың негізін салушылардың бірі Плотин өз ілімінде Дараның бәрінің абсолютті және игілікті қайнар көзі және оның ғаламдағы әмбебапты, алғашқы бастауы ретіндегі мағынасына назар аударды. Осындай түсініктер ғаламдағы барлық дүниенің басын біріктіретін бір құдайды мойындайтын исламның діни дүниетанымдық жүйесіне үндес келгенін айта кету керек. Осындай дүниетанымдық бастаулардың кейбір мағыналық тұстарының құндылықтық бағдар жағынан алғанда сәйкестенуі, үндесуі мәдениеттерді жақындатады және сонымен қатар олар географиялық және өркениеттік факторларға тәуелді болып келеді.

Гректің тарихтағы классикалық дәуірі де, иудаизм де, ортағасырлық арабтілді және еуропалық мәдени дәстүр де Жерорта теңізі жағалауындағы әртүрлі аймақтарға жатады, немесе соған жақын территориялардағы өркениеттік-географиялық кеңістікке орналасқан елдер болып табылады. Осыған орай Батыс пен Шығысты тарихи-өркениеттік тұрғыда жіктеп қарастыруда Үндістан мен Қытайды негізінен Шығыс әлеміне жатқызатын К. Ясперспен келіспеуге болмайды. Ол Жерорта теңізінің «құрлықтық шеңберін», тіптен, сонау Ганг өзеніне дейінгі кеңістікті «батыстық» мәдени-тарихи қауымдастыққа жатқызады. Бірақ ол сонда да іштейгі біршама сапалы айырмашылықтар болғандықтан «батыстық» қауымдастықтың құрамындағы батыстық пен шығыстық құрамдас бөліктерді ажыратудың керек екендігін де ескертеді.

Бұл жерде бізді әртүрлі жерортатеңіздік мәдениеттерді біріктіретін нәрселер қызықтырады. Ислам мен христиан діндерінің және иудаизмнің ортақ идеялық тамырлары болды (оларды жіктеме жасаушы кейбір мамандар бір топқа жатқызып, «Киелі аян кітаптары діндері» деп атайды) [3, 9 б.] және олардың ежелгі грек философиясы мен жаңа платоншылдыққа ортақ тарихи-философиялық негіздері болған. Жалпы Еуропалық мәдениет өзінің грек және ежелгі Рим дәстүрлерінен алады деген түсініктер бар. Дегенмен, айта кететін жайт: ортағасырлық Еуропа ежелгі гректердің философиясымен және ғылымымен арабтілді ойшылдардың шығармашылығы арқасында қайта қауышты, кейбір қырларымен танысты және оны қабылдады деуге де болады. Осы игілікті істі жүзеге асыруда түркілік ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің шығармашылығы үлкен қызмет атқарды. Сондықтан Батыстың рационалды өркендеуіне тарихи уақыт пен өркениеттік кеңістікте ойшылдың интеллектуалды

тасымалдаушы қызметті шынайылықпен атқарушы рөлін кейінгі ұрпақ жоғары бағалағаны байқалады.

Сонымен, философия тарихында ұзақ уақыт бойы жаңа көзқарастар пайда болудан гөрі бұрыннан рационалдық кеңістікте орын алып келген пифагоризм, платонизм және аристотелизм сияқты жүйелердегі даналық үлгілерін дамыту бағыттары басымдық танытып келді. Міне, осыған орай әл-Фарабидің философиялық ілімінде орын алған антикалық әлемді кейбір «қайталау» белгілерін Аристотельден кейінгі философтардың көбісіне тән құбылыс деп айтуға болар еді. Философияның осындай сипатта дамуы кейбір тарихи кезеңдер үшін заңды екенін мойындауымыз керек. Ол кездейсоқ қадамдар емес, керісінше, саналы кейіпте, кейде бейсаналы түрде жалпы адамзаттық философиялық ой эволюциясының логикасына бағыну, соны қуаттау болып келеді. Адамзатқа тән даналық үлгілері стихиялы сипатта фрагментарлы түрде, үзік-үзік формада қалыптаспайды, оның да Жер бетіндегі тұтас тарихқа қызмет ететіндей үздіксіз сабақтастығы, ішкі байланыстары бар, яғни кез келген ойшылдың шығармашылығы осы қисынға сәйкес өрбиді, осы ақиқаттың ауқымында рауажданады, паш етіледі. Әл-Фараби осы әмбебап заңдылықты терең сезініп, өзінің рухани ұстаздары Платон мен Аристотельдің шығармашылығындағы өзара ұқсас дүниелерді айшықтауға арнайы трактат та жазып қалдырады.

Тарихи сабақтастық пен идеялық негіздерді мұралауды философия әлемінде осылай түсіну шын мәнінде тарихта орын алған бұрынғы және кейінгі философиялық көзқарастар арасында сабақтастық және сұхбаттық қатынастарды орнату практикасы болатын. Осы тәсілді жете меңгерген ойшыл көптеген өзінен кейінгі философтар үшін нағыз әдістемелік бағдарды ұсынғанын байқаймыз. Ортағасырлық араб тілді өркениеттің ежелгі грек дүниесінің классикалық құндылықтарын оңай қабылдай қоюы мүмкін емес еді. Оның үстіне монотеистік исламның догматтары көпқұдайлы Антикалық мәдениеттің дүниетанымымен белгілі бір танымдық, құндылықтық қашықтықта болатын. Дегенмен, Шығыс пен Батыстың арасындағы байланыс сан қырлы сипатта өрбуі тиіс болды, тек соны жүзеге асырудың тиімді тетіктері анықталуы қажет еді. Осындай жағдайлар ғұламаның шығармашылығының өнімдері өз заманында өмір қажеттілігіне, гуманитарлық саланың теориялық зәрулігіне айналады. Міне, тарихтың адамзаттың гуманистік сұраныстарына сәйкес пәрменді дамуы үшін тиімді боларлық кейпі мен осындай жасампаз мәдени сұхбаттың өзегін ашқан ғұламалардың бірі және бірегейі түркілік ортағасырлық данагөй әл-Фараби болатын. Ойшылдың жеке басының ғылыми кемелдігін, ізденімпаздығын, оның асқақ адамгершілігімен астасып отырғандығын фарабитанушы зерттеушілер өздерінің еңбектерінде нақтылап атап өтетіндігін де байқаймыз [4, 6 б.]

На современном этапе эта философия получает своё дальнейшее развитие через исследования творчества современных казахстанских философов, которые сущность этого мировоззрения дают преломлённым через собственное мировидение, стараются его донести до современного читателя в таком виде, в каком он пребывал изначально. Эта духовность окутывает как аура весь современный Казахстан, являясь его талисманом, амулетом, оберегающим его от всех ударов, катастроф, которые встречаются на пути современного Казахстана. Как никогда фраза о том, что духовный фактор является одним из ведущих, определяющих факторов духовного развития, подтверждается современным этапом социально-культурного развития Казахстана. И глобалистские тенденции его развития, ощущения человеком своего бытия как части мирового сообщества, трансформировались через региональное, особенное в современном развитии.

Казахская философия никогда не умирала и дошла до наших времён благодаря литературным памятникам, устному народному творчеству жырау и акынов, философским трактатам мыслителей, исторической памяти народа. Она сохранила такие черты этой философии, сформированные в эпоху мифологической предфилософии, которые оказались доминирующими на протяжении всей истории философии казахского народа. Это - космоцентризм, открытость человека миру и мира человеку, благоговейное отношение к природе по принципу «не навреди», особое чувственно-предметное взаимодействие человека с космосом, миром и др. И казахстанская философия должна сохранить эти замечательные черты как субстанциональную основу духовности нового III миллениума XXI века.

На современном этапе у нас в республике господствует плюрализм, свобода духа, философы проявляют толерантность, терпимость к различным точкам зрения. Это настоящая свобода духа, через которую только и может существовать такой феномен как философия, выступающий квинтэссенцией духовности, одним из субстанциональных факторов обновления современного казахстанского общества.

Библиография

1. Бегидова С.Н., Макрушина И.В. Структура экологического сознания. Ж-л «Общие проблемы педагогики», 2022 // https://cyberleninka.ru /article/n/ struk-tura-ekologicheskogo -soznaniya#:~:text

2. Шакарим Кудайбердыулы. Ұш анык. – Алма-Ата, «Жазушы». - 1991, 11 стр.

Бекболат А.Е., *ізденуші,* ***Қаңтарбаева Ж.У.,*** *филос.ғ.к.,*
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ДІНИ ИДЕНТИФИКАЦИЯСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Қазақ әйелдерінің діни идентификациясының ерекшеліктерін анықтауға арналған мақалада діни идентификацияның психологиялық, әлеуметтік аспектілері жан жақты қарастырылады. Қазақ әйелдерінің діни болмысы мен қалыптасу кезеңдерін анықтай отырып, қазіргі Қазақстан жағдайындағы әйелдердің діни идентификациясының ерекшеліктерін анықтау бағытында зерттеулер жасалынды. Зерттеу жұмысының тәжірибелік бөлімінде қазақ әйелдері арасында әлеуметтік сауалнама жүргізіліп, алынған жауаптарға талдау жасалынды. Әйелдердің діни, әлеуметтік ,психологиялық, сауаттылық жағдайы, олардың белсенділігі жалпы аталып өтеді. Сонымен қатар зайырлы мемлекетте жаңа діни ағымдардың пайда болуы, оның құрамында қазақ әйелдерінің болуы да діни

бірегейлікке де ұлттық бірегейлігіміздің дамуы барысында өзгеріске ұшырауына тікелей байланысты. Сол себептен қазақ әйелдерінің діни идентификациясын зерттеудегі жұмыстар аса маңызды.

Тірек сөздер: идентификация, зайырлы, дін, қазақ әйелі.

Аннотация. В статье, посвященной выявлению особенностей религиозной идентификации казахских женщин, подробно рассматриваются психологические, социальные аспекты религиозной идентификации. Были проведены исследования по выявлению особенностей религиозной идентичности женщин в условиях современного Казахстана с определением этапов становления и религиозной идентичности казахских женщин. В практической части исследовательской работы был проведен социологический опрос казахских женщин и проведен анализ полученных ответов. Отмечается состояние религиозной, социальной ,психологической, грамотности женщин, их активность в целом. В то же время появление новых религиозных течений в светском государстве, наличие в его составе казахских женщин напрямую связано как с религиозной идентичностью, так и с тем, что наша национальная идентичность претерпевает изменения в процессе развития. Поэтому очень важна работа по изучению религиозной идентичности казахских женщин.

Ключевые слова: идентификация, светская, религия, казахская женщина.

Annotation. The article, devoted to identifying the features of the religious identity of Kazakh women, comprehensively examines the psychological and social aspects of religious identity. Research was carried out to identify the features of the religious identity of women in modern Kazakhstan, identifying the stages of religious identity and formation of Kazakh women. In the practical part of the research work, a sociological survey of Kazakh women was conducted and the answers received were analyzed. The state of religious, social ,psychological, literacy of women, their activity is generally celebrated. At the same time, the emergence of new religious movements in a secular state, the presence of Kazakh women in it, is directly related to both religious identity and changes in the course of the development of our national identity. Therefore, the work on the study of the religious identity of Kazakh women is of great importance.

Keywords: identity, secular, religion, Kazakh woman.

Қазіргі таңда әйел адамның әлеуметтік өмірдегі рөлі, қоғамда өзің-өзі танытуы, мүмкіндігі мен қабілетін жүзеге асыру мәселесі, діни көзқарасы мен сакралды құбылыстарға деген қарым-қатынасы гуманитарлық және әлеуметтік ғылым өкілдері үшін ұзақ уақыт бойы зерттеу нысаны болып келді. Соңғы жылдардағы әлеуметтік зерттеулер әйелдердің белсенді діндарлығын бірнеше рет растады және оны нәзік жандылардың ерекше психоэмоционалды және физиологиялық күйімен түсіндірді.Олардың діни бірегейлігі қоғамда аса маңызды фактор болып табылады.Қазақстан өз алдына көптеген тарихи оқиғалардан сүзгіден өтіп қазіргі мемлекетті құрды.Сандаған жылдар бойы өзгерістердің арқасында мемлекетіміз көп ұлт пен этностың, әсіресе діндердің бір арнада тоғысушысына айналды. Сол аралықта қазақ әйелдерінің тарихи және қазіргі болмысы өзгергені анық. Ал бірегейлік мәселесі осы тұста аса маңызды болып табылатыны анық, себебі қазақ санасында әйел ұлттың бастаушысы,ел тәрбиесінің түзеушісі болып табылады. Демек қазақ әйелдерінің бірегейлігі ,соның ішінде діни идентификациясы қазіргі уақытта аса көңіл бөлінуі керек мәселе. Озық заманда дін тақырыбына байланысты ақпараттар өте көп , күнделікті жаңарып отыруда.

Қазақ әйелдерінің діни мәселесінің бір тұсы, әйелдердің экстремисттік және террористік актілерді жасауы, дін жолында адасып өзге елге кетуі болып отыр.Қазақстандық эксперт А.Әбдірасылқызының пікірінше, экстремистік идеяларға жақын әйелдерге келесілер тән: Әртүрлі үндеулер, интернет-порталда радикалды қоғамдастықтар құру, қарулы қақтығыс аймақтарында болу, жараланған лаңкестерге көмек көрсету, балаларды радикалды жағдайда тәрбиелеу және т.б. Бұл әрекеттердің барлығы экстремистік деп танылады. Бірақ негізінен әйелдер террористердің жаңа буынын тәрбиелеп, балаларының бойына радикалды көзқарастарды сіңіреді. Олар балаларында зайырлы мемлекеттің мызғымас негіздеріне сыни

көзқарастарды қалыптастырады, балаларды орамал тағуға мәжбүрлейді, ал баланың ата-анасынан бас тартуға құқығы жоқ. Сондай-ақ, балалардың түрлі спорттық немесе шығармашылық секцияларға бару құқығын шектеп, мектептегі идеологиясына қайшы келетін сабақтарға баруға, тіпті үй тапсырмасын орындауға да тыйым салады. Сонымен қатар, көзқарастары ұқсас адамдар дінге қарсы деп санайтын бірқатар тарихи факторларды жоққа шығарып, балаларының бойына сіңіреді. Негізінде мұндай ұйымдар әйелдерді интернетте де, отбасында да үгіт-насихат құралы ретінде пайдаланады. Тағы бір үлкен мәселе - өзіңізді де, балаларыңызды да вакцинациялаудан бас тарту. Олардың дәстүрлі емес діни ағымдарды ұстанушылардың өмір салтын насихаттайтын жеке жамағаттары бар екені белгілі. Олардың пікірінше, қазіргі өмірдің барлық негіздері шайтандық. Бұған қоса, олар Қазақстандағы мұсылмандардың көпшілігін сынға алады, олардың көзқарастары олар мұсылмандыққа сәйкес келмейді. Радикалды исламды ұстанатындардың барлығы дерлік өздерін қоғамның қазіргі зайырлы негіздерінің құрбандары санайды. Сонымен қатар:

1) Дәстүрлі емес жамағаттың әйел ізбасарлары балаларын дәстүрлі емес көзқарастар аясында тәрбиелеп, олардың құқықтары мен бостандықтарын белгілі бір деңгейде шектейді.Бұл қыз балаларын қинап хиджаб кигізуінен,балаларының кейбір мектептік пәндерге (биология, сурет, өзін-өзі тану) қатысуына рұқсат бермеуінен, дене шынықтыру, өнер, би үйірмелеріне қатыстырмауынан, зайырлы білім беру жүйесіне сыни көзқарасты қалыптастыруынан, вакцинациядан бас тартуынан көрініс табады.

2) Дәстүрлі емес діни отбасылардың әйелдері төмендегідей іс-әрекеттерге қатысады:

– оқшауланған (салафиттік) жамағат мүшелерінің арасында дәстүрлі емес діни ағым жақтастарының көзқарастарына негізделген өмір салтын дәріптеу;

– зайырлы өмір салтын және зайырлы тәрбиені қабылдамау және оларды діни өмір салтының антиподы ретінде қарастыру;

– жамағат мүшелері арасында дәстүрлі емес көзқарастарды насихаттау;

– өз діни көзқарастарына сай келмейтін Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының қағидаларын қабылдамау;

– шариғат заңдарына негізделмеген зайырлы мемлекетке қатысты сыни көзқарастарды қалыптастыру;

3) Діни экстремизм үшін сотталған адамдардың әйелдері түрмеде отырған күйеулерінің жамағатпен байланысын дамыту мен жалғастыруда басты рөл атқарады. Бұған дәстүрлі емес діни ағымдағы жамағат өкілдерінің сотталған адамның отбасы мүшелеріне материалдық көмек көрсетуі ықпал етеді.

4) Сонымен бірге Сириядағы соғыс зонасына кеткен адамдардың әйелдері экстремизмнің жаһандық феминизациясы нәтижесінде пайда болған іс-әрекеттерге қатысады [1].

Ал ресейлік эксперт В.А.Сосиннің пікірін ше, әйелдерді суицидтік терроризмге үгіттеу үшін олардың діни сауатсыздығы, олардың исламның «уахаббистік» тұжырымдарын дұрыс деп тануға негізделген примитивті діни көзқарастары қолданылады. Сонымен бірге ғалым әйелдерді діни террористік актіге итермелейтін себептерге ол әйелдердің негативті біртектілігінен айырыла алмай, қоғамға қайта оралу мүмкіндігінен жоғалтуына байланысты өзінің ар-ожданын құтқарудың жалғыз жолы ретінде суицид арқылы «әулие азаптанушы» мәртебесіне өту қарастырылады.

Экстремисттік Риколфидің дифференциялау үлгісінің негізінде өзіміздің үш топтан құралған модельді ұсынамыз:

1) Өздерін таңдаулылар ретінде қарастыратындар. Олардың мотивациясының түп-тамырын өзін Құдаймен таңдалғандар (Жаратушы азап шегушілерді таңдайды) және азаптану трансценденталды марапаттарға жетудің ең қысқа жолы ретінде қарастыруы құрайды.

2) Кек алуға тырысушылар. Бұл топтың басты мақсаты террористік актілерде немесе әскери іс-қимылдарда қаза тапқан туыстары үшін кек алу болып табылады.

3) Саяси режимнен көңілі қалғандар. Бұл топқа саяси жүйені тек революция жолымен ғана өзгертуге болатындығына сенімді адамдарды жатқызуға болады [2].

Қазіргі таңда деструктивті, кей жағдайда тіпті радикалды исламдық ағымдардың белсенді әрекеті елдің ұлттық өзіндік ерекшелігінен айырылып қалу қаупіне апарып соғуы мүмкін. Ол ең алдымен діндар жұртшылықтың біздің төл қазақ дәстүрлерінен бас тартып, оны жоққа шығарып, фундаменталды және радикалды идеялардың күшеюінен көрінісін табады. Сондықтан да мемлекеттің алдында тұрған басты мақсаттардың бірі - қоғамымызда діни процестердің саясаттануына жол бермеу. Осы орайда, маңызды болған мәселенің бірі, бұл – дәстүрлі емес діни қозғалыстардың қызметтерін ретке келтіру. Себебі, олардың әрекеттері қоғамда кереғар көзқарастар туғызып келеді. Өйткені, қазіргі таңда ұлт және дін, тарих және дін, дәстүр және дін мәселесі де терең байыпталмай келеді. Дінді салтпен, дәстүрмен шатастырушылар көбейді [3]. Гуманитарлық зерттеу орталығының (ГЗО) мәліметі бойынша 4% құрайтын «дәстүрлі емес» діндерді ұстанушылар санының аздығына қарамастан аса белсенді болып келеді [4].

Радикалды идеология ықпалына түскен әйелдерді әлеуметтік бейімдеу және психологиялық оңалту шаралары Дін істері комитетінің әдістемелік жетекшілігімен барлық өңірлік Дін істері басқармалары тарапынан жүргізіледі. Әйелдер аудиториясымен жүргізілген ақпараттандыру және қайта бейімдеу жұмыстарына аймақтық Дін істері басқармаларымен қатар «Аңсар» ақпараттық-талдау орталығы (Ақтөбе облысы), «Жайық» деструктивті ағымдардан жапа шеккендерге көмек көрсету орталығы (Батыс Қазақстан облысы.), «Насихат» қоғамдық қоры, «Сана» дінтанулық ақпараттандыру және кеңес беру орталығы (Ақмола облысы.), «Шапағат» деструктивті ағымдардан жапа шеккендерге көмек көрсету орталығы (Атырау облысы.), «Конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту орталығы» ЖШС (Павлодар облысы.) секілді қоғамдық бірлестіктер белсене атсалысуда. Кеңінен атқарылып жатқан жұмыстардың басым бағыттары төмендегідей: – Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алудың тиімді әдістерін ойластыру үшін мемлекет тарапынан әлеуметтік зерттеулер жүргізу; – Әйелдер мен жастар арасында радикализмнің алдын алу шараларын ұйымдастыруда оңтайлы әдіс-тәсілдер пайдалану; – Дін саласы бойынша әйелдер арасындағы сауаттылықты арттырудың жаңа тәсілдерін қарастыру; – Діни экстремизмнің алдын алу жұмыстарында қоғамдағы әйелдердің позициясын арттыру; – Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мен үкіметтік емес ұйымдар біріге отырып, діндар әйелдердің әлеуеті мен жауапкершілігін арттырып, оларды жас ұрпақтың патриоттық рухта тәрбиеленуін жандандыратын, радикалды идеологияның таралуына төтеп беретін күш ретінде пайдалану [5].

Қазақ әйелдерінің діни мәселелері тек ислам діні аясында ғана емес екені анық.Қоғамдағы үлкен қателіктің бірі тек ислам бағытындағы проблемалармен күресу ,ал басқа діни ағымдар елеусіз қалып жатқаны үлкен қатер.Солардың бірі мемлекетімізде пайда болып жатқан жаңа діни ағымдар. Жаңа протестанттық ұйымдардың миссионерлік қызмет атқаруда олардың механизмдері өте көп. Соның бірі ол-қайырымдылық. Қайырымдылық акцияларын өткізуге бағытталған діни ұйымдардың күш-жігері қоғамдық санада,қазақ әйелдерінің соцалды өмірінде олардың оң имиджін қалыптастыруға және қарым-қатынас орнатуға, оның ішінде мемлекеттік құрылым өкілдерімен қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді. Соңғысы діни бірлестіктің беделін арттырып, онымен байланыста болған әйелдер арасында үлкен сенім тудырады. Нәтижесінде көптеген діни топтар, ең алдымен, қайырымдылық акциялары арқылы өздерін жариялай бастайды. Жалпы қайырымдылық жесір әйелдерге, көп балалы аналарға , мүгедек балаларға, жағдайы төмен отбасыларға, аналар үйі,балалар және қарттар үйіне көмек көрсету арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар, жаңа протестанттық ағымдар мәдени-ағартушылық үгіт-насихат, спорттық секциялар, гуманитарлық көмек көрсету және туризм арқылы жүргізеді. Миссионерлер адамдарды аспаздық курстарға, Інжілді зерттеу топтарына, тұлғаны өзін-өзі дамыту курстарына, кино көруге, емдеуші дәрігерге, әйелдердің кездесуіне және пикниктерге шақырады.Ондай жиналыстарға үйде жұмыссыз отырған,отбасынан қолдау таппаған,қоғамнан алыстап қалған

әйелдер қызыға баратыны анық. Және де музыкалық концерттер, дәрістер, көрмелер ұйымдастыра отырып әйелдерді өздерінің ұйымдарының қатарына қосуға асығады. Орыс сектологы А.Л.Дворкин айтқандай, «Ешкім Жаңа діни ағымға келмейді, адамдарды бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен, басқа адамдар, діни әдебиеттерді тарату арқылы және т.б. тәсілдер арқылы. Миссионерлер өздерін сенімді, сабырлы ұстайды, сенімді сөйлейді. Прозелиттер көшеде, кафелерде, дискотекаларда, кинотеатрлар мен станцияларда адамдармен байланыс орнатуға тырысады, әңгімелесушілерді қызықтырады, олардың сенімдеріне кіре отыра, шіркеудегі қызметке баруға көндіреді» [5]. Миссионердің негізгі мақсаты ол өз миссиясын шүбәсіз орындау және сендіре білу болып табылады. Олардың ерекшеліктері адамдардың ойын, рухани-мәдениетін құптай отыра өздерінің ұстанымдарын, идеяларын, ілімдерін барынша еркін ұсынады.

Олардың ерекшеліктері жайында Қ.М.Борбасова, А.А.Сағындықов өз мақалаларында жазған болатын. Қазіргі таңда жаңа протестанттық ағымдарының қолданып отырған үгіт насихат тәсілдерінің ең бастыларын келтірілген болатын:

• Адамды дүниеден, қоғамнан және жақындарынан алыстату. Бұған қол жеткізу үшін олар қоғамдағы әділетсіздік, теңсіздік сияқты экономикалық, әлеуметтік және саяси дүрбелеңдерді, табиғи апаттарды пайдалады;

• Мемлекет пен елдердегі әділетсіздік, кедейлік пен жоқшылық, тұрмыстыққиындықтар, бір елде бірге өмір сүріп жатқан халықтар арасына жік салу, адамдарды үмітсіздікке, рухани дағдарысқа итермелейтін сөздер айту;

• Осы қиындықтардан құтылудың жолы өз ұйымдарына кіру болып табылатындығын айтып сендіру;

• Жас қыздар мен жігіттерді жинап алып, жастық желік пен нәпсіқұмарлықтарды пайдалану арқылы өздеріне бағындыру;

• Тоқтамастан баса сөйлеп, қарсысындағы адамның аузын аштырмай, рухани тұтқынға айналдыру;

• Ағымға кірген кісіге сенімдерінің қыр-сырын оқыту, өз журнал-газеттерін ғана оқытқызу;

• Христиандық және Қасиетті Кітап жайлы адамның естігісі келген сөздермен жеткізу;

• Бұл дүниеде қауіпсіз және тыныш өмір сүру үшін өздері сияқты күшті де сенімді бір ұйымға кіру керектігін айту;

• Халыққа жұмыс беру, ақша беру, айлық беріп шет елдерге саяхатқа жіберу арқылы өздеріне тарту;

• Шет елдерге конференцияға шақырып алып, сол мүмкіндікті пайдалана отырып үгіттеу;

• Адамдарға дос болу, достық атмосфера құру;

• Сұхбаттарда дауыс көтермеу, оқыс мінез көрсетпеу, жылы жүзді, сабырлы болуды пайдалану;

• Адамның жағдайын, рухани халін біліп алып, соған сай әрекет ету;

• Насихат ісіне бір әйел екі еркек немесе бір әйел, бір еркек болып бару;

• Жас қыз, келіншектерді пайдалану;

• Тегін газет, кітап, журналдар тарату;

• Апталық, айлық жиналыстар, саяхаттар, конференциялар, жарыстар және көрмелер ұйымдастыру;

• Барған жерлерінде сол мемлекеттің тілінде үгіт жүргізу;

• Үйлерді, кеңселерді, кітапханаларды үгіт-насихат мекені ретінде пайдалану;

• Адамдарға тіл үйрету, мамандық алуына, интернет қолдануына жағдай жасай отырып, жастардың сеніміне кіру;

• Үйлерді аралап, қоғамдық жерлерге барып адамдармен араласа отырып, үгіт жүргізу;

• Оқу орындарында тегін сабақ беріп, конференциялар өткізу;

• Материалдық және рухани проблемалары барларға көмектесу.

• Ғылыми жаңа көзқарастарды жақтайтын білімді, көзі ашық кісі болып көріну;

• Қасиетті кітап сабақтарын беру;

• Көшелерде, саябақтарда, адамдардың көп жүретін жерлерінде өткен-кеткенге дін, өмір туралы сұрақтар қойып сұхбат құру [6].

Сонымен қоса С. Хизметли өз еңбегінде миссионерлік қызмет терминін анықтай отырып, протестанттық жаңа діни ұйымдардың миссионерлік әдістерін қарастырған болатын. Оның еңбегінен протестанттық ағымдарға тән барлығына ортақ мынадай миссионерлік әдістерін көрсетуге болады:

• Әлеуметтік және экономикалық қиындықтар мен көмекке зәрулік;

• Діни сауатсыздық және мәдениетсіздікті пайдалану;

• Теледидар, радио, баспасөз құралдарында, интернет, әлеуметтік желілерді үгіт-насихат жүргізу;

• Құтылудың жолы өз ұйымдарына кіру болып табылатындығын айтып сендіру;

• Халыққа жұмыс беру, ақша беру, айлық беріп шет елдерге саяхатқа жіберу арқылы өздеріне тарту;

• Қасиетті кітап сабақтарын беру;

• Материалдық және рухани проблемалары барларға көмектесу;

• Барған жерлерінде сол мемлекеттің тілінде үгіт жүргізу [7].

Бұл жағдайға қатысты мемлекеттер заңдар қарастырылған.Қазақстан Республикасында мемлекеттік конфессионалды қарым қатынастардағы бірнеше маңызды тұстарын белгілеп өту қажет:

- Қазақстан Республикасында қызмет ететін шетелдік діни қорлар мен олардың бөлімдерінің саны белгісіз, діни бірлестіктердің шет елден қаржыландырылуы көлемдері айқын емес (оңан қоса, олардың қызметтерінің нәтижелері белгісіз);

- біз Қазақстан үшін жаңа діни бірлестіктердің барлығын біле бермейміз,діни тәрбиелеудегі олардың жетістіктері мен кемшіліктері жайлы ақпарат жоқ (жекелеген жағдайда олардың шығу тегі мен мемлекетімен арақатынастары,әсіресе осы діни топтардың заңға қарсы әрекеттері көрініс тауып, оларға қарсы сот процесстері жүргізілдіме);

- діни және қоғамдық бірлестіктердің араласуы орын алады, ол қажет кезінде өз мәртебесін өзгертуге мүмкіндік береді [8]. Дін атын жамылып, өз қызметтерін кеңінен әрі интенсивті атқарыпжүрген кейбір жалған діни ұйымдар мен бірлестіктер мемлекет тарапынан жүргізіп отырған саясаттың қағидалары мен шарттарына мойынсұнбай, түрлітамал-тәсілдерді қолдана отырып қызмет етуі көп кездеседі. Мемлекетте атқарып отырған қызметтерін қарқынды түрде жүзеге асыру үшін қолданатын психологиялық әсер етуші алдын ала дайындалған бағдарламаларымен қатар діни ұйымдарына мүшелікке келушілерге ұсынылатын оқулықтар,брошюралар, үн таспа, презентациялардың және т.б. көрнекіліктерінен қаржыландыру көзінің де есепсіз екенін байқауға болады “Ешкіммен, еш жерде тіркелмеген әр түрлі миссионерлік діни ұйымдардың, секталар мен діни мектептердің қызметтері бағаланудан тыс қалып, кейбір ұйымдар діни ұйым болып тіркелмейді де оқу орталықтары,денсаулық сақтау және сауда ұйымдары ретінде қызмет жасайды. Олардың қаржылық жағдайы есепке де, бақылауға да түспейді, бұл секталардың еліміздегі діни жағдайға әсері және адамдардың ақыл-ойына әсер етіп, үгіттеу әдістері сарапталмайды” [9].

Қазақ әйелдерінің діни ақпарат алу деңгейі заманауи технологиялармен қатар қарқынды жүруде.Қазақстанның өзінде ислам дінін уағыздайтын «Асыл арна» телеарнасы, Құран мен Сүннетті түсіндіретін веб-сайттар ашылды, мысалы: www.muftyat.kz, www.fatua.kz, www.azan.kz, www.mazhab.kz, www.ummet.kz, www.nasihat.kz, www.taglym.kz және т.б. Интернетте ақпараттық ресурстар мен желілерді құрумен қатар, оны діни тауарлар мен қызметтердің нарығы ретінде пайдалану да жолға қойылған. Kaspi.kz қосымшасында пітір садақа беру мүмкіндігі соның бір дәлелі іспеттес. Бұл мысалдар діннің бастапқыда өз аясына жатпайтын салаларды игеру арқылы кең көлемді әлеуметтік процестердің дирижерына айналып, социогенез факторы ретінде әрекет етіп жатқанын аңғартады [10].

Әлеуметтік желі діни ақпарат тару үшін ең үлкен қаруға айналды.Әсіpіce « Instagram » желісінде діндар әйелдер өз бизнестерін жүргізіп ,әйелдердің діни сұрақтарына жауап беретін

курстар өткізіп, олармен онлайн-оффлайн жиындар өткізуде. Діни ақпаратпен бөлісуші әйелдер өздеріне “ұстаз” лауазымымен атап діни белсенділіктерін көрсетуде. Діндар әйелдерді қоғамдық өмірдің әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени-тарихи алғышарттарының ықпал етуіне байланысты біртұтас топ деп санауға болады. Бірақ постмодернистік құндылықтар (индивидуализм, кәсіпқойлық, өзін-өзі жүзеге асыру), әйелдердің эмансипациясы, гендерлік революция, көпмәдениеттік дәуірінде әйел адам жеке тұлға ретінде дәстүрлі бағдарын түзетуі, сыртқы әлеммен қарым-қатынастың өзіндік моделін құруы және ішкі жан дүниесінде үйлесім табуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әбдірасылқызы А. (2016). Қазақ орамал тағуды құптайды // Президент және халық.
2. Болысбаева А.К. Социальный портрет казахской мусульманки: ретроспектива и современное состояние. Вестник КазНУ Серия "Философия, культурология, политология" КУЛЬТУРОЛОГИЯ.
3. Трофимов Я.Ф., Канаев С.З.. О некоторых проблемах противодействия религиозному экстремизму. Караганда. Болашак-Баспа 2013. 8 б
4. Косиченко А.Г. Курганская В.Д., Нысанбаев А.Н., Бегалиев Н.К. Взаимодействие религий в Республике Казахстан.- Алматы: Центр гуманитарных исследований, Издательство «Искандер», 2006, 46 б.
5. Берік Арын. Діни экстремизмнің алдын алудағы әйелдер ұйымдарының рөлі | Қазақстандағы Ислам [Электронный ресурс].Режим доступа: https: //kazislam.kz/dini-ekstremizmni-aldyn-aluda-y-ajelder-jymdaryny -roli/
6. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы Ұлттық халық санағының қорытындылары [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://stat.gov.kz/api/getFile/?docId=WC16200032708
7. Малашенко А.В. и Филатова С.Б., Религия и глобализация на просторах Евразии. – М.: Московский Центр Карнеги, 2005. – С. 90-125
8. Хизметли С. Орта Азия түрік республикаларындағы зиянды ағымдар және миссионерлік. – Алматы: ЖШС «Эверо», 2006. – 256б.
9. Мчедлов М.П. Политика и религия. М. 1987.
10. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік – конфессионалдық қатынастар проблемасы мен қайшылықтары. // Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік – конфессионалдық қатынастардың өзекті мәселелері: материалдар жинағы. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институты, 2012
11. Baskynbayeva N. Aljanova, N. Проявления женской религиозности в социальной сети Instagram**.** Вестник КазНУ, Серия Религиоведение, [S.l.], v. 29, n. 1, mar. 2022. ISSN 2521-6465.

Кудерина А.Н., *аға оқытушы,*
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ БІРЕГЕЙЛІК ӨРКЕНИЕТ ӨМІРШЕҢДІГІНІҢ КЕПІЛІ

Андатпа. Бұл мақалада қазақ қоғамындағы жаһандық жаңашылдық мәдениетінің тенденциялары мен қазақ қоғамының бай мәдени мұрасын бір мәдени кеңістікте болашақ ұрпаққа жеткізудегі сабақтастық қарастырылған.

Кілт сөздер: құндылықтар, жаһандану, бірегейлік

Анотация.В данной статье рассматриваются тенденции глобальной культуры новизны в казахском обществе и преемственности в передаче богатого культурного наследия казахского общества будущим поколениям в одном культурном пространстве.

Ключевые слова: ценности, глобализация, уникальность.

Abstract.This article deals with the trends of the global culture of novelty in the Kazakh society and continuity in the transfer of the rich cultural heritage of the Kazakh society to future generations in one cultural space.

Key words: values, globalization, uniqueness.

Қазақстанның бай мәдени-тарихи мұрасы, ұлт мәдениетін дамытудың сарқылмас ресурстары болып табылады. Бүгінгі таңда мәдениет пен мәдени әлеуетті дамыту, әлемнің көптеген халықтары мен мемлекеттерінің маңызды әрі басымдық жолдарының бірі болып табылады. Әрбір дамушы мемлекеттің жетістікке жетудің ең маңызды критерийлерінің біріне мәдениеттің даму деңгейі жатады, мәдени институттардың тиімді жұмыс істейтін инфрақұрылымының болуы, ұлттық және әлемдік мәдени мұраны сақтаумен байытуды қамтамасыз ететін прогрессивті механизмдердің болуы, құндылықтарды тарату мен тұтыну жолдары, тұлғаның өзін-өзі рухани-шығармашылық деңгейде жетілдіру әр өркениетті елдің басты ұстанымы болып табылады. Бүгінгі күні мәдениет саласындағы жетістіктер, тек ведомстволардың жұмысымен, мәдени мекемелері, статистиканың сандық көрсеткіштері және танымал есімдердің болуымен өлшенбейді. Кез-келген мемлекеттің мәдениетінің даму деңгейін, сол мемлекеттің мүшелерінің адамгершілік категориялары мен сапалық сипаттамаларымен анықтайды. Мәдениеттің деңгейін, қоғамның үйренген әдеп пен моральдық құндылықтарымен және сол құндылықтарды құруға қатысқан адаммен де анықтайды. Мәдени құндылықтарды қалыптастыратын, рухани іргетасының бірі, адамзаттың өмір сүру ережесі, заңнамасы, қоғамда реттеуші функцияны орындайтын салт-дәстүрді айтуға болады. Кезекте Еліміздің мәдени жетістіктерінің деңгейін көрсететін және көтеретін, функционалдық жағынан маңызды рөлді орындайтын мәселелерге көңілді аударсақ, мысалға: Қазақстан мемлекетінің мәдени тарихи бай мұрасы, отандық өнер туындыларында, соның ішінде; балаларға арналған анимациялық мультфильмдерінде, сапалы тарихи кинофильмдерде, әдебитетте, ғылыми-танымдық документалды фильмдерде, театр, музей, туризмде көрініс таппай жатқанын байқаймыз. Мәдени мұра мәселесі он жыл бұрын актуалды мәселе етін, бүгінде оның актуалдылығы түскен жоқ. Он жылдың төңірегінде уақыт өтседе, сол уақытта көтерілген сұрақтар, яғни бұқаралық ақпарат құралдары есептелетін сфераларда төл мәдениетімізді дәріптейтін насихаттау жұмыстары әліде толықтыруларды талап етеді. Сонымен қатар ұлттық рухани құндылықтар мен бағдарларды бейнелейтін заманауи өнер туындыларының аздығы байқалып; заманауи әдеби шығармалар, анимация, бейнелеу өнері, кино және театр, музей және тб. салалардың бүгінгі күйі алаңдатады. Отандық тәлім тәрбие беретін телебағдарламалардың аздығы, ұлттық салт-дәстүрді дәріптейтін жобалардың рейтингісінің төмендігі, ұлттық мәдениетімізді дәріптейтін қазақ тіліндегі мультфильмдердің тапшылығы, ұлттық каллоритті тасмалдайтын қолөнердің даму қарқыны бүгінде көңіліміздің шықпайтыны рас. Осы атап өткен сфералар, кез келген мемлекеттің басты мәдени шығармашылық образдары, бүгінгі күнде бұл сфералар мәдениетті тасмалдайтын және таратын ең басты құралдар емес па? Әлемдік мәдениеттің тәжірбиесіне жүгінсек, ағылшын тілінің статусы, жапон мәдениетінің құндылықтары, корей поп музыкасы және тб., кең етек жайюына яғни әлемдік деңгейге өтуіне үлкен көмек еткен жоғарыда атап кеткен сфералар.

XXI ғасырда әлеммен бірге, қатар аяқ басу үшін бізге жоғарыда атап кеткен сфералардың, яғни кино және медиа, әдебиет және өнер, театр мен музей қызметін ілгері дамыту қажет. Әсіресе, нүктесін басып атап кететін жері, бүгінгі күнде ұлттық рухани құндылықтарды әлеуметтік желілер, интернет ресурстары арқылы әлемге танытатын, заманауи саланың бірі, өнер саласы екенін естен шығармауымыз қажет. Мәдениетіміздің ұлттық құндылықтардың рейтингісін көтеретін өз елімізде шығаратын ұлттық сувенирлердің, ұлттық нақыштағы ойыншықтардың, салт-дәстүрді дәріптейтін телебағдарламалардың, дәстүрлі этникалық ерекшелігімізді көрсететін ұлттық киімдердің стилінің өзгеруі және оның жоқтығы алаңдататын мәселе. Жаһандану заманында әлемдік мәдениетке айналу менің ойымша өте оңай, ең бастысы әлемдік мәдениет деңгейіне жеткен мемлекеттердің

тәжірбиесіне үңілсек, нені байқауға болады? Батыстық Еуропа немесе Шығыстық мұсылман мемлекеттеріне өз мәдениетінен қымбат, өз мәдениетінен қызық, әрі құндылығы жоғары мәдениет жоқ! Оларға өздерінің төл мәдениетінен жоғары әрі жетілген мәдениет жоқ, соның нәтижесі «Еуроцентристік көзқарастың» қалыптасуы, туризмнің Шығысқа арабия елдеріне ығысуы дәлел. Жаһандық прогресстен бас тарту мүмкін емес, дамушы мемлекет үшін жаһанданудан бас тарту абсурд, сол себепті жаһандық үдерістен өзімізге тиімді жақтарын алып, үйреніп, жаһанданудың құралдары мен тәсілдерін пайдаланып, ілгері даму басты ұстанымыз болуы тиіс.

Мәдениет адамзат тарихының өнімі болып табылады, онда халық тәжірибесінің жетістіктері бекітіліп, беріледі. Ол материалдық және рухани еңбек өнімдерінде, әлеуметтік нормалар жүйесінде жүзеге асырылады. Қоғам дамуының әр кезеңінде мәдениет күрделі құрылымды және көп қырлы құбылыс екенін білеміз. Ол адамның маңызды күштерін қалыптастырудың, көрсетудің және материалданудың барлық салаларын қамтиды. Сондықтан "мәдениет-адамның, оның рухани әлемінің дамуының сапалық сипаттамасы" [1. 4б.] Белгілі француз ғалымы К. Леви-Стросс мәдениеттің қоғамдық өмір нормаларымен ажырамас байланысы фактісін былай білдірді: "Мәдениет ережелерден басталады ..."демекші, әлемдік прогресстің күші жетпеген, мыңдаған ғасырлар бойы қалыптасып, атадан балаға өзгеріссіз беріліп келе жатқан ережелер жиынтығы, өмір сүру моделі болып сіңген, құндылық ол – салт-дәстүр.

Дәстүр мәдениеттің бастапқы құрылымдық ірге тасы, негізгі өзегі, өмір сүру заңнамасы, десек асыра сілтегендік болмайды. Жер бетінде бүгінгі күнге дейін өмір сүріп, мәдениеті сақталған, әр-түрлі ұлт өкілдерін ерекшелендіретіні ол – тілі, діні, діні, наным-сенімдері, рәсімдері, әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері және т.б. Ұлттық ерекшелікті сақтау не үшін қажет десек? бұл адамдардың әлемді, қоршаған ортаны, адамзатты танып білудегі қызығушылықты арттырып, өмірін мән мен мағынаға толтыру үшін қажет деп ойлаймын. Егер жер бетіндегі мәдениеттердің ұлттық мәдени мұрасы болмаса, өмір сүрудің еш қызығы болмайтын тәрізді. Әрине ұлт бар жерде оның мәдениетін қалыптастыратын салт-дәстүр орын алады, ал олар тек қоғам бар жерде ғана қалыптасады. «Ұлт тарихи –мәдени фактор болғандықтан кез-келген мәдениеттің негізін құрайды» [2. 56,]. Мәдениет ол – тек қана керемет өнер шығармалары ғана емес, сонымен қатар ол қоғамның рухани өмірі, өнер мен ғылымның дамуы, тәлім - тәрбиесі, жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін өмір сүру ережесі, яғни салт-дәстүрі. Әр-бір салт-дәстүр, негізінде белгілі бір топтың өмірінің көрсеткіші, ал бұл көрсеткіштің пайда болуы қоршаған ортаның шынайылығын рухани және эмпирикалық түрде танып білуіне байланысты. Басқа сөзбен айтқанда әдеп-ғұрып пен салт-дәстүр ол – халық өмірінің теңізіндегі, өмірлік шынайылықты тәжірбиелік және рухани тұрғыда танудың қорытындысы ретінде ғасырлар бойы жинақтаған інжу маржан. Қандай да бір салт-дәстүрдің түбірін зерттей келгенде, біз мынандай қорытындыға келеміз, яғни толық зертелмегендік пен ескіліктің түбінде тірі ақыл-ойға жүгінген өнім бар. Қандай да бір халықтың әдеп–ғұрыпы мен салт-дәстүрі, бұл жер бетінде өмір сүретін адамзаттың үлкен жанұясына кірудегі «жолдамасы». Әр-бір этнос өзінің тіршілігімен оны байытып жетілдіреді. «Мәдениет жүйесінде артық ештеңе жоқ, бәрі бір бірімен функционалды байланысты.»[3. 19 б.] Дәстүр (латынша -жалғастыру) тарихи қалыптасқан қоғамға ұрпақтан-ұрпаққа беріліп және белгілі уақыт аралығында сақталып отыратын адамзат тәжірбиесінің жалғастығы мен жиынтығы, ал мәдени мұрасы ретінде мыналарды жіктесе болады: әдет-ғұрыптар, ырымдар, жүріс-тұрысы мен тәртіптері, үрдістер, жөн-жоралғылар, мейрамдар және т.б. Негізі адамзат қажеттілігін өтейтін барлық құндылықтар-материалдық, әлеуметтік және рухани құндылықтар-дәстүрді құрайды. С.А. Артюнов Халықтар мен мәдениеттер атты еңбегінде «Салт-дәстүр–тіл мен мәдениет бастауларының анасы» деп дәстүрдің терең мағынасын бір ауыз сөзбен тамаша жеткізген. Дәстүр бұл ұрпақтан ұрпаққа ұзақ уақыт бойы белгілі бір қоғамдастықта сақталатын әлеуметтік және мәдени мұраның элементтері. Дәстүр – бұл заңды қағидалар мен реттелетін, қоғамдық көзқарас күші мен қолданатын, қазіргі ұрпаққа берілген таптың, қоғамның және идеологиялық (саяси, өнегелік діни, эстетикалық) қатынастық

өмірінде қалыптасқан тәсілдерді беру формалары яғни мәдениет тарихы. Мәдениет тарихы дегеніміз ол жалпы әлеумет тарихы деген сөз [4. 19 б.]

Мақаламның басында айтып кеткенімдей, қазақ елінің сарқылмас мәдени мұрасы ол – дәстүрі, адамның әр-бір іс-әрекетін дәстүр қадағалап отырмайды, ол әр-бір іс-әрекетті рухани тұрғыдан шешуге тырысады. Әрине бұл әрекеттердің бәрі қоғамдық өмір мен жеке өмірдің тәртібін түзейді. Осыдан біз мынандай мәселені байқаймыз, яғни дәстүр бүткіл әлеуметтік жүйелерді қамтыған және қоғамдық іс-әрекеттерде өз қызметін атқарып, әр қазақ атты адамның қандай да бір әрекетіне түсініктеме берері хақ. Осыдан алар түйіндіміз, дәстүр жалғасын тауып, нығайту арқылы әр түрлі әлеуметтік тәжрибені қолдап сонымен қатар ұрпақтар арсындағы рухани байланысты айқындайды. Дәстүр ол адамның материалдық және рухани қажеттіліктерін өтеуге негізделіп, сол себепті ол заман талаптарына сай өзгеріске түсіп жаңартылып отырады. Жаңашылдық пен дәстүршілдік арақатынасы кез-келген халықтың әлеуметтік–мәдени динамикасында, әртүрлі қоғамдарда күрделі және қайшылықты мәселелердің бірі болып табылады. Негізі жаңашылдыққа қарсылық көрсетіп, оны теріске шығарып, ескі тәртіппен өмір сүруге болады, немесе жаңашылдыққа бейімделе отырып ескіні жоққа шығарып та өмір сүруге болады, бірақ ондай қадам прогресске емес, регресске әкеледі. Дәстүрдің екі әлеуметтік қызметі бар: қазіргі қоғамдағы нығайған қатынастардың тұрақтылығын сақтайтын құралы ретінде және де осы қатынастардың жаңа ұрпақ өмірінде орнын табуға ықпалын тигізеді. Дәстүрдің осы қызметтерінің жүзеге асу жолдары: дәстүр адамның рухани әлемі мен тығыз байланысты, тұрақтандыру ролін атқарып, қоғамдық қатынастарда рухани әрекетшілдікті талап етеді.

Бүгінгі күнде «діни дәстүршілдік» үрдістің кеңінен таралғанын байқаймыз, әсіресе ислам дәстүршілдерін заманның өзгеріп бұрынғы өмір салты мен дәстүрлі құндылықтар жүйесі бұзыла бастаған өтпелі қоғамдарда көрініс табатын тенденция деп өзін танытуда. Дәстүршілдер жаңашылдықтарды қабылдамай, өтіп кеткен қоғамдық құрылыстарды пір тұтып, оны қайтадан қалпына келтіруге ұмтылады [5. 277 б]. Діни дәстүршілдер типіне қоғамдық жағдайының тұрақсыздығын өзінің ұлттық дәстүрін күшейткісі келетін аз ұлт өкілдері жатады. Діни дәстүршілдік пен халықтың яғни этникалық дәстүршілдік айырмашылығы бар. Халықтық дәстүршілдік ол белгілі мәдениет өкілдерінің ерекше мінез құлқы мен өмір сүру заңдылығын, ережесін білдіретін құбылыс. Салт-дәстүрдің мәні мен әлеуметтік маңызы оның қоғам өміріндегі атқаратын қызметтері өте зор: сараптаушы, әлеуметтік, коммуникативтік, идеялық – тәрбиелік және т.б. Дәстүр мен әдет-ғұрыптардың құрылымына саяси, адамгершілік, эстетикалық, діни, ережелер, нормалар мен приципте, тұлғаның рухани қасиеттері, көзқарасы, сезімі, қажеттілігі мен идеалдары кіреді. Бұл жағдайда қоғамда дәстүршілдік, архаистік, жаңашылдық, батысшылдық және т.б. тенденциялар пайда болады. Т.Х.Ғабитовтың айтуынша: дәстүр арқылы индивидуумдардың белгілі бір ұжымы мұрагерлік бойынша өзін-өзі дамыту және өмір сүру үшін қажетті білімді береді. Яғни, бұл терминді ұжымдық коммуникацияның белгілі бір тетігі ретінде түсіндіруге болады.

Бірақ кез келген дәстүр өзінің консерватизміне және орнында нық тұрғанына қарамастан, әлсірей бастайды. Қоғамның даму процесінде дәстүр қосымша күштермен толықтырылып (идеология, құқық, дін, саясат және руханилықтың басқа түрлері), мәдениеттің нығайуына себепші болып, төл мәдениетіміздің сақталуына зор үлесін қосатыны хақ. Мәдениеттің диалектикалық түрде дамитын процесстердің тұрақшыл және дамушы жақтары бар. Қазіргі жаһандану кезеңінде, орын алып жатқан жаңашылдық дәстүрге сай формаларға бейімделмегендіктен қоғамда мәңгүрттену немесе маргиналдану үрдісінің етек жайғанын байқаймыз. Сол себепті қазақ қоғамын рухани дағдарыстан сақтап қалар, ұлттық мәдениеттке деген немқұрайлықтан алып шығатын жол, ол мәдени кодымызды сақтап әрі дәріптеуден басталады. Қазақстанның қазіргі жағдайындағы жаһандану Ғ.Телебаевтың пікірінше, күштілер тарапынан «қажетті-болмас» түріндегі мәдени агрессия түрінде өтеді. Америка-центристік жаһанданудың рөлі ерекше атап өтіледі, ол біртұтас бұқаралық ақпарат құралдарының, әдебиеттің, өнердің, фильмдердің, поп-мәдениеттің және т.б. салалларында көрініс табатын адами құндылықтар мен мәдениетті әмбебаптандыруда көрінеді. Бұл

агрессияның салдары әлемді біркелкі ету, адамдардың өмірін бірдей принциптерге, ортақ құндылықтарға, әдет-ғұрыптар мен мінез-құлық нормаларына сәйкес ұйымдастыру ниеті, белгілі бір нәрсеге тән этникалық мәдени құндылықтарды қоса алғанда, бәрін әмбебаптандыруға ұмтылу мүмкін. этникалық топ және әлем мәдениетінің құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. [7, .6 б.].

Ұлттық мәдениеттің тұрақты жағы - ол тарихтағы адамзат тәжрибесінің жинақталып ұрпаққа таралуы болып табылады. Дәстүршіл қоғамда адам жаңа мәдениетті қабылдай отырып, дәстүрдің шеңберінен шықпай халқының мәдени бай мұрасын піріндей қастерлеп, мәдениеттің басқа сфераларындағы прогрессивті жаңашылдықты бірге ұштастыра алуы тиіс. Мысалаға Жапон мәдениетінің ерекшелігін айтар болсам, ол ең прогрессивті өркениеттердің бірі, ғылыми техникалық жетістіктерімен қатар ұлттық мәдени мұрасы да тең дамып жалғасын тауып келеді. Халықтық салт-дәстүрі культтық деңгейге жеткен, тек өз ұлтты үшін ғана емес, өзге ұлттарға қызығушылықты оятқан Жапон мәдениетін, барі қастерлеп тануға асық. Жапон мәдениетінде дәстүр шығармашылықтың үстінен қарайды. Қандай да жаһандық жаңашылдықты дәстүр шеңберінен шығармайды. Ал шығармашылықтың бастауы, адам өзін мәдениеттің субьектісі ретінде қалыптастырғаннан кейін пайда болады.

Осындай тұрақты мәдени дәстүр адамзат ұжымдарының рухани тіршілік етуіне қажет құнылықтардың бірі екені сөзсіз. Көзіміздің жеткені, адамзат дәстүршілдіктен бас тарта алмайды, себебі дәстүр мәдени бірегейліктің кепілі болып есептеледі. Кез келген мәдениет дәстүрсіз өмір сүрмейді. Сонымен қатар, бүгінігі қоғамның заманауи талаптарына сай, мәдени досуг, яғни көңіл көтеру контеттерін, әлеуметтік желілер, интернет ресурстарын, кино және медиа сферасын, әдебиет және өнер, театр мен музей мәдени кеңістіктерін заманауи талапқа сай, жоғарғы деңгейде жетілдіріп, қазақ әлеуетін дамыту біздің басты назарымызда болуы тиіс. Бұқаралық ақпарат құралдары бұқаралық сананы қалыптастыратыны барімізге мәлім, мақсат, ақпарат құралдары арқылы, кино және анимация арқылы, ұлттық мәдени мұраны, салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды тынымсыз насихаттау қажет. Егер мемлекеттік деңгейде жүйелі түрде, саяси бағдарға айналса, көп күттірмей, еліміз үлкен рухани табыстарға жетері ақиқат. Қазақстан мемлекетінің зайырлы саясатының басты ұстанымы дәстүрлі мәдениетімізді сақтау әрі дәріптеу. Бүгінгі күнде дәстүрді қайта жаңғырту және оны жаңарту өзекті мәселелердің бірі болып отыр, және бұл мәселе өз актуалдылығын жоғалтпайды. Біздің басты міндетіміз ұлттық дәстүрді заман талабына қарамастан сақтай отырып, жаңашылдықты дәстүрге қарай бейімдеп, модернизацияны ұлттық мәдениетке қауіпсіз жол мен жүзеге асыру қажет. Негізінде мәдени жаңашылдықты қадағалап, бұқаралық медиа кеңістікте, яғни әлеуметтік желілер; фейсбук, инстаграм, тик ток, вконтакте платформаларында халық назарына, мәдени бай мұрамызды үлгі өнеге тұрғысынан насихаттап отырсақ, кеңінен талқыға салып, таратып, сараласақ, ортамызды түзетер едік. Егер біз осы принцип пен бастан ұстанып дамыған болсақ, мүмкін бізде осындай көкей-кесті мәселелер азаятын ба еді. Салт-дәстүр ол тек мәдени мұра болып қана қоймай, өмір сүру моделі болуы керек. Орысша айтқанда: «Традиции и обычаи это не только культурное достояние, это образ жизни Народа!»

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Габитов Т.Х. Культура и этнокультура. Алматы – 2014.
2. Бромлей Ю.В. Очерки теории этноса. – М.: Наука, 1983.
3. Заковоротная М.В. Культурная антропология: история и современные проблемы. Ростов на Дону 2009.
4. Каган, М. С. Введение в историю мировой культуры: в 2 кн. / М. С. Каган. – Санкт-Петербург : Петрополис, 2003. – Т. 1. – 383 с.; Т. 2. – 320 с.
5. Артюнов С.А. Народы и культуры. Развитие и взаимодействие.-М.: Наука, 1990
6. А. Г. Карабаева, З. Н. Исмагамбетова. КазНУ имени аль-Фараби. Современные проблемы развития цивилизации и культуры. Том 63 № 1 (2018): Вестник КазНУ Серия "Философия, культурология, политология" Опубликована: 2018-06-15
7. Телебаев Г., Шайкенова А., Омирсеитова А. Казахстанская культура сегодня: ценности, потребности, институты. – Астана: Елорда, 2002. – 324

Қабаева Ж.А., *д.ф.н., профессор*
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г.Алматы, Казахстан

СОСТАВЛЯЮЩИЕ ДУХОВНОГО НАСЛЕДИЯ КАЗАХСКОГО НАРОДА

Аңдатпа. Қазақ халқының рухани мұрасының құрамдас бөліктерінің бірі әл - Фараби мұрасы болып табылады. Араб - мұсылман ортағасырлық философиясының өкілі ретінде Әл - Фараби мұрасын зерттеу қажеттілігін түсініп, соңғысын кеңірек зерттеуді түсіну маңызды. Осы бағытқа қозғалыс жасау маңызды. Еуропалық мәдениетке және ол арқылы әлемдік өркениетке үлкен әсер еткен араб - мұсылман ортағасырлық фальсафаның, ғылымның, мәдениеттің мұрасын зерттеудің маңыздылығы оны бағалауының жеткіліксіздігінде жатыр. Мәдениет, ғылым, философия құндылықтарына қалыптасқан еуроцентристік көзқарастан бас тартуды жүзеге асыру маңызды.

Тірексөздер: Еуроцентризм, фарабитану, араб өркениеті, мұра, мәдениет, философия

Аннотация. Одним из составляющих духовного наследия казахского народа является наследие аль- Фараби. Осознавая необходимость изучения наследия аль- Фараби, как представителя Арабо- мусульманской средневековой философии, важно понимание более широкого исследования последнего. Сделать движение в эту сторону. Важность исследования наследия Арабо- мусульманской средневековой фальсафа, науки, культуры, оказавших огромное влияние на европейскую культуру, а через нее и на мировую цивилизацию, заключена в неадекватности ее оценки. Важно осуществление отхода от укоренившегося европоцентристского подхода к ценностям культуры, науки, философии.

Ключевые слова: Европоцентризм, фарабиеведение, арабская цивилизация, наследие, культура, философия

Annotation. One of the components of the spiritual heritage of the Kazakh people is the heritage of al-Farabi. Realizing the need to study the heritage of al-Farabi, as a representative of Arab-Muslim medieval philosophy, it is important to understand the broader study of the latter. Make a movement in this direction. The importance of studying the heritage of the Arab-Muslim medieval falsafa, science, and culture, which had a huge impact on European culture and through it on world civilization, lies in the inadequacy of its assessment. It is important to move away from the entrenched Eurocentric approach to the values of culture, science, and philosophy.

Keywords: Eurocentrism, Farabi studies, Arab civilization, heritage, culture, philosophy

Аль Фараби, являющийся представителем арабо- мусульманской средневековой философии, оказал большое влияние на всю европейскую мысль. Его вклад в изучение различных наук, начиная с физики и заканчивая логикой, огромны. Его комментарии к работам Аристотеля значимы.

Исследователи наследия аль Фараби находятся во всех научно-философских ареалах мира: в Центральной Азии, в Европе, США, Ю.Корее, и др. В Казахстане начало фарабиеведения связано с именем ученого Акжана Машани (1960-е гг.). Далее на протяжении многих лет в Казахском национальном университете им. аль-Фараби успешно функционирует Центр «Аль-Фараби», где учеными были изданы монографии, осуществлены переводы трудов аль-Фараби и опубликованы материалы многочисленных научных конференций, к одной из которых относится и нынешняя. Результатом такой работы явилось то, что творчество аль Фараби вошло в духовное наследие культуры исторического прошлого, что оно стало контентом общественное сознания нашего общества. Духовное наследие прошлого вместе с наследием аль Фараби включает в себя арабо- мусульманскую средневековую философию, науку, в целом культуру, на которую ислам оказал огромное влияние.

Сама исламская цивилизация глобальна и широка. Пройдемся фрагментарно.

С появлением ислама появляются новый образ мышления, новый образ жизни. «Эта культура оказала большое влияние на становление европейской культуры, а через нее — на

мировую культуру в целом. Это влияние проявилось в области художественной культуры, естественнонаучного знания, философии, медицины» (Швиндт, 2014:331).

Расцвет арабской культуры, включая науку и философию, приходится на 8 – 12 вв.; она оказала огромное влияние на всю Европу, на мир в целом. В это время общепризнанным научным языком был арабский язык, как сейчас английский. Научные труды писали на этом языке. Влияние и роль арабской науки были неоспоримы в европейском части Евразии. Об этом периоде расцвета арабо –мусульманской культуры в целом и в общих чертах известно. Об этом хорошо написано в энциклопедиях, научных трудах. А широкомасштабно? Ведь это также относится к нашему историческому прошлому. «Значительный вклад в арабскую культуру внесли народы, которые, приняв ислам, сохранили национальную, а затем возродили и государственную самостоятельность (народы Средней Азии, Ирана, Закавказья)» (Швиндт, 2014:332). Даже у людей с высшим образованием представления о науке, философии, культуре того времени и вообще об исламской цивилизации, мизерны.

Об этой объективной данности с удивлением констатируют даже специалисты. О месте арабской культуры в истории мировой культуры читаем: «Сейчас это кажется невероятным, но на стыке первого и второго тысячелетия нашей эры, когда Европа была населена полудикими разноязычными варварами, исламские страны —после успешных войн и завоеваний — переживали блестящий многосторонний культурный расцвет. В течение нескольких столетий арабский и персидский мир рождал замечательных ученых, поэтов, философов, врачей, которые оказали заметное цивилизующее влияние и на европейцев» (Швиндт, 2014:331). Какая предстает огромная разница: Европа была «населена полудикими разноязычными варварами», а в это время был «блестящий многосторонний культурный расцвет» исламского мира, который оказал «цивилизующее влияние». Этот расцвет описан историком искусства П. П. Гнедичем следующим образом: «Роскошь и блеск азиатской неги были привиты арабами Европе. Их жилища с балконами из полированного мрамора, висевшими над померанцевыми садами, каскады воды, цветные стекла – все это представляло такую резкую разницу с дымными хлевами Франции и Англии, где ни труб, ни окошек не делалось.

Арабы были первые садоводы в Европе, все самые ценные фрукты были перенесены в Европу ими…трудно назвать страну, где не было бы поклонников Омара Хайяма (1048–1122 гг.).» (Гнедич,1996:223). Средневековая арабо-мусульманская культура всю интеллектуальную сферу подняла на новый уровень. Много научных открытий было совершено в ту эпоху в данном регионе, об этом в большей степени известно специалистам, но не широкой общественности. Древний Восток стал колыбелью современной цивилизации.

При посещении Альгамбры в г. Гранаде (Испания) – архитектурно-паркового ансамбля, включающего дворцы, сады мусульманских правителей, просто поражаешься их изяществу и красоте. Это туристический центр Испании. Воочию видишь, соприкасаешься с величайшими достижениями архитектуры средневекового арабского Востока.

Более того целые новые науки, как тригонометрия, алгебра, оптика и др. знаменитая арабская астрономия (Марагинский и Самаркандский обсерватории и др.) были созданы арабами. Существуют объективные научные данные того периода.

Восточный перипатетизм оказал огромное влияние на средневековую европейскую мысль. Восточные перипатетики, в первую очередь аль Фараби, донесли величайшее учение Аристотеля, сохраненное ими и переработанное, до европейского христианского мира. И, как подчеркнуто Р.Д.Коллингвудом (“The Idea Of History” (1946)), арабы не просто распространили научное и философское знание в Европе, а главное, они научили мыслить европейцев. Это самая высокая и кульминационная оценка влияния арабской культуры, арабского фальсафа, арабской науки на европейское общество: научили мыслить!

А великие арабские медицина, непревзойдённая поэзия, архитектура, искусство и т.д.?!!

Это был настоящий Ренессанс. Современное общество имеет большой пробел (белое пятно) в представлении об этом историческом периоде. Важно разворачивать все это широко и доказательно.

Важно осмысление поднять на новый уровень. Как Кант поднял философию на новый уровень, что повлияло на развитие философского мышления. Это была точка бифуркации. И далее пошли волны изменений.

Общепризнанно, что европейская наука, философия, в целом культура определили направленность общечеловеческого прогресса, что адекватно отразилось в образовательной сфере. Современное образование имеет европоцентристскую направленность. Постсоветское наследие в науке, философии и образовании также было и является европоцентристским. Нужны изменения в подходе.

Вспомним, как у народа майя изменились общественное сознание, национальная самоидентичность, их мировосприятие, когда они узнали подлинную свою историю; будет соответственно произошло изменение в восприятии мировым сообществом культуры майя.

По аналогии широкое и глубокое знание о средневековой мусульманской философии, науке, культуре Востока повлияет на общественное сознание мусульманских народов, и не только. Важно более широкое включение основ арабо-мусульманской цивилизации в духовную культуру народов мусульманских стран. Поднять его статус. Такие дела делаются в обществах, заинтересованных в этом. Ныне мы заинтересованы в этом и важно восстановление исторической справедливости.

Общественное сознание формируется и зависим от государственной идеологии, политической воли власти, что находит свое отражение и в области образования и науки.

Когда идет процесс перезагрузки ОП (образовательных программ), важно учесть это положение. В программах по философии в колледжах, вузах совершенно мало информации об этом этапе мировой цивилизации. Осознавая значимость арабского Ренессанса, будет правильно включать в тематику дипломных проектов бакалавриата, в сферу научных магистерских, докторских исследований темы по арабо-мусульманской науке, философии, культуре.

Еще один аспект – это соотношение религии ислама и науки. Ислам способствовал развитию науки того времени. В силу того, что в последнее время религиозные учения востребованы, но идет неоднозначный процесс, отметим такой важный момент связи ислама с философией: «…о счастливой судьбе учения Ибн-Сины, ведь он едва ли первым попытался гармонизировать аристотелевскую философию с исламом…» (Реале, 1994:122). Особенно в наше время актуально знание связи ислама с наукой, философией.

Таким образом, отметив, что исследование наследия аль Фараби находится на должном уровне и огромная роль в этом принадлежит Институту философии, политологии и религиоведения КН МОН РК и центру имени аль-Фараби в КазНУ и, оттолкнувшись от этого, перейти к тому, что нужно поднять на соответствующий уровень исследование и распространение объективных знаний о роли и значении арабо-мусульманской философии, науки, культуры в истории общемировой цивилизации. В образовательной сфере желательны соответствующие изменения. Все это приведет к изменению контента общественного сознания, к корректировке общественного мировоззрения, а в целом к обогащению духовной культуры казахского народа, и не только.

Библиография

1. Швиндт Е.В., Некрасов С.Н. Роль арабо-мусульманской культуры в истории мировой культуры и феномен исламского фундаментализма в XXI веке. С.331 https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/63416/1/978-5-8295-0576-9_2018_059.pdf .

2. Гнедич П. П. Всемирная история искусств. М.: Современник, 1996. С. 230–233. Подробнее на livelib.ru: https://www.livelib.ru/book/177677/readpart-istoriya-mirovyh-tsivilizatsij-vladimir-fortunatov/~19///.

3. Реале Дж, Антисери Д. Западная философия от истоков до наших дней. Том 2. Средневековье. - С.-Пб: Петрополис, 1994. – 368 с.

***Симұқанова Г.С.**, докторант*
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ., Қазақстан

МУЗЫКАНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ (ӘЛ-ФАРАБИ МЕН А.СЕЙДІМБЕК ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ)

Аннотация. Многогранный мыслитель-философ Аль-Фараби написавший трактат под названием «Великая книга музыки» о происхождении музыки в истории человечества, ее структуре и путях развития. Профессор А. Сейдимбек написал множество фундаментальных трудов об этико-эстетическом мире, искусстве и обычаях древних казахов, в том числе кочевников. Особенно обширны его исследования по истории кюя, которые являются результатом реальных исследований. В статье автор рассматривает представления о музыке в творчестве Аль-Фараби и А.Сейдимбека, а также упоминает в их исследованиях влияние музыки на природу человека и ее общее мировоззрение.

Ключевые слова: музыка, этический и эстетический мир, искусство, кюй, эстетическое мировоззрение, духовное бытие.

Annotation. The multifaceted thinker-philosopher Al-Farabi wrote a treatise entitled «The Great Book of Music» on the origin of music in the history of mankind, its structure and ways of development. Professor A.Seidimbek wrote many fundamental works on the ethical and aesthetic world, art and customs of ancient Kazakhs, including nomads. Especially extensive are his studies on the history of kyuy, which are the result of real research. In the article the author considers the ideas about music in the works of Al-Farabi and A.Seidimbek, and also mentions in their studies the influence of music on human nature and its general outlook.

Keywords: music, ethical and aesthetic world, art, kyu, aesthetic worldview, spiritual being.

Аңдатпа. Көп қырлы ойшыл-философ Әл-Фараби адамзат тарихындағы музыканың пайда болуы, оның құрылымы мен даму жолдары туралы "Музыканың ұлы кітабы" атты трактат жазған. Профессор А. Сейдімбек ежелгі қазақтардың, соның ішінде көшпенділердің этикалық-эстетикалық әлемі, өнері мен әдет-ғұрыптары туралы көптеген іргелі еңбектер жазды. Оның күй тарихы туралы зерттеулері нақты зерттеулердің нәтижесі болып табылады. Мақалада автор әл-Фараби мен А. Сейдімбектің шығармашылығындағы музыка туралы түсініктерді қарастырады, сонымен қатар олардың зерттеулерінде музыканың адам табиғатына және оның жалпы дүниетанымына әсері туралы айтады.

Тірек сөздер: музыка, этикалық және эстетикалық әлем, өнер, күй, эстетикалық дүниетаным, рухани болмыс.

Профессор Ақселеу Сейдімбек деректеріне қарағанда орта ғасырдағы, әсіресе Түркі Қағанаты кезінде (*VI-VIII ғг.*) көшпелілердің музыкалық мәдениеті туралы құнды деректер Жапонияның Нара қаласындағы Императорлық қазына қоймасы Сесоинде сақталған. Сол заманда Шығыс Түркістаннан әкелінген музыкалық аспаптар оркестрін жапондар «ГАГАКУ» десе, осы аспаптарда ойнау тәсілін «били» атапты. Ол өзінің бұл ойын белгілі мамандардың еңбектеріне сүйене отырып былайша саралайды. «Га» - ресми, «Гаку» - саз, музыка деген мағына береді(Сисаури, 1975: 43). Осы негізде, А.Сейдімбек «бұл сөздер өзінің мағыналық жағынан да, қолданылу аясы жағынан да күні бүгінге дейін қазақ тілінде қолданылатын «ГӘККУ», «биле» сөздерін еске түсіреді, Үкілі Ыбырайдың өзінің тұтас бір әндер цикліне «Гакку» - деп ат қойғаны да бізге ой салады» (Сейдімбек, 2010: 36) – дейді.

Белгілі өнер зерттеушісі Орта Азиядағы түркі тілдес халықтардың, соның ішінде қазақ халқының орта ғасырдағы музыкалық мәдениеті сөз болғанда, ең алдымен сол заманнан бүгінгі күнге дейін жеткен музыкалық мұраларға нақты айғақ – деректер ретінде айрықша назар аудару қажет деп есептейді.

Профессор А.Сейдімбектің пайымдауынша, терең тамырлы музыкалық дәстүр түркі тілдес халықтардың орта ғасырдағы төл жазба ескерткіштерінде де, тарихи, ғылыми және әдеби еңбектерінде де молынан көрініс тапқан. Бұл ретте ол Әл-Фараби, М.Қашқари, Ж.Баласағұн, ибн-Мараги, Ахмади еңбектерін атап өтіп, солардың ішінде Әл-Фарабидің «Музыканың ұлы кітабы» атты трактатының мән-маңызының ерекше екеніне тоқталады.

Ғалым – зерттеуші аталған еңбекте музыка теориясы, оның пайда болуы мен қалыптасу тарихы, музыканы жүрекке қондыра қабылдаудың психологиясы, музыкалық шығармаларды орындаудың әдіс – тәсілдері сияқты өзекті мәселелер терең ғылыми-танымдық деңгейде сөз болатынын жазады(Сейдімбек, 2010: 38). Әл-Фарабидің 1992 жылы Алматыда орыс тілінде басылып шыққан «Трактаты о музыке и поэзии» еңбегіне сүйеніп, Әл-Фарабидің өнер философиясына қатысты ойлары мен іргелі эстетикалық идеялары кейінгі ғасырлардағы эстетикалық теориялардың ілгері дамуына тұғыр болды»-деген тұжырым жасайды(Сейдімбек, 2010: 38).

Профессор Ақселеу Сейдімбектің осы тұжырымдарын басшылыққа алып, Әл-Фарабидің «Музыканың ұлы кітабы» еңбегін зерделесек оның бұл ойының негізсіз еместігіне көз жеткіземіз. Алдымен айтарымыз Әл-Фараби жан-жақты ғалым болуымен қатар, орта ғасырдағы музыка теориясына қатысты да еңбектер жазған өнер зерттеушісі. Оның музыка іліміне, теориялық негіздеріне арналған бірнеше еңбектері болған. Солардың бастылары – «Музыканың ұлы кітабы», «Музыка ғылымы туралы пікірлер», «Ғылымдар классификациясы», «Ырғақтар классификациясы туралы кітап». Әл-Фарабидің музыкалық мұралары біраз зерттелген, тарихи – теориялық сипаттағы еңбектері де жарық көрген. Оларда авторлар Әл-Фараби мұрасын ортағасырлық музыка мәдениетімен тығыз байланыста зерттейді. А.Сейдімбек Әл-Фарабидің жоғарыдағы еңбектерімен таныса келе, ойшылдың шығармаларында көне түріктерге тән тұжырымдардың бар екендігіне көз жеткізеді және оның теорияларының көшпелілердің эстетикалық әлеміне де, бай фольклорлық мұраларына да қатысы бар - деп есептейді (Сейдімбек, 2010: 39).

Профессор А.Сейдімбектің бұл ойы ақиқаттан алшақ емес. Өйткені, ғалым-зерттеуші өзінің саналы ғұмырының басым бөлігі осы көшпелілер болмысын тұтас тұрғыдан зерттеуге арнады. Осы ізденісі барысында көшпелілердің әсемдік (*эстетикалық-Г.С.*) әлеміне, салт-сауығына, әсіресе айтыс, күй айтысқа т.б. ерекше назар аударды. Олардың басқа іргелес жатқан елдердің, алыс – жақын шет елдердің салт – сауығымен, өнерімен салыстыра келіп, өзіндік ерекшеліктерін де, баршаларына ортақ тұстарын да көрсетеді. Соның нәтижесінде, қазақтың дәстүрлі рухани мәдениетінің бір саласы айтыс, күй, қара өлең сарыны күні кешеге дейін өз сипатын бұзбай жалғасып келеді деп тұжырымдайды. Тәуелсіздік жылдарында А.Сейдімбек осы рухани құндылықтарымызды оралтуға да, ұлтымызды рухани тұрғыдан оятуға да орасан зор үлес қосты. Қазақтың күй өнерінің сонау көне көшпелілер заманындағы бақсылар сарынан бастап, Қорқыт пен Кетбұғаға, одан Тәттімбет пен Құрманғазыға, біздің заманымыздағы Ахмет Жұбановқа дейінгі үзілмеген үрдісін, өзінің «Қазақ күй өнері» шығармасында жан-жақты баяндап берді.

Ғұлама Әл-Фараби кезінде «Музыканың ұлы кітабы» трактатын жазып, әлем ойшылдары ішінде алғашқылардың бірі болып музыка ғылымын, музыка теориясын жан-жақты талдаса, ұлт болмысын терең түсінетін зерттеуші А.Сейдімбек қазақ өнерін, оның бір парасы – күй өнерін өз ұлтының ерекшеліктерін, өмір сүру, еңбек ету болмысын, ділін қаперге ала отырып талдайды. Көшпелілер тарихының білгірі профессор А.Сейдімбек қазақ музыкасының тарихнамасын этнографиялық тұрғыдан пайымдап, күй аңыздарға, байырғы күйлерге, халық күйлеріне сараптама жасап, жаңа заман күйлері мен күйшілерінен де мол деректер береді.

Ғалымның музыка саласындағы зерделі зерттеулерін оқи отырып, оның бұл жұмысты жазуда көптеген ғалымдардың еңбегін оқып, танысып, олардың жалпытанымдық жағына ерекше көңіл аударғанын көреміз. Олар: Ибн-Синаның «Айығу кітабы» және «Арылу кітабы», Әл-Хорезмидің «Ғылымдар кілті», Абдулқадыр Марағидің «Музыка ғылымындағы әуендер жинағы», Ахмадидің «Музыкалық аспаптар айтысы», Дәруіш Әлидің «Музыкалық трактаты» т.б. Осылардың ішінде ғалымның назарын өзіне ерекше аударғаны Әл-Фарабидің «Музыканың ұлы кітабы» трактаты. Себебі, ол біздің Ұлы Дала болмысымен тағдырлас тұлғаның еңбегі ғана емес, әлем мойындаған ойшылдың ой-пайымдары. Оны Ақселеу өз зерттеулерінде кеңінен қолданғаны еңбектің өн бойынан көрініп тұрады.

Әл-Фараби жан-жақты ғалым, философ болумен қатар орта ғасырдағы музыка теориясына қатысты еңбектер жазған өнер зерттеушісі де. Оның музыка іліміне, теориялық, негіздеріне арналған бірнеше еңбектері болған. Солардың бастылары жоғарыда біз айтқан «Музыканың ұлы кітабы», сондай-ақ «Музыка ғылымы туралы пікірлер», «Ғылымдар классификациясы», «Ырғақтар классификациясы туралы кітап»(Қоңыратбаев, 1991: 283)-деген еңбектер де жазған.

Әл-Фараби жоғарыда аталған еңбектерінде бір ғана Шығыс (*араб*) музыкасының теориялық һәм тәжірибелік мәселелері емес, Аристотель, Платон, Птоломей, Аристоксендер негізін калаған ежелгі грек (*Рим*) мәдениеті, Таяу Шығыстағы Соғда, Хорасан, Сасанид, Кушан, одан қалды Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген *көшпелі тайпалардың* тұрмыс-тіршілігі туралы да көптеген құнды деректер келтіреді. Бұл елдердің өзара мәдени байланысы туралы тоқтала келіп, Әл-Фараби: «Бұл халықтарда ас-ауқат, нан-су, өмір табиғи құбылыс болып саналады. Олардың оңтүстік қапталында алыста жатқан (*Эфиопия мен Судан елдері сияқты*) халықтар, Шығыстағы солтүстікке қарай созылған көшпелі түркі тайпалары, батыстағы солтүстікке қарай орналасқан славян (*сакалиба*) елдері бұл дәстүрден сырт жатады. Бұлар түр-түсі, ас-суы, үй-тұрғыны, музыкалық аспаптары мен әуендері өте ұқсас халықтар»(Қоңыратбаев, 1991: 284) – деп жазады. Ғалым-этнограф, өнертанушы А.Сейдімбекті де қызықтыратыны Әл-Фараби еңбегінің осы тұстары болса керек.

Әл-Фарабидің музыка ілімі туралы негізгі ойлары «Ғылымдар классификациясы» (Қоңыратбаев, 1991: 286) деген еңбегінде айқын көрінеді. Әл-Фараби музыка өнерін тәжірибелік және теориялық деп екіге бөледі. Музыка әуені мен оның қоғамдық қызметі туралы тоқтала келіп, адамды ләззатқа бөлейтін әуен, әдеби текстпен (*өлеңмен*) байланысты әуен және белгілі бір эмоциялық әсер туғызатын әуен деп үшке бөледі.

Әл-Фараби толық жетілмеген аспаптарды кемеліне келмеген музыкалық аспаптар ретінде атайды. Соған қарамастан бұлардың бәрі де адам сезіміне әсер етіп, оған белгілі бір деңгейде көңіл-күй сыйлайды.

Адам құлағына жағымды әуендер, олардың түрлері, музыкалық тондардың орналасу ерекшеліктері, әуен, оның негізі, әуенді әсемдей, көркемдей түсетін қосымша өзгерістер сөз болады. Сонымен қатар дыбыстардың табиғи ерекшеліктері (*биік немесе төмен орналасуы*), музыкалық әуенді кемелдендірудің жолдары мен принциптері, уд аспабының тондарын (*басқыштарын*) бөлу, сезім арқылы қабылдауға жататын интервалдар мөлшері, жалпы музыка теориясының негіздері туралы да көптеген құнды теориялық мағлұматтар келтіріледі. Автор музыка тәжірибесіне тоқтала отырып, он түрлі әуезді әуендерге анықтама береді. Атап өтерлік бір жай, Әл-Фараби музыка мен поэзия арасындағы табиғи бірлікті мойындайды. Мұның өзі ғалымның өнердің синкреттік сипатынан хабардар болғандығын дәлелдесе керек. Ал өнердің синкретті сипатын ашу арқылы ұлт болмысын да болжауға болады. Өз еңбектерінде А.Сейдімбек бұған ереше назар аударған.

Бұл айтылғандардан Әл-Фарабидің музыка теориясына жетік болғаны, оны аса жоғары бағалағаны байқалып тұр. Бұл айтқанымызға ғалымның мына сөздері де куә: «Теориялық музыка ілімі ой-сана мен ақылға негізделген дарындылық көрінісі болмақ. Ондай қабілеттілік музыканы білуді және оның біздің көңілімізде бұрын туған нағыз ақиқат бейнеге сәйкес мағынасын қамтиды... Теориялық дарындылық (*қабілеттілік*) екі арнада әрекет жасайды: ол біздің бұрын біліп, бірақ толық, немесе, жартылай ұмытқан мәселелерімізді есімізге салады.

Болмаса бұрын білмеген нәрселерді танып білуімізге жол ашады» (Матьякубов, 1986:180) - дейді Фараби.

Әл-Фарабидің орындаушылық өнер туралы айткан пікірлері де ойлы. Бұл тұстағы теориялық топшылаулары ғалымның музыка іліміне берген жалпы бағасымен (*теориялық және тәжірибелік*) сабақтасып жатады. Мысалы, орындаушылық өнердің өзін бірнеше салаға бөле отырып, Әл-Фараби былай деп көрсетеді: «Музыкалық орындаушылық дарын екі түрлі болып келеді, бірі – адам даусы арқылы естілетін кемел әуенді орындау, екіншісі – музыкалық аспаптарда ойнау. Соңғысы аспаптардың түрі мен сипатына байланысты әр түрлі болып келеді. Мысалы, лютня, тамбур (*домбыра*) және осы тектес дыбыс шығаратын басқа да аспаптарда ойнау» (Матьякубов, 1986:182).

Әл-Фараби еңбектеріне сүйене отырып бұл ойды ары қарай да өрістете беруге болады. Алайда бұл жалпы теория. Ғалым-зерттеуші А.Сейдімбекті өзінің ұлттық музыкасы ерекше қызықтыратыны сонша, ол туралы бар ынтасымен отандық әдебиеттерді де кеңінен зерделейді. Өйткені, шет елдік әдебиеттерде қазақ болмысымен үндесіп жатқан зерттеулер жоқтың қасы. Ал ғалымды қазақ музыкасының еркіндік, демократиялық сипаты қызықтырады. Шын мәнінде де қазақ музыкасының ханның да, қараның да ортасында ойналатын демократиялық сипаты оның белгілі бір басқосудағы ас-дәмнен кейін «ауылдың алты ауызы» немесе «қонақ кәде» деген рәсім түрінде көрініс табатыны, сондай-ақ әрбір тартылатын күйдің ел өмірімен қойындасқан шежірешіл сипаты, міне, осының бәрі де қазақтың музыкалық дәстүрінде ертеден-ақ қалыптасқан төлтума қасиеттер екенін профессор А.Сейдімбек жақсы біледі. Сондықтан ол көрнекті ғалым, қазақ тіл білімінің ғылыми-теориялық негізін салушылардың бірі Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың (1399-1938) Қызылорда қаласында 1936 жылы «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жайлы» атты кітапшасына назар аударады. Көлемі шағын болғанымен, бұл еңбекте қазақтың ең бір арқалы өнері – күй туралы салыстырмалы-тарихи, тілдік-этимологиялық, әуендік-құрылымдық және қолданбалы-кәделік қасиеттеріне қатысты төмендегідей тың тұжырымдар жасалғанын үлкен ғылыми-танымдық жетістікке балайды. Қазақ музыка шығармаларының ішіндегі ең ірі жанрдың бірі – күйлер. Композиция жағынан, музыка мәдениетінің басқа өлшеулері жағынан қарағанда да күйлер халық музыкасының жетіскен ірі тарауы екендігіне дау болмауы керек. Қазақтың өзі де күйді артықша бағалайды, онда айтып тұрған әңгіме, сөйлеп тұрған сөз болмаса да, күйлердің өзінің музыка тілі халыққа сондай жақын, сондай түсінікті, оны сол тілсіз түрінің өзінде жақсы таниды, бұл біздің ұлттық ерекшеліктеріміз. Музыка шығармаларының барлығы да тек әндер ғана болып, күй сияқты жанрларды білмейтін елдер де бар, әрине олар оны түсіне алмайды.

Күйлер – халық музыкасында сирек ұшырайтын нәрсе. Бұл – осы күнгі Еуропаның симфониясы тәрізді. Мұндай дәрежеге жету үшін халық музыкасы жақсы дамыған болуы керек. Сондықтан «күйлерді қазақ музыкасының ең жоғарғы түрінің үлгілері деп білуіміз керек» (Жұбанов, 2010: 273-278). «Ескі жазба белгілердің ішінде бұл сөз *(күй)* ең әрідегі нұсқалардан Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғатат-түрк» деген XI ғасырдан қалған кітабында ұшырайды...» (Сейдімбек,2010: 65) – деп жазады А.Сейдімбек.

Профессор А.Сейдімбектің пайымдауынша, Қ.Жұбановтың аталмыш еңбегі қазақтың күй өнерін кешенді қалпында зерттеудің бағдарламасы сияқты. Мұнда сөз болатын өзекті мәселелер қазақтың бұрын туындаған, болашақта туындайтын күй мұрасын танып-түсінуде, жорып-саралауда бағдаршы боларлық мән-маңызын жоймақ емес. Әсіресе, күй тілінің «халыққа сондай жақын, сондай түсінікті» екенін қадап айтқан ойларының астарында көп мән бар. Қазақтың күй тілін жоруға жатжұрттық, әсіресе еуропалық музыкатану тәсілдері сай келмейді, яғни қазақ күйлерін танып-жоритын төл талғам-тәсілдер бар, ондай талғам-тәсілдердің өзі ғылыми жүйелеуді, айғақтауды қажет етеді, қазақ музыкатануындағы ең іргелі проблемалардың бірі осы екенін атап өткеніміз жөн (Сейдімбек,2010: 66).

Ойымызды қорыта келе айтар болсақ, біз үшін Әл-Фарабидің еңбектері аса қымбат тарихи және мәдени мұра. Онда Шығыс, Орта Азия халықтарының орта ғасырлардағы музыкалық мәдениеті, теориялық ой-санасы ғана емес, көшпелі түркі тайпаларының далалық

мәдениетіне қатысты деректер де бой көрсетіп отырады. Сол себепті мұндай құнды мұраларымызды дәріптеу, жас ұрпақтың санасына сіңіру алдағы уақыттарда да өз жалғастығын табуы керек. Осы тұрғыдан алғанда А.Сейдімбектің көне қазақтардың әсемдік әлемінің бір үлкен бөлігі ұлттық музыка өнері туралы зерттеулері бүгін де, болашақта да маңызды бола бермек. Әсіресе, оның қазақ халқы рухани болмысының, ұлттық мәдениетінің, әсемдік әлемінің, эстетикалық ой-пайымы мен дүниетанымының үлкен бір бөлігі күй туралы жазған ғылыми-зерттеу еңбегі «Қазақтың күй өнері» монографиясының орны ерекше. Оны дүниетанымдық тұрғыдан пайымдау егемен, тәуелсіз еліміздің ұлттық болмысын қалыптап, ұлттық санасын орнықтыру үшін де қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Аль-Фараби. Естественно - научные трактаты. –Алма-Ата: Наука, 1987. 496 с.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы: Атамұра, 2010. – 608 б.
3. Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т., Көне мәдениет жазбалары. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 400 б.
4. Матьякубов О., Фараби об основах музыки Востока. –Ташкент, 1986. – 86 с.
5. Сейдімбек А. Шығармалары. *Алты томдық.* Т.3. – Астана: Фолиант, 2010. 820 б.
6. Сисаури В.И. Процесс формирования и генетические связи Японской инструментальной музыки ГАГАКУ. –Ленинград, 1975. –196 с.

Тайжанов А.Т., *филос.ғ.д., профессор*
М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті
Ақтөбе қ., Қазақстан

РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ САБАҚТАСТЫҚ ҮЛГІСІ (ӘЛ-ФАРАБИ, АБАЙ, М.ӘУЕЗОВ)

Аннотация. В истории человечества важна роль продолжения традиции и духовной преемственности. Если мы посмотрим на историю страны, то станем свидетелями преемственности культур отдельных нации и народов. Особенно это отражается на наших связях в области духовности, литературы и искусства, сочетаниях и продолжениях общественно-философских мыслей. В статье автора учитывая вышеизложенное отмечается духовная преемственность жившими в Великой Степи между известным всему миру Аль-Фараби, мудрым Абаем и мыслителем М. Ауэзовым. В результате делается вывод о том, что сформировавшиеся на казахской земле традиционные уклады жизни целостны и непрерывны.

Ключевые слова: духовность, преемственность, гармония, культура, взаимосвязь, образность, преемственность традиции, культурная связь.

Аңдатпа. Адамзат тарихында дәстүр мен рухани сабақтастықты жалғастыру рөлі маңызды. Егер ел тарихына көз жүгіртсек, жекелеген ұлттар мен халықтар мәдениеттерінің сабақтастығына куә боламыз. Бұл әсіресе руханият, әдебиет және өнер саласындағы байланыстарымыздан, әлеуметтік-философиялық ойлардың үйлесімі мен жалғасынан көрінеді. Автордың мақаласында жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Ұлы Далада өмір сүргендердің әлемге әйгілі Әл-Фараби, дана Абай және ойшыл М.Әуезов арасындағы рухани сабақтастығы атап өтіледі. Нәтижесінде қазақ жерінде қалыптасқан дәстүрлі өмір салты біртұтас және үздіксіз деген қорытынды жасалады.

Тірек сөздер: руханият, сабақтастық, үйлесімділік, мәдениет, өзара байланыс, бейнелілік, дәстүр сабақтастығы, мәдени байланыс.

Annotation. In the history of mankind the role of continuation of tradition and spiritual continuity is important. If we look at the history of the country, we will witness the continuity of cultures of individual nations and peoples. This is especially reflected in our ties in the field of spirituality, literature and art, combinations and continuations of social and philosophical thoughts.

In the article of the author taking into account the above mentioned, the spiritual continuity between the world-famous Al-Farabi, wise Abay and thinker M. Auezov, who lived in the Great Steppe, is noted. As a result, it is concluded that the traditional ways of life formed on the Kazakh land are integral and continuous.

Keywords. spirituality, continuity, harmony, culture, interconnection, imagery, continuity of tradition, cultural connection.

Тарихқа неғұрлым терең үңілген сайын біз жеке ұрпақтардың, тайпалар мен ұлттардың мәдениеті мүлде «оқшау дамиды» деген теорияның негізсіздігін соғұрлым айқын көріп отырмыз. Дүние жүзі қоғамдық-философиялық ойының, адамзаттың рухани – мәдениетінің дамуында із қалдырған аса көрнекті тұлғалар шын мәнінде адамзат мәдениеті мен рухани өркендеулері арасында бірлік бар екенін паш етіп келеді. Әл-Фараби осындай дүние жүзілік тарихи тұлғалардың санатына қосылады. Ол туған елінің мәдени байлығын, иран, үнді, антика мәдениеттерінің жемістерін бойына дарытқан ойшыл. Сондықтан да ол тайыз ұғымдар мен керітартпа сенімдерден де, пайымдардан да жоғары көтеріле білді, өзінің ойлау жүйесін сындарлы да икемді ете білді. Әл-Фараби өз заманындағы өнер-білімнің ең асылын таңдап, өз дәуірінің шынайы энциклопедиясын жасап берді. Оның терең мағыналы пікір айтпаған, жете зер салмаған, данышпандық болжам жасамаған бірде-бір білім мен ғылым, руханият саласы жоқ деуге болады.

Бұл айтылған ой дана Абай мен ойшыл Мұхтар Әуезовке де қатысты. Абай заманы, Әл-Фарабиден әлде қайда кейін. Сондықтан олардың өмір мәнді ойлары мен пайымдарының мазмұны да, баяндаулары мен пайымдаулары да өзгеше болулары заңдылық. Олардың әлеуметтік орталары да, қауымдасулары да өзгеше. Алайда, Әл-Фараби секілді Абай да өз заманындағы әлеумет пен қоғам болмысын түгел түсініп игерген адам екеніне ешкім күмән келтіре қоймас. Абай өз заманындағы әлеуметтік келеңсіздіктерді сынаумен ғана шектелмей, кейінгі ұрпағын оқуға, білімге, өнерге, ғылымға үндеді. «Қара сөздерінде» осы айтылғандар туралы пайымдар жасап, «қалың елі қазағының» әлемдік ұлы көштен қалмауын көздеді. Жастарды парасатты, пайымды, саналы, инабатты, талапты, еңбекқор, іскер болуға шақырды. Өзінің жеке басымен де, артына қалдырған рухани мұраларымен де үлгі бола білді.

Ал Мұхтар Әуезовтің заманы Әл-Фарабиден әлде қайда қашық, өмір сүрген қоғамы да өзгеше, ол Абайды көре қалғанымен, бір қауымдастықта өмір сүрген жоқ. Соған қарамастан, ол өткен өмір жолында бір емес, үлкен үш дәуірді басынан өткізгендей әсерде болғанын, өз өмірбаянында былайша жазып қалдырған: «Мен өз өмірімде үш түрлі қоғамдық формацияны бастан кешірдім. Олар феодализм, капитализм, социализм... Кейбір ретте мен өзімше жастық шағы мен бүгінгісінің арасында ғасырлар жатқан шежіреші адам бола алар едім деймін. Көргенім, бастан кешіргенім, байқағаным жөнінен XX ғасырдың орта шеніне, тіпті сонау Еуропаның да емес, одан әрман Азияның орта ғасырынан келген адам сияқтымын» (Әуезов,1979: 9) - деп бекер айтпаған.

Осылайша, тарихи асуларда қос қыртыс өмір сүріп екі заманның кепілі болушылық Мұхтар Әуезовтің дүние тануымен қатар творчествосына да тиісті әсер, ықпал жасады. Ол халқының арғы, бергі тарихына үңілді. Арысы көшпелілер заманын да, кейінгі түркі әлемін де М.Әуезов жатсынбады. Керісінше, зор қызығушылық танытты, соның салдары болар, ол өз заманында бүкіл Кеңестер Одағына танымал фольклортанушы атанды, ұлтының өткенін ауыз әдебиеті арқылы танып – білу мақсатында, орасан зор істер тындырды. Өзіне жақын заманның бірегей тұлғасы дана Абайды шығармашылығына арқау етті. Ол Абайды ғылыми және өмір мәнді тұрғыдан зерттеп, Абайға да, өзіне де мәңгілік ескерткіш орнатып, ұлтымыздың рухани қазынасы – «Абай жолын» қалдырды. Халқы М.Әуезовті тек жазушы, ғалым ғана емес, ұлтының ғасырлық шежіресін жазған ойшыл деп таниды.

Ал тұлғалар сабақтастығына, рухани үндестігіне келетін болсақ, бұл әлемдік әдебиетте де, қоғамдық – философиялық ойда да бұрыннан бар үрдіс. Әл-Фараби де, Абай да, Мұхтар Әуезов те түрік тектес этностың өкілдері, үшеуі де Ұлы Даланың ұлдары және ұлт руханиятына зор үлес қосқан тұлғалар. Сондықтан олардың арасында дүниетанымдық

тұрғыдан сабақтастықтың болуы заңдылық. Біз өз мақаламызда осы мәселені қарастыратын боламыз.

Жалпы адамзат баласының қоғамдық-философиялық ой тарихының дамуында тұтастық, жалғастық құбылыстарының бар екендігін әлем қоғамтанушылары мен қоғам тарихшылары жоққа шығармайды. Бұны өз шығармаларында арғысы Аристотель мен Әл-Фарабиден бастап бүгінгі өз арамыздағы Қазақстандық қоғамдық философиялық ойдың танымал өкілдері де растайды. Міне, сондықтан да біздің ойымызша, белгілі ғалым F. Есімнің «Хакім Абай» кітабының бірінші бөлімі шын мәнінде осы мәселеге арналып, Анахархистен Абайға дейінгі 2,5 мың жылдық, немесе, XXV ғасырлық қоғамдық философиялық ой жалғастығының күрделену, толығу диалектикасы көрсетілген (Есім, 2012: 12). Олай болса, Әл-Фарабиден Мұхтар Әуезовке дейінгі рухани сабақтастықты көрсетуімізді қоғамдық-философиялық ойдың ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыруын түсіндіруге жасалған қадам деп ұққанымыз жөн.

Біз Әл-Фараби мен Абайдың, одан М. Әуезовке дейінгі аралықтағы сабақтастықтарды олардың Шығыс пен Батыс, адам бойындағы танымдық күштер, бақыт, парасат, қабілет, зерде, ізгілік, өнер, білім, тәрбие тағы басқалары туралы ой толғаныстарындағы үндестіктен ұғамыз. Енді осы ұстаныммен тақырып мазмұнын ашып көрелік.

Әл-Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін таныстыруда үлкен рөл атқарды. Ол Шығыс пен Батыстың арақатысы туралы өз көзқарастарын жүйелей келіп Шығыс және Батыс мәдениеттерінің даму заңдылықтарында белгілі ұқсастық бар, өркениеттерінде бірлік бар, сондықтан біз мәдениеттердің сабақтастығы мен астарластығы жайында әңгіме ете аламыз дейді.

Әл-Фараби да, Абай да, Мұхтар Әуезов те өз замандастарының тынысын өте нәзік сезінген ойшыл - адамдар, тарихи тұлғалар. Олар адамдар қызметінде ақыл-парасаттың рөлін өте жоғары көтеріп, халықтар арасындағы түсініспеушілік, тартыс-ұрыстардың орынсыз, мағынасыз нәрсе екенін айта келіп, адамдар өз ақыл-парасатының арқасында келісімге келіп, жер бетінде тыныштық орнатып, бақытқа тек ақыл парасат, білім мен бірлік арқылы ғана жетуге болады, ненің жақсы-жаман екенін адам парасаттылығы арқылы ғана шешуге болады, - деп адамдардың мүмкіндігін, күш-жігерін өте жоғары бағалаған.

М.Әуезовтің де мол рухани мұрасының үлкен бір бөлігі адамзаттың тарихи бірлігі мен мәдениеттердің бір - біріне өзара ықпалына арналған. Өйткені, «дүниеде бірімен-бірі байланыссыз», өзімен - өзі жеке дара тұрған ешбір құбылыс жоқ. Бірде - бір мемлекет, бірде - бір ұлт еш уақытта тек қана өзімен - өзі басқа дүниемен байланыссыз өмір сүрген емес. Бір ұлттың саяси ахуалы, салты, әдет-ғұрпы, тұрмыс жағдайы, жалпы мәдениеті мен өркениетінің екінші ұлтқа әсер етуі заңды құбылыс» (Тайжанов, 1998: 204).

Әл-Фараби философиялық және қоғамдық ой-пікірлерді белгілі бір халықтың, этностың рухани мәдениеті тұрғысынан да алып қарауға болатындығы туралы пікір білдірген. Осы нысанды ұстансақ бүкіл түрік әлемі ойшылдарының білім, таным, тағылым, пайымдауларындағы ортақтық пен сабақтастықты ерекше атаған жөн. Ал М.Әуезов болса, бүкіл Шығыс халықтарының мәдени – тарихи дамуын бірлікте алып қарайды. Олардың экономикалық, саяси – рухани, мәдени дамуларын зерттей келіп, өзара ұқсастық пен бірлік табады. Шығыс халықтарының бүкіләлемдік өркениеттің негізін салғанын, сол арқылы адам баласы прогрессіне зор үлес қосқанын, қазіргі жетістігімізді оларсыз елестету мүмкін емес екендігін айтады (Ауэзов, 1960: 2-3). Сондай-ақ, Әл-Фараби философиясының тарихи негіздері оның өз заманындағы жағдайлармен және идеологиялық күреспен байланыстылығын көрсетіп берсе, Әуезов біздің өлшемдегі идеологиялық, таптық таным мен жалпыадамзаттықты ұштастыруға әрекеттенген ойшыл.

Әл-Фараби адам бойындағы танымдық күштерді үшке бөледі, солардың бірі ішкі рухани күштер. Философиялық ілім ретінде алғанда ол парасатқа, ақылға сүйенген ілім. Бұл ілім Фараби философиясының аса маңызды жетістіктерінің бірі. Ол парасатты: әрекетшіл және пәрменді - деп бөледі. Бұның екеуі де Аристотельдің потенциалды парасат туралы ілімінің дамыған түрі болса, Абайда парасат адам атаулының бәріне бірдей, ал М. Әуезовте

бұл жалпыадамзат ой-пікіріне еншілес келіп, «атаның баласы болмай адамның баласы болуға» ұмытылыспен түсіндіріледі *(«Абай жолы»*).

Әл-Фараби таным мен тағылымда, жұмбақ сырлардың көп болатындығының үш түрлі себебін айтады: «Бірінші-оқушының табиғи қабілетін сынап, үйретуге тұратынын, тұрмайтынын айыру; екінші - философия ғылымын көрінген адамның бәріне бірдей рәсуа қылмай, оны алып жүре алатындарға ғана пайдаландыру; үшінші- ғылым іздеу жолында адам бейнеттеніп, ой-пікірін шынықтыруы керек» (Әл-Фараби, 1973: 13).

Бұндай пікірді кейінірек Абай да айтқан. Ол өзінің 18-ші сөзінде: «Шын мәніндегі ақылдылық - адамға тәңірінің берген сыйы, тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық», «өлең сөздің патшасы, сөз сарасы, қиыннан қиыстырар ер данасы», «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, теп-тегіс жұмыр келсін айналасы» (Абай, 2005: 72) - деп қазақ поэзиясын көрінгеннің қолына бермей, көркемдіктің биік шыңына көтеруге ат салысу, тек қана табиғи дарынның ғана қолынан келетінін айтқан еді.

Әл-Фараби ақындарды үш топқа бөліп қарайды. *Бірінші топқа* суырып салма ағып тұрған табиғи дарындарды жатқызады, бұлардың көңілі түскен тақырыпты теңеу, метафоралармен әсем мүсіндеп бере алатын қасиетіне тоқталады. Ғұламаның бірінші топқа берген бағасы біздің қазақ халқының айтыс ақындарына келетін сияқты; *екінші топқа* өлең түрлеріне, қағидаларына жетік, поэтикалық құралдардың қисынын кемел келтіретін ойшыл ақындарды қосады. Бұл топта ендігі жазбаша ақындар поэтикасының мінезі бар екендігі хақ; *үшінші топқа* еліктеушілерді тізеді. Алдыңғы екі топтағы қасиеттің еш бірі бұлардың поэзиясынан ұшыраспайды. Не табиғи таланты, не ізденімпаздығы, ойшылдығы жоқ дейді.

Арадағы өткен он ғасырға қарамастан Әл-Фарабидің поэтика жөніндегі еңбегі бүгінгі поэзияға қойылып отырған талап, тілектермен терең үндесіп жатыр. Кезінде поэзияға дана Абай да жоғары талап қойған. Ол:

«Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы
Қиыннан қиыстырар ер данасы» (Абай, 2005:72) - деп ескертіп, ары қарай жоғарыда Әл-Фараби көрсеткен не табиғатында таланты жоқ, талабы мен іздемпаздығы да жоқтарға қаратып:

«Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.
Ақындары ақылсыз, надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап»(Абай, 2005:72-73) - деп сынап алғанымен, болашақтан үміт үзбейді, ақындардың сөздері ұстанымды, келісті болғанын армандап:

«Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы?»(Абай, 2005:73)-дейді.

Бұл тұрғыдағы М. Әуезов ойы да осы екі ғұламаның пікірлерімен сабақтасып жатыр. Алайда ол оны ғылыммен, таныммен байланыстыра қарайды. Ол «ғылымдар тарауының түйіскен жері философия» деп есептеп, оны терең ойдың ғылымы, адамның ақыл аймағын кеңейтетін, ақиқатқа жетуге жол көрсететін, адам санасы мен танымын дамытатын ғылым деп түсіндіреді(Әуезов,1984:11). Ғылымның дамуын адамзаттың даму жолдарымен диалектикалық байланыста алып қарап, адамның тілек-талабынсыз, бағдар-мақсатынсыз, тер төгіп еңбек етпейінше ғылым жолында өрге басу мүмкін емес» (Әуезов,1984:12) - дейді. Сөйтіп, бұл айтылғандардан арада он ғасырдан астам уақыт өтсе де даналардың пікірінің үндестігін, Әл-Фараби – Абай – М.Әуезов ойлары мен танымдарындағы тарихи сабақтастықтарды көреміз.

Әл-Фарабидің пікірінше, ғылым мен философия адамы болу үшін қойылатын ең басты талап – ол адамның жан тазалығы, ар тазалығы, бүкіл адамға, өз халқына деген таза махаббаты, ғылым мен білімге деген қалтқысыз құштарлығы мен берілгендігі. Бұл шарт орындалмаған күнде адам философия мен ғылымды үйрене де алмайды, үйрете де алмайды, бұл барып тұрған бақытсыздық, әурешілдік. Осы тұрғыдағы ойды Мұхтар Әуезов те айтқан.

Мұхтар Әуезов философияның өмір үшін аса қажеттілігін дәлелдей келіп, оны «адамның ақылын тәрбиелейтін ғылым» деген тұжырым жасайды. Әрине, философия ғылым болған соң ол адамның ақылына тікелей қатысты, бірақ философия тек ғылым ғана емес, одан да биік нәрсе. Сондықтан Мұхтардың «ол күнде философия бар ғылымның қазығы болып тұрды» (Әуезов,1984:14) - дегені шындық. Философия әлі де осы ғылымдардың қазығы қасиетінен айырылған жоқ. Осы мәнде, ол дінге қызмет етпей, керісінше, діни сананы менгеруде методологиялық қызмет атқарады. М.Әуезовтің философия мен діннің ара қатынасын ашуға талпынуы, әсіресе, дін ауқымының кеңдігін, оның ақылдан бұрын жүректі тәрбиелейтініне, мінезділікке үйрететініне оқырман назарын аударуы танымдық тұрғыдан да құнды. «Философия жайынан» мақаласында ол философияның мынандай бөліктері мен тарауларын қарастырады: гносеология, логика, психология, философия тарихы, метафизика, онтология, рационалдық теология, рационалдық космология, рационалдық психология деп бөледі. Әрі қарай философия тарихын: ескі және жаңа философияға бөліп, қазақ танымына ыңғайлап, өз мақаласын «философия адамшылық жолындағы қараңғы қалтарыста қолға ұстайтын шамшырақ» (Әуезов,1984:15) - деп аяқтайды.

Әл-Фараби: «Шын бақытқа жету үшін адам өзін үнемі жетілдіріп отыруы тиіс, тек ізденіс, білімнің арқасында ғана адамдар шын бақытқа ие бола алады» (Аль-Фараби,1987:8-9) десе, М. Әуезов: «ғылым жолында тартыспен түскен, бейнетпен келген табыс қана – шын мәніндегі қымбат табыс...», «халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе - білім» (Әуезов,1987:184,222) - дейді.

Әл-Фарабидің қоғамдық философиялық пайымдауларының ең құнды жақтары *парасат* жайындағы ілімінен туындайды. Оның пайымдауынша, жалпы алғанда қабілет барша жұртқа ортақ мүмкіндік, алайда оның дамуы, жетілуі қажет. Бұл адам тәрбиесі мен танымынан ажыраусыз дүние. Парасатты адамдарға білімпаздық, біліктілік, қайырымдылық, ізгілік, кішіпейілділік тән. Осындай адамдардың жаны өлмейді, осы пәни дүниеде істеген істері олардың атын мәңгілік етеді, ал надан адамдардың жаны өлімді келеді - деп түсіндіреді(Әл-Фараби,1973:334).

Қоғамдық-философиялық ой тарихымызға көз жүгіртсек осы түсінік ғасырларды бойлай өтіп бізге жеткен. Мысалы, Фараби ойын Абай: «Өлді деуге сия ма ойлаңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» (Абай, 2005: 161) - деп жалғаса, М. Әуезов: «Дүниеде болып өткен нелер ұлы жандар бар, олардың ішінде даналары да аз емес-ті. Көбінен қалған дарынды кітап, ұлы шығармалар саналы тірлігіңде үнемі есіңе түсіп, қатарыңда ілесіп жүргендей болады. Біз оларды керегіне қарай пайдаланамыз» (Әуезов,1962: 254) - деп жазады.

Тарихи процестегі әмбебап-адами идеялар мен құндылықтарға, маңыздылықтар мен мағыналылықтарға назар аударып, олардың өз заманына ғана емес, келер ұрпаққа да өзектілігі зор екенін атап көрсетіп отыратын әмбебап тұлғалар болады. Солардың қатарында түркі әлеміне ортақ ойшыл, көрнекті философ Әл-Фараби де бар. Ол ғылым мен білімдегі, адам мен әлемдегі ең терең байланыстарды, қасиеттерді, сипаттарды құндылық ретінде өрнектей білген. Сондықтан да біз Әл-Фарабиді энциклопедист-ғалым деп танимыз. Себебі, ғұламаның өзіндік рефлексиясы орта ғасырлық ерекше ділдің, қоғамдық болмыстың сипаттарын да қамтыған. Сонымен қоса, ол көптеген еңбектерінде болашақ қоғамдағы әлеуметтік проблемалардың туындауы жөніндегі пікірлерін де білдіреді. «Мемлекет қайраткерінің афоризмдері», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» деген трактаттарында Әл-Фараби өз заманында сирек кездесетін ойлар айтады, тіршілік пен ой-пікірдің тарихи негіздерін қайта құру тұрғысынан алғанда аса маңызды қағидалар ұсынады: мұнда адам қоғамының тегі туралы, мемлекеттік құрылыс туралы, қоғамдық тіршіліктің түрлі формалары, адамның этикалық және басқа жағымды, жағымсыз мінез-құлықтары, әділдік туралы баяндалады(Әл-Фараби,1973: 36) .

Бұндай мәселе кезінде Мұхтар Әуезовті де ойландырған. Ол бұл туралы: «Әділеттік жоқ жерде ұрлық, жала, зорлық көбейеді, көптің азға, күштінің әлсізге көз алартуы туады, бұлар ел ішіне жік салып жұртты қоздырады. Бұған басшылардың жуандық құмар, жем құмар мінездері қосылады, оларды қоршаған жағымпаздар пайда болады, осыдан барып екінші

партия (*жік*) шықпасына ешкім кепілдік бере алмайды»-дейді. Біз бүгінгі күні бұның куәсі болып отырмыз. М.Әуезовтің пайымдауынша, осы жікшілдікке қарсы қоятын үш түрлі құрал бар. *Біріншіден*, ел басындағы кісі әділ, оқыған, кез-келген істі тез бітіретін, жауапкершілігі зор адам болуы керек; *екіншіден*, кәсібі жоқ, жұмыссыз жүрген адамдарға жұмыс тауып беріп, оларды жалыныштылықтан құтқаруы керек; *үшіншіден*, жұмысшының еңбегі бағалы болсын, бұл оны еңбекке ынталандырады, жемісін көрсетеді. Бұл айтылған мәселе де біздің бүгінгі қоғамымызда бар және шешімін толық тапты деп айта алмаймыз.

Әл-Фараби жердегі адамдардың бәрі қосылып ұлы қоғамды құрайтынын айтады. Сонымен қатар олардың орташа қоғам, кіші қоғамға бөлінетіндігін, әр қайсысының өзіндік ерекшелігі бар екеніне тоқталады. Әсіресе, ғұлама адами құндылықтар әлемін өркениеттің өзіндік үлгісі болған (*шынайы, немесе, жалған*) қалалардан іздейді. Мәселен, ғұламаның мынандай тұжырымдары кездеседі: «Адамдар бірлестігі шынайы бақытқа жеткізетін істерде өзара көмектесу мақсатын қойған қала қайырымды қала болып табылады, ал адамдары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын қоғам қайырымды қоғам. Барлық қалалары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын халық - қайырымды халық. Егер халықтар бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын болса, бүкіл жер жүзі осылайша қайырымды болмақ» (Әл-Фараби,1973: 324).

Адам өмірін жәй ғана сүрмей, үнемі қайырымдылық жасауға, ізгілікке, жақсылыққа қарай ұмтылуы кажеттігін ескертеді ойшыл, сонымен қатар қоғамдағы ең негізгі рухани құндылықтарға «өзара көмектесуді» жатқызады. Әлеуметтік қатынастарға руханилық құбылысы араласқанда, нәр бергенде ғана шынайы құндылықтар қалыптасатынына меңзейді. Ал, енді осындай қоғамды, қаланы басқарушы адамның көпшілік алдында жауапкершілігі көп екендігін ескеріп, оған көптеген шарттар мен талаптар қояды. Сөйтіп, қайырымды қаланы қайырымды адамның басқарғанын қалайды. Бұны кезінде Абай «билемесе бір кемел» деп жалғастырғаны көпке мәлім.

Ондай сапалы өзгерістер алдымен азаматтардың дүниетанымында, зердесінде жүзеге асуы тиіс. Осыған орай ойшыл қоғамдық болмыс үшін тәрбиенің, ақыл-парасаттың маңыздылығын үнемі айтып отырады. Қоғамдағы рухани құндылықтармен ерекше идеялардың ішінен әл-Фарабидың атап көрсететін ерекше ұғымы – «қайырымдылық» феномені болып табылады. «Қайырымдылық екі түрлі болады, - дейді ғұлама: этикалық және интеллектуалдық». *Интеллектуалдық* - жанның ақыл-парасаттық жағына жататын қайырымдылық, мәселен, даналық, парасат ақыл-ойдың тапқырлығы мен өткірлігі, ұғымталдық. *Этикалық қайырымдылық* - жанның ұмтылу жағына жататын қайырымдылық, мәселен, ұстамдылық, батылдық, жомарттық, әділдік. Жаман қылықтар да осылайша бөлінеді» (Әл-Фараби,1976: 195-196). Бұл жерде этикалық қайырымдылықтардың нағыз рухани құндылықтар екенін атап өтуге болады. Сонымен қатар осы қасиеттердің тұрақтануы үшін көп рет қайталануы және соған үйренуі қажет екендігі айтылады. Жалпы Әл - Фарабидің негізгі әлеуметтік концепциясы гуманизм принципіне сүйенген (Сатыбекова, 1975: 127-138).

Бақыт ұғымы, бақыт идеясы Әл-Фараби философиясының өзегін құрап тұр. Бұл феноменнің адам үшін құндылығы аса зор екендігі үнемі ескертіліп отырылады. Бақыт мәселесін жан-жақты қарастырған ойшыл мынандай тұжырымдарды келтіреді: «Бақыт бұл өзі үшін ғана ізделетін қайыр, жақсылық. Бақытқа жетуге көмектесетін ерікті әрекет — бұл әдемі әрекет. Оларды тудыратын адамгершілік пен әдеттер — бұл қайырымды нәрселер» (Әл-Фараби,1976:289). Сөйтіп, гуманизм мәселесі негізінен адам болмысының түптамырын құрайтын - қайырымдылық, әділеттілік, бақытқа ұмтылу, ақыл-парасаттылық құбылыстарымен байланыстырыла отырып қарастырылады. Бұл ортағасырлық Шығыс философиясы үшін үлкен теориялық жетістік болатын. Әсіресе, «бақытқа жетудің жолы философиямен айналысу» деген тұжырымы бұл азаматтарды білімге, оқуға, ағартуға шақыруының белгісі (Әл-Фараби,1976: 35). Әл-Фарабидің бұл ойын Абай да, Алаш зиялылары да, М.Әуезов те айтып кетті. Өйткені, олар болашақта төр оқығандардікі екенін түсінді.

Ақыл-парасатқа жүгіну, оның қоғамдағы конструктивті ролін айқындау және әлемге оны паш ету Әл-Фарабиден кейін қазақ даласында (*кеңірек алғанда түркі елдерінде*) кең қанат

жая бастады. Мәселен, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігінде» адамға қажетті құндылықтар қоғамның ішінен, адамның болмысынан табуға болатындығы суреттеледі. Жүсіп Баласағұнның құндылықтар жүйесінде этикалық ұғымдар — Ақыл-ой, Әділдік, Бақыт және Теңдікке ерекше мән берілген. Адам мен қоғамның үйлесімділігін жоғарыда аталған игіліктер атқарады деген пікірді, идеяны білдіреді. Бұл ой-тұжырымдардан біз Жүсіп Баласағұнның этикалық концеппиясында Әл-Фарабимен көп ұқсастықтар бар екенін байқаймыз. Осындай ұқсастықты біз Абай шығармаларынан да көптеп табамыз.

Нағыз рухани мәдениет калыптасуы үшін, рухани құндылықтарды далалық өркениетке сай өрнектеу үшін осындай алғашқы жолбастаушылар қажет-ақ еді. Міне, сондықтан өмір қажеттілігі мен мұқтаждығын игеру үшін, олқылығының орнын толтыру үшін, ұрпақтар сабақтастығын биік деңгейде жалғастыру үшін тарихи процесте осындай ғұламалар көрініс беретін сияқты. Әрине, Әл-Фараби ислам дінінің этикасын жоққа шығармайды, керісінше, ділдік тазалық, адамдарға деген қайырымдылық, әрбір істегі парасаттылық қажеттігі туралы ойларымен адамдардың қарапайым тіршілігіне жақындата түседі. Моральдік абсолюттердің адамның бойына жинала қойылуы оңай емес екендігін, онын бір актілі процесс еместігін терең түсінген ойшыл өзінің жеке басының ісімен де қоршаған әлеуметтік ортаға үлгі болуға тырысады. Оның кейінгі ұрпақтарға қалдырып кеткен барлық жұмыстарынан, философиялық трактаттарынан өте ізгілікті жанның интенциясы, шабыты, шығармашылығы, ықыласы сезіледі. Бұл Әл- Фарабидің даналығының белгісі, әлемді, адамдарды, табиғатты сүйгендігінің көрінісі. Бұл ғұламаның келесі ұрпақты руханилыққа шақырған, рухани құндылықтарды бағалауға итермелеген әрекеті деп түсінеміз.

Әл-Фарабидің адамның зердесіне көңіл бөлу жөніндегі ойы - тұлғаның бойынан шығармашылықтың қайнар көзін, субстанциясын, белсенділіктің түптамырын іздеуі болып табылады. Ал, өмір болса шексіз таным процесі іспетті және осы тынымсыз үрдісте адам жетілуге тиісті. Осы ауқымы кең процестен шеттеп қалған адам үнемі қайшылықтар мен қиындықтарға тап болады, өмірдегі шынайы құндылықтар жүйесінен алыстай түседі. Сөйтіп, потенциалды зерденің нақты, әрекетшіл зердеге айналуы жеке бастың ерекше белсенділігіне телінеді. Бұл жердегі жауапкершілік әркімнің өзінде. Ал, оны үйлесімді жүйеге түсіру процесінде философияның ерекше құдыреті бар деген ойға жетелейді.

Ойшыл, барлық тұлғалық дамуды білімнің көкжиегін кеңейтуден бастау керек екендігін жақсы түсінеді. Міне, сондықтан осы іске өзі де белсене араласып ғылымның әр түрлі саласы туралы еңбектер жазады, ешқандай халықтың өкілдерін, мәдениеттерді бөле жармай, жалпы адамзатқа өз шығармашылығының нәтижелерін ұсынады. Міне, сондықтан да болар Әл-Фараби ілімінің жалпы рухани мұра, қазына ретіндегі құндылығы барлық мәдениеттерге ортақ игілік, ешкімді бөле жармай әмбебап үйлесімділікті іздеуі - қазіргі кезең үшін де маңызды. Бұның барлығы қазіргі ұрпаққа да үйренуге тиісті парасатты өнеге, тағылымды тәлім.

